

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

ӘОЖ 615.1:005.8(574)

Қол жазба құқығында

**ТУЛЕМИСОВ САКЕН КУТИМХАНОВИЧ**

**Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың  
негізгі аспектілері**

6D074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:  
фарм.ғ.д. Датхаев У.М.,  
фарм.ғ.д., профессор Махатов Б.Қ.  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
фарм.ғ.д., профессор Гладух Е.В.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2016

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>4</b>
	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>5</b>
	<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1</b>	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫН ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>12</b>
1.1	Ұйымдастыру туралы түсінік және оны дамыту мәселелері .....	12
1.2	Адам – ұйымдастыруды дамыту факторы ретінде .....	25
1.3	Қазақстандағы жобаларды басқаруды талдау .....	30
<b>2</b>	<b>ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ – ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ.....</b>	<b>36</b>
2.1	Стратегия – портфель жүйесін құрайтын компоненттерді талдау, даму бағдарламасы мен жобасы. ....	36
2.2	Даму жобаларын басқарудың өмір сүру циклы.....	41
2.3	Фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларының инициациясы мен приоритезациясы .....	46
<b>3</b>	<b>ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫН ДАМУЫ ЖОБАЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ .....</b>	<b>48</b>
3.1	Фармацевтикалық кәсіпорын дамуы жобаларына қойылатын талаптар .....	48
3.2	Фармацевтикалық жобалардың техникo – экономикалық негіздемесі.....	59
<b>4</b>	<b>ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІНЕ ЖОБАЛЫҚ МЕТОДОЛОГИЯ МОДИФИКАЦИЯСЫН ЕНГІЗУ.....</b>	<b>65</b>
4.1	Фармацевтикалық кәсіпорын дамуының тиімді бағыттарын пішіндеудің сатылары.....	65
4.2	«Жобалар портфелін басқару» құралын (инструментариін) жасау, жоба нәтижелілігін бағалау.....	72
4.3	Фармацевтикалық кәсіпорындарға басқару жобаларының жобалау құрылымын енгізудің тиімділігін негіздеу.....	77
4.4	Фармацевтикалық профильді кәсіпорындарда жобаларды басқару сапасын қамтамасыз ететін механизмді жасау.....	82
<b>5</b>	<b>ДАЙЫН ДӘРІЛІК ҚҰРАЛДАР ӨНДІРІСІ БОЙЫНША ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ ЖОБАСЫН ЖАСАУ.....</b>	<b>89</b>
5.1	Концептуалды жобаның бас жоспарын жасау.....	90
5.2	Концептуалды жобаның технологиялық шешімдері.....	91
5.2.1	Өндіріс технологиясы туралы шешімдердің сипаттамасы мен негізделуі.....	93

5.2.2	Өнімді дайындау күрделілігі туралы деректер, технологиялық процестер механизациясы мен автоматизациясы.....	106
5.2.3	Қолданылатын құралдар құрамы мен негіздемесі.....	106
5.2.4	Қалдығы аз және қалдықсыз технологиялық процестерді, пайдаланылған материалдарды қайталап қолдану бойынша шешімдер.....	107
5.2.5	Жұмыс орындарының саны мен жабдықталуы.....	107
5.2.6	Өнім сапасын бақылау бойынша ұсыныстар.....	107
5.2.7	Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, орналастыру шешімдері...	110
5.2.8	Энергияны үнемдеу бойынша шаралар.....	111
5.2.9	Қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды тастауды қысқарту бойынша техникалық шешімдер .....	111
5.2.10	Апатты жағдай пайда болуы мүмкіндігін бағалау мен олардың алдын – алу бойынша шешімдер .....	112
5.2.11	Технологиялық қажеттіліктер үшін ресурстар түрі .....	113
5.2.12	Еңбекті қорғау.....	114
5.3	Концептуалды жобаның сәулетті – құрылыс шешімдері.....	120
5.4	Инженерлі құралдар, желілер мен жүйелер.....	125
5.4.1	Сумен қамтамасыз ету мен канализация бойынша шешімдер...	125
5.4.2	Вентиляция, жылыту мен ауаны кондиционерлеу.....	128
5.4.3	Электрожабдықтау мен электрожарықтандыру.....	138
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>141</b>
	<b>ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>142</b>
	<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>153</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Қазақстан Республикасы Президентінің Үкімі 1 тамыз 2014 жыл ҚР СТ 1617-2006	– Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға индустриалды – инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасы
РНТП -01-94 ҚР ПМ	– Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. Дәрілік құралдар өндірісі. Тиісті өндірістік тәжірибе. Негізгі ережелері.
ПУЭ - 2003	– Жарылу мен өрт қауіптілігі бойынша бөлмелер, ғимараттар мен құрылымдардың санатын анықтау
СНиП 2.04-05-2002	– Электроқондырғыларды орнату ережелері – 2003 жыл
СНиП 2.09.02- 85	– Табиғи және жасанды жарықтандыру
СНиП 2.11.01-85	– Өндірістік ғимараттар
СНиП ҚР 3.02-04-2002	– Қойма ғимараттары
СНиП ҚР 4.01-41-2006	– Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар
СНиП ҚР 4.02-42-2006	– Ғимараттың ішкі су құбыры мен канализациясы
СНиП ҚР 1.02-01-2001	– Жылыту, вентиляция мен кондиционерлеу
СНиП ҚР 4.02-42-2006	– Кәсіпорын, ғимарат пен құрылым құрылысына жобалық – сметалық құжаттарды жасау, келісу, бекіту мен құрамының тәртібі туралы нұсқаулықтар
СНиП ҚР 2.02-05-2009	– «Жылыту, вентиляция және кондиционерлеу»
СН ҚР 2.04-21-2004	– «Ғимарат пен құрылымның өрт қауіпсіздігі»
СНиП ҚР 2.04-01-2010	– «Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы мен жылу қорғанысы»
СНиП 2.11.01-85	– «Құрылыс климатологиясы»
СНиП ҚР 3.02-04-2002	– «Қойма ғимараттары»
ISO 14644-1:2009	– «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар»
ISO 14644-4:2012	– Таза бөлмелер мен соған байланысты бақыланатын орта. 1 Бөлім. Ауа тазалығының жіктелуі
	– Таза бөлмелер мен соған байланысты бақыланатын орта. 4 Бөлім. Жобалау, құрылысы мен пайдалануы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

GMP	– Тиісті өндірістік тәжірибе (англ. GMP – Good Manufacturing Practice,)
ТМД	– Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
АҚШ	– Америка құрама Штаттары
ҚРЖМК	– ҚР жобалық менеджерлер кеңесі
МБ	– Медициналық бұйымдар
TQM	– Кәсіпорында сапаны кешенді бақылау
ЮНИДО	– Өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен ұлттар ұйымы (англ. UNIDO - United Nations Industrial Development Organization)
ТЭН	– Техничко-экономикалық негіздеме
ҚДҚ	– Қосымша дәрімен қамтамасыз ету
ДЗ	– Дәрілік құралдар
ШРК	– Шекаралы – рұқсат етілген концентрациялар
ӘҚБД	– Әсер етудің қауіпсіз бағдарланған деңгейі
ЕК	– Еуропалық кеңес
FDA	– Дәрілік препараттар мен тағам өнімдерінің сапасын бақылау бойынша басқарма (англ. FDA – Food and Drug Administration, US FDA)
АС	– Орындалған жұмыстың деректі құны
ФК	– Фармацевтикалық кәсіпорын
СМЖ	– Сапа менеджмен жүйесі
OBS	– Жобаның ұйымдастыру құрылымы
WBS	– Жұмыс декомпозиция құрылымы СДР (англ. WBS – Work Breakdown Structure)
ЖБС	– Жобаны басқару стандарты
ЖОС	– Жұмыс орын стандарты
ЖКБ	– Жобалық – конструкторлы бөлім
ФМ	– Функционалды маман
ОЗ	– Орталық зертхана
НБЖ	– Нысанға – бағдарланған жобалау
ДДЗ	– Дайын дәрілік құралдар
СББ	– Сапасын бақылау бөлімі
ИТЖ	– Инженерлі-техникалық жұмысшылар
ОЖС	– Оңай жанатын сұйықтықтар
ЖҚҚ	– Жеке қорғаныс құралдары
ІБҚ	– Ішкі бақылау қызметі
ЖВ	– Жылыту мен вентиляция
СҚК	– Сумен қамтамасыз ету мен канализация
ЭҚЕ	– Электрокондырғылар құрылымы ережелері
ҚӨҚ	– Қорғаныс өшіру қондырғысы

## КІРІСПЕ

**Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс Фармацевтикалық кәсіпорын дамуындағы жобаларды басқарудың негізгі аспектілерін қарастыруға арналған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі таңда Қазақстанның фармацевтикалық нарығы әлі де импорттың нарығы болып қалуда, сондықтан бұл саланы дамытудың негізгі мәселесі Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өнеркәсіптің өндірістік қуаттылығын арттыру болып саналады. Ішкі нарықтағы отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін және әлемнің басқа елдеріндегі нарықта болуын арттыру үшін сапаны қамтамасыз ететін жүйені енгізіп, өндірісті GMP ережелеріне сәйкес ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар GMP стандарттарын кеңінен енгізу мен мемлекеттік қолдау көрсету, отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және қорытындысында, Қазақстан халқын қауіпсіз, қол жетімді және сапалы дәрілік өнімдермен қамтамасыз етуі керек, себебі GMP ережелері соңғы өнімді тестілеу арқылы толығымен жойылмайтын, сапасыз дәрілік құралдарды өндіруді төмендетуге бағытталған, яғни, дәрілік құралдар сапасы өнімге «интеграцияланып», ал басқару жүйесі – кәсіпорынның жалпы сапа менеджменті жүйесіне интеграциялануы тиіс. Жобаларды басқару жүйесі бөлімшелердің өзара әсер ету процестерін оптимизациялауға, тәуекелділікті басқаруға көмектеседі, және де кезеңдер мен жұмыстың орындалу ретін бақылайды, жобаларды жасау мен жүзеге асыру процесіндегі қызметкерлердің ынтасын жүзеге асырады. Бұл қорытындылай келе, дәрілік құралдардың сапасы мен құнына ықпал етеді. Кәсіпорын ауқымында жобаларды басқару технологиясы – кәсіпорынды барлық бөлімшелерін қамтитын жүйелердің бірі. Жобаларды басқару теориясын жасап, оны жүзеге асыру, кәсіпорын өз қызметін кеңейтіп, қаржысын үнемдеуге ықпалын тигізеді. Жобаны жүйелі енгізу нәтижесінде кәсіпорын бюджеті қомақты бірнеше жобаны бірмезетте енгізуге мүмкіндік алады.

Жобаларды басқару – басқарудың тиімді және қарқынды дамыған әдіснамасы. Қазіргі таңда өз қызметінде бір немесе бірнеше жобаларды жүзеге асыратын шетелдік фармацевтика компаниялары жобаларды басқарушы ұйымдардың мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін жобаларды басқару әдіснамасын қолданады. Жобаларды басқару әдіснамасы, ұйым қызметінің стратегиялық маңызды бөлігі – басқарудың тиімділігін жоғарылатып, бәсекеге қабілетті артықшылықтарға ие болуға мүмкіндік береді. Аталған әдіснаманы қолдану отандық фармацевтикалық кәсіпорын басшыларына өндіріс тиімділігін арттыруға, шығынды, өткізу уақытын азайтып, жаңа дәрілік препараттардың инновациялық жобаларының басқа көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Даму стратегиясының, уақыттың және ресурстардың шектелген жағдайында орындайтын ұйым тәсілі ретінде жобалау әдістерінің сәйкес теориясын жасау, олардың жобаларды, даму бағдарламалары мен қоржынын

бастамалау мен жүзеге асыру процестеріне бейімдеу отандық фармацевтика саласындағы компанияларының дамуы бойынша міндетті шарттары болып саналады.

ҚР Үкіметімен Индустриалды-инновациялық дамыту бойынша 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асыру және «Тиісті өндірістік тәжірибе» (GMP) халықаралық сапа стандарттарын енгізу бойынша бірқатар шаралар қабылданды, атап айтар болсақ:

- дәрілік құралдарды мемлекеттік сатып алу кезінде отандық өндірушілерге басымдық беру;

- фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындарында Тиісті өндірістік тәжірибе (GMP) халықаралық сапа стандарттарын енгізу бойынша жұмыстар жүргізу;

- фармацевтикалық және медициналық өнімнің импортын алмастыру үшін шарттар жасау;

- бірыңғай дистрибьютор арқылы отандық өндірушілерден медициналық техниканы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру;

- лизинг шарттарында медициналық құралдарды сатып алу жүйесін ұйымдастыру;

- Кедендік Одақ елдер мүшелері өндірушілерінің GMP шарттарына сай жасалған дәрілік құралдарының тіркеу куәлігін өзара қабылдау бойынша нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру шараларын жүргізу.

Барлық қабылданған шешімдерге қарамастан Индустриалды-инновациялық бағдарламаның басты мақсаты, яғни тұрғындардың дәрілік препараттар деген сұранысы отандық өндірушілер есебінен қанағаттандыруға қол жеткізілмей келеді.

Біздің ойымызша, бұның себептерінің бірі, экономиканың сапалы жаңа жағдайға өзгеруі, компаниялардың бәсекелестігі, оның ішінде, күрделі және үнемі өзгерісте болатын нарыққа тез бейімделуі қажеттілігі, әртүрлі жаңа және күрделі технологиялардың қысымы. Қазіргі таңда кез келген компания қызметі, сыртқы және ішкі нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін, сақтайтын және арттыратын, тұрақты дамуы мен жетілуіне бағыттау қажеттілігі туындаған.

Жоғарыда аталған мәселелер фармацевтикалық кәсіпорындарда жобаларды басқару жүйесін енгізудің қажеттілігін шарттайды.

**Зерттеу мақсаты мен міндеттері.** Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өндірістің GxP талаптарына өту барысында фармацевтикалық өнеркәсіптің даму процестерін басқару теориясының негіздеріне, әдіснама қағидаттарына және жобаларының мазмұнына дәйектеме беру.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін келесідей міндеттер қойылды:

1. Фармацевтикалық кәсіпорынды дамыту жобасын басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу;

2. Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытуға арналған басқару жобасының ұйымдастырушылық құрылымын зерттеп жасау;

3. Қазақстандық фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту қызметіне жоба жасау әдіснамасын енгізу;

4. Дайын дәрілік құралдар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуалды жобасын жасау.

**Зерттеу нысаналарына** Оңтүстік Қазақстан облысының фармацевтикалық кәсіпорындары жатады. Зерттеу аясы ретінде фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту процесіндегі жобалық басқарудың теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік мәселелері қарастырылады.

**Зерттеу әдістері** ретінде фармацевтикалық өндірісті жобалау саласында қызмет ететін мамандармен сұхбат жүргізу, жүйелік, салыстырмалы, ретроспективті әдістері қолданылды.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:**

– фармацевтикалық өндірісті дамытудың мәселелері мен ерекшеліктерін кешенді жүйелі талдауды қолдану негізінде фармацевтикалық көпдеңгейлі құрылым, типология, әртүрлі нысанды бағыттылық және нәтижелерді басқару мен өлшеудің негізгі әдіснамалық жолдары анықталған;

– кәсіпорынды дамыту жобасының мәні мен бағдарламалары көрсетілген, олардың негізгі түрлері мен топтастыру, даму тиімділігіне бағытталған ұйымдастыру қағидаттары қаралған;

– дамытуды басқарудың тиімді механизмі ретінде жобаны басқарудың үлгілі шешімі мен корпоративтік дамытудың спецификасын қолдануға негізделген компанияларды дамыту жобасы мен бағдарламаларын басқарудың корпоративтік жүйесі ұсынылды;

– даму жобасын басқару жүйесінің элементтері – ұйымдастырушылық құрылым, жоба қатысушылары, құрылымдық өмір сүру циклы, құжаттардың айналымы, ақпараттық жүйе мен оларды ұйымдастырудың және компанияның дамуын жүзеге асырып, оның нәтижесін бағалауға мүмкіндік беретін алдын ала жасалған қағидаттар;

– Қазақстандық фармацевтикалық кәсіпорын дамуына әсер ететін инновациялардың енгізу мен қолданылуының негізгі амалдары мен әдістері негізделді;

– фармацевтика саласының кәсіпорындарында жиі кездесетін жағдайлар бойынша әртүрлі басқару жағдайлары жасалды;

– әртүрлі компанияларда енгізілген талдау нәтижелері негізінде дамуды басқару бойынша ұсыныстар жасалды. Жасалған ұсыныстар бойынша жобалық басқару, оқыту және басқалары бойынша инфрақұрылымын дамыту реттілігі жүзеге асырылды;

– онкопрепараттар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуалды жобасы жасалды.

**Тәжірибелік маңызы**

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік құндылығы, өзіндік зерттеулер негізінде жасалған «Научно-методическое обоснование инновационных



проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне» атты әдістемелік нұсқаулықтар кәсіпорындардағы жеке жағдайларға талдау жасауға, олардың ары қарай дамуын жобалауға, тиімділігін арттыруға және ауқымды даму кезіндегі тәуекелдерді алдын алуға мүмкіндік береді.

Жасалған «Дайын дәрілік құралдар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыты» тұжырымдамалық жобасы экспортқа бағытталған тауарларды жасауға негізделген өндірісті жасау бойынша Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындарының өндіріс қуаттылығын арттыруға қолайлы жағдай жасайды.

### **Зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу**

Диссертациялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Ғылыми кеңесімен («26» маусым 2015 жылғы №10 хаттама) бекітілген «Научно-методическое обоснование инновационных проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне» атты әдістемелік нұсқаулары әзірленді (Қосымша А).

«Научно-методическое обоснование инновационных проектов фармацевтических предприятий на региональном уровне» атты әдістемелік нұсқауларға 2 авторлық куәлік берілген (Қосымша Ә):

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2016 жылғы 24 мамырдағы №0961 авторлық куәлігі;

2. Украина Мемлекеттік зияткерлік меншік қызметінің 2016 жылғы 11 қаңтарындағы №64932 авторлық құқығы.

Әдістемелік нұсқаулардың нәтижелері Ұлттық фармацевтика университетінің (Украина) фармацияны ұйымдастыру және экономикасы кафедрасының оқу үдерісіне (1 сәуір 2015 жылғы акт), «Зерде Фито» ЖШС, ҚР, Шымент қ. (1.09.2015 жылғы акт), «Ак ниет» ЖШС, ҚР, Шымент қ. (1.09.2015 жылғы акт), «АРХИпелаг» ЖШС, ҚР, Алматы қ. (01.09.2014 жылғы акт), «Экофарм» ЖШС, ҚР, Шымент қ. (1.09.2015 жылғы акт) тәжірибелік қызметіне енгізілді (Қосымша Б).

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері «Зерде-фито» ЖШС, «Экофарм» ЖШС, «Келун-Казфарм» ЖШС, ҚР ДСӘДМ «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» ШЖҚ РМК ҚР ДСӘДМ «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы» ШЖҚ РМК енгізілді (Қосымша В).

### **Қорғауға ұсынылған негізгі мәліметтер**

– фармацевтикалық кәсіпорындардағы жобалау менеджментінің жағдайын зерттеу нәтижелері;

– даму жобасының өмірлік циклы мен фармацевтикалық ұйымдардағы өткізілу ерекшеліктері;

– фармацевтикалық компанияларды дамыту жағдайындағы жобаларды басқару жүйесінің негіздемесі мен бейімделуі;

– фармацевтикалық кәсіпорындарды дамытудың тиімді бағыттарын модельдеудің алгоритмі;

– Аймақтық нарықтағы фармацевтикалық кәсіпорындардың инновациялық жобаларын ғылыми-әдістемелік негіздеу;

– «Дайын дәрілік құралдар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыты» тұжырымдамалық жобасының алгоритмі.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі** атқарылған жұмыстардың қазіргі уақыттағы көкейкесті мәселелерді шешуге бағытталып, отандық және әлемдік алдыңғы қатарлы зерттеу орындарында орындалғандығымен расталады.

#### **Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері**

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша орындалған зерттеудің негізгі нәтижелері: «Биология, медицина мен фармацияның перспективті дамуы» халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясында (10-11 желтоқсан 2013 жыл, Шымкент қаласы, ҚР), «Ғылым - заманауи ақпараттық қоғамда» III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (10-11 сәуір 2014 ж., Норт-Чарлстон қаласы, АҚШ), «Ресей мен әлемдегі экономика, ұйымдастыру мен басқару мәселелері» V Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияда (23 сәуір 2014 ж., Прага, Чехия Республикасы), «Қазақстан – 2050 Стратегиясы» халықаралық деңгейдегі университетке: халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция аясында «Заманауи кезеңде фармацевтикалық ғылым, білім мен тәжірибенің интеграциясы» (2-4 желтоқсан 2014 ж., Алматы қаласы, ҚР), «Биология, медицина мен фармацияның перспективті дамуы» II халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми – тәжірибелік конференциясында (9-10 желтоқсан 2014ж., Шымкент қаласы, ҚР), «Сучасні досягнення фармацевтичної технології» халықаралық қатысуымен халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияда (16-17 қазан 2014 ж., Харьков қаласы, Украина), «Ғылымдағы инновация» XXXVIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Новосибирск, Ресей), «техникалық ғылымдар – теориядан тәжірибеге» XL халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Новосибирск, Ресей) баяндалды.

#### **Жарияланымдар**

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 19 мақала мен тезис түрінде ғылыми баспаларда жарияланды. Оның ішінде:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда – 4;

– Thomson Reuters (импакт фактор 0,165) және Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 3;

– отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 7;

– халықаралық шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 5;

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 1 әдістемелік нұсқау әзірленіп, 2 ұжымдық монография жарық көрді.

Автордың Scopus мәліметтер базасы бойынша h индексі – 2.

Диссертациялық жұмыс ҚР 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында жасалған ұзақ мерзімді


«Қазақстан-2050» Стратегиясының басымдығына, ҚР 2020 жылға дейінгі «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» Стратегиялық даму жоспарының маңызды бағыттарын жүзеге асыруға, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру Концепциясына, сондай-ақ шетелдік инвесторлар Кеңесінің ҚР Президентімен өткен XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасына және ҚР Президентінің 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының даму шеңберінде орындалған.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспе, 1 бөлім (әдеби шолу), тәжірибелік нәтижелерді талқылау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертация материалдары компьютерлік терімнің 152 бетінен құралған, 25 кесте, 14 суретті қамтиды, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі 186 атаудан тұрады.

# 1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАР ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ


## 1.1 Ұйымдастыру туралы түсінік және оның даму мәселелері

Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсібі динамикалық дамып келе жатқан салалардың бірі болып саналады. Соңғы жиырма жылдың ішінде Қазақстанда негізгі фармацевтикалық өнімінің өндірісі оң динамика көрсетіп келеді. Атап айтар болсақ, ол көрсеткіш 18 жылда 42 есеге артқан. 2015 жылы Қазақстандық фармацевтикалық кәсіпорындармен 31,8 миллиард теңгеге 11 403 тонна дәрі және 297,7 тонна басқа фармацевтикалық препараттар өндірілген. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 16%-ға аз (Сурет 1).



Сурет 1 – 1997 – 2016 жылдарда Қазақстандағы негізгі фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі (млрд. теңге).

Экспорт пен импортқа келетін болсақ, импорт көлемі экспорт көлеміне карағанда артық екендігін атап өту қажет (Сурет 2).



Сурет 2 – 2010-2016 жылдардағы негізгі фармацевтикалық өнім экспорты мен импорты (млн. АҚШ доллары)

Қазақстан Республикасында болып жатқан қайта жаңарулар қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы мәселені шешу үшін бірқатар шаралар кешені жүзеге асырылады. Шығарылатын өнім сапасын арттыру үшін шешуші күрес жүргізіліп, ескірген әкімшілік басқару әдістерінің орнына тиімді экономикалық әдістер, еңбек пен өндіруді ұйымдастырудың жаңа түрлері енгізіліп, толық шаруашылық есеп принциптеріне ауысу жүзеге асырылуда, сыртқы экономикалық байланыстардың қайта ұйымдастырылуы жүргізілуде. Сонымен бірге, ресурстардың барлық түрлерін толық пайдалану үшін, басқаруды тиімді ұйымдастырудың ашылмаған резервтерін жүзеге асырып, еңбекті ынталандырудың әдістерін жасау қажет [1, 2, 3].

Ұйымның дамуына сыртқы және ішкі орта факторлары әсер етеді. Ұйымның қызмет етуіне ықпал ететін заңдар бар. Сондықтан қызметті жүзеге асыру кезінде қазіргі әлемде, кез келген ұйым үшін қоршаған ортаны талдау, нақты және бәсекелестер туралы шынайы ақпараттың болуы, стратегияны таңдау мен мақсатты қою, басқару шешімін қабылдау мен жүзеге асыруды бақылауды жүзеге асыру қажет.

«Ұйымдастыру» термині кенінен қолданылады. Менеджментте бұл термин екі мағынада қолданылады. Кең мағынада ұйым, қоғам мен индивидтің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін индивидтер, топтар мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара әсер етудің иерархизирленген жүйесі мен қызметінің специализациясы, еңбекті бөлу негізінде қалыптасқан, әлеуметтік құрылым, коммуникация каналдары, ориентация, координация, басқару мен бақылаудың қызметтік – нысанды қоғамдығы ретінде қарастырылады. Тар мағынада ұйым – қойылған мақсаттарды тиімді орындау үшін, ұйымдастыру ресурстарының интеграциясы мен координациясы мақсатында адамдар, міндеттер мен қызмет түрлері арасындағы байланысты анықтау процесі [4, 5, 6].

Ұйымдастыру теориясының қалыптасуы мен дамуының бастамасы ретінде 1911 жылы Ф.У. Тейлордың «Ғылыми басқару принциптері» кітабының шығуын айтуға болады. Ұйымдастыру аймағындағы қызығушылық, тауар мен қызмет өндірісі сферасындағы адамдарды басқарумен байланысты. Тиімді шешімдерді тәжірибелік ізденуі 19 ғасырда өнеркәсіптік революциясының дамуымен байланысты (Англияда, кейін Америкада). Бір мезетте ғылыми зерттеулер мен жалпылау жолдары қабылдана бастады.

Тейлор өз назарын еңбек процестерін зерттеуге жұмылдырды, сондықтан, оның жүйесі қатаң регламентация негізінде құрастырылды. Әрбір қимылы мен еңбекті қабылдау хронометрленіп, нормаланып, алдын ала сәйкес оқыту мен инструктаждан өткен жұмысшыларға беріліп отырылды. Нормаланған операцияларды орындалу міндеттілігіне қатаң бақылау жүргізілді. Тейлор жүйесін енгізу нәтижесінде еңбектің өнімділігі күрт артты. Сонымен қатар, фундаменталды қорытындылардың бірі жасалды: жоспарлау мен ұйымдастыру (немесе жұмыстар) бұрын жұмысшының өзі атқарған, кейін өзіндік бір қызмет ретінде қарастырып,

арнайы білімі мен техникасы бар, еңбекті тиімді ұйымдастыратын, басқарумен айналысатын адамға беруге болады. Тейлор, менеджменттің теориясы мен тәжірибесінің даму тарихында «еңбекті ғылыми ұйымдастырудың атасы» ретінде енді [7, 8].

Ф. және Л. Гилберттер микрохронометр ойлап тапты, кино түсірумен бірге еңбек процесін ұсақ қимылдар мен амалдарға дейін зерттеген.

Г. Гантт қазірге дейін кеңінен қолданылатын, кез келген процесті уақыт бойынша бақылау мен жоспарлаудың құралын жасады.

Генри Форд – алғашқы автомобиль компаниясының негізін қалаушы – өндірістік технологиялық ағымдарды ұйымдастырумен айналысты. Әлемде ол алғашқы конвейрді жасаушы ретінде әйгілі болды. Конвейрге тіркелген және ағынға қосылған жұмысшы орындарының специализациясы және еңбек процестері регламентациясының элементтерін пайдалану – осының бәрі, сапасы жоғары еңбек өнімділігінің жоғарғы көрсеткішін қамтамасыз ететін, өндірісті ұйымдастырудың ұстанымдық жаңа негізін қалады. Генри Фордты ұйымдастырудың генийі деп атаған.

Сол кезде ұйымдастыру негізі болатын, еңбекті регламентациялау идеясы әкімшілік басқармасы сферасында да ойландыратын жайт болды. 20 ғасырдың 20 жылдарының басында жалпы ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағдарланған, басқарудың классикалық мектебі пайда болады. Бұл мектептің тікелей өкілі – А. Файоль. Ол 14 басқару принципін қалыптастырды. Ол еңбекті нақты бөлу, қызметтерді, міндеттер мен тапсырмаларды үлестіру негізі болатын, басқарудың 14 принципін жасады. Осы негіз бойынша басқару құрылымы құрастырылып, директивтер мен нұсқаулықтар шығарылуы тиіс. Ұйымды басқару сферасындағы еңбекті бөлу бір мақсатқа бағынышты болды. Файольдің басты еңбегі, ол алғаш рет ұйымдастыру мен басқару сұрақтарын әмбебап сипаттағы өзіндік теорияға бөлу қажеттілігін айтты. 1920 жылдар мен 1950 жылдар аралығында Англия мен Америкада ірі фирмаларды ұйымдастыру сұрақтарымен Л. Урвик, Д.Д. Муни, А.К. Рейли, А.Г. Слоун, П. Друкер және басқалары сияқты фирма басқарушылары мен әкімшілік – мамандар айналысты [9, 10, 11].

Ұйымдастырудың регламентациялық жолының идеологиясын неміс философ-элеуметтанушысы М. Вебер жасады. Егер басқару аппаратындағы әрбір адам не істеу керектігін, қалай істеу керектігін нақты білсе, және оны нұсқаулық бойынша нақты орындаса, онда барлық аппарат жақсы жүргізілген сағаттың механизмі сияқты жұмыс істейді.

Ұйым туралы жалпыланған ақпарат 1 кестеде көрсетілген.

Қойылған мақсатқа жалғыз немесе бірнеше тәуелсіз жұмыс істейтін, адам жете алмайтындығының салдарынан ұйымдар пайда болып жұмыс істейді. Ұйым – мақсаты бір адамдар тобы. Қарапайым ұйымның – бір ғана мақсаты бар. Күрделі ұйымның – бірнеше мақсаты бар. Формальды ұйым – белгілі деңгейде, басқарушының бұйрығымен, ағымдағы заңға сәйкес тіркеледі. Формальды емес ұйым – спонтанды түрде пайда болады [12, 13].

Ұйым – қоғамдық мақсаттарға қол жеткізу үшін, қызметі саналы түрде координирленетін, адамдар тобы.

Кесте 1 – Өндіріс дамуының эволюциясы

<b>Өндірістік концепция</b>	<b>Кезең, автор</b>	<b>Концепцияның негізгі мазмұны</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>
Еңбек бөлімі	1776 ж., А. Смит	Өндіріс процесін бірнеше тапсырмаға бөлу және әртүрлі жұмысшыларға тапсырмаларды бекіту
Өзара алмасатын бөліктер	1790 ж., Е. Уитни	Өзара алмасуды қамтамасыз ету үшін элементтерді стандартизациялау
Парето-талдау	1900 ж., В. Парето	Элементтерді жіктеу әдісі: элементтердің барлығы бірдей маңызды емес
Ғылыми менеджмент	1911 ж., Ф.У. Тейлор	Жұмыс процесін бақылау, өлшеу, талдау және жақсарту; өнімді шығару максимизациясы тұрғысынан әрбір операцияны орындаудың ең жақсы әдісін анықтау
Өндірісті басқару жүйесі	1911 ж., А. Файоль	Кәсіпорынды басқару қызметін бөлу (техникалық, коммерциялық, қаржы, сақтандыру, есепті, әкімшілік) және басқару тапсырмалары (болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, координация, бақылау)
Ғылыми ұйым және ұжымдық еңбекті басқару	1911 ж., Г. Эмерсон	Ұйым тапсырмасын орындау мен тиімділігін ескере отырып, өндірісті басқарудың (түсінігі алғаш рет енгізілген) кешенді жолы
Өндірістік операция диаграммасы	1912 ж., Г. Гантт	Өндірістік жоспарлау негізі ретінде, диаграмманың өнеркәсіпте таралуы айтарлықтай
Конвейер, ағымды жинақтау	1913 ж., Г. Форд	«Т» үлгісіндегі автомобильді жинақтау кезінде алғаш рет қолданылған
Қорды басқару үлгілері	1913-1925 жж. Ф. Харрис, Р. Уилсон	Өндірістік қорларды басқаруда шешім қабылдау үшін қолданылатын математикалық үлгілер
Статистикалық бағалар мен бақылау	1935-1940 ж.	Өндірістік процестерді бақылау үшін қолданылады
Операцияны зерттеу	1940 ж.	Басқарудағы шешім қабылдауды оптимизациялау үшін методологиялық және әдістемелік құралдар
Торлы жоспарлау	50- жылдар, М. Уолкер, Д. Келли, Д.Малькодъм	Жаңа техниканы зерттеу мен жасауды жоспарлау мен басқару

## 1-кестенің жалғасы

Сандық – электронды есептеуші машиналардың пайда болуы	1951 ж., С. Юнивак	ДЭЕМ фирмаларда өндірістік процесті жоспарлау, бақылау және т.б. үшін қолдана бастады. Компьютерлер операциялық менеджменттің интегралды бөлігіне жатады.
«Total Quality Management»	1950-1970 ж. Е. Деминг, Дж. және т.б.	Сапаны басқару философиясын алғаш рет жапондық автомобиль құрастырушы қолданды
CAD/CAM-технологиялары мен жүйелері	1960— 1970 ж.	Жобалау мен өндіруді (АСУ сияқты) қолдаудың компьютерлік жүйесін пайдалану
Ыңғайлы өндірістік жүйелер, деректерді компьютерлік бақылау	1970— 1980 жж.	Тез қалпына келетін технологиялық автоматтандырылған құрылғыларды пайдалану. Өндірісті компьютермен қолдау
Компьютерлік интегралданған өндіріс; роботталған кешендер	1980-1995 жж.	Сапаны тотальды басқару мен өндіруде, жобалауда ыңғайлы өндірістік жүйелерді, компьютерлерді, ақпаратты технологияларды интеграцияланып пайдалану. Роботты техника.

Ұйымға қойылатын талаптар:

- 1) Өзін топтың бір бөлігі деп санайтын, екі адамның болуы;
- 2) Топтың барлық мүшелері қабылдайтын, бір мақсаттың болуы;
- 3) Топтың барлық мүшелері саналы түрде және әдейілеп мақсатқа жету үшін жұмыс істейді.

4) Ұйым – экономикадағы біріншілік шаруашылық звеносы. Ұйым – перспективті дамудың мақсатын бекіту немесе қол жеткізу, қамтамасыз ету, кәсіпорынның өндірістік процестерін рационалды құрылымының қызмет етуі мен құрылудың нормалары мен ережелерінің жиынтығы. Ұйым деңгейлері:

1. Әлемдік жүйе.
2. Халық шаруашылық.
3. Халық шаруашылығының саласы.
4. Кәсіпорын бірлестігі.
5. Кәсіпорындар
6. Бөлімшелері.
7. Жұмыс орны.

Ұйым субъектілері – өзінің лауазымды міндеттеріне сәйкес, қызметін жүзеге асыратын, кәсіпорынның қызметкерлері. Кәсіпорынның ұйымдық құрылымы жұмыс орындары, лауазымдар, қызметтер, басқару мүшелері, кәсіпорынның стратегиялық мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін олардың өзара байланысын сипаттайды [14, 15].



Ұйым дегеніміз өзара байланысқан мақсаттары бар нақты шекаралы саналы түрде координацияланатын әлеуметтік түзіліс. Кез-келген ұйым ашық жүйе, өйткені, ортаның ықпалымен өзара әсер етеді.

Кез-келген ұйымда үш кілтті процестер түзіледі:

- Сыртқы ортадан ресурстарды алу;
- Өнімнің өндірісі;
- Оны сыртқы ортаға беру.

Ұйым адам қозғалысын координациялайтын жүйе ретінде мақсатқа қол жеткізу процесін қамтамасыз етеді.

Нысан қатысушыларының қызметі құрылым аясында жүзеге асырылып, арасында орнаған байланыстың тиімділігіне тәуелді. Мақсатқа қол жеткізу бойынша өз қызметтерін тиімді атқару үшін, билікті, көшбасшылықты, кикілжіңдерді басқару, ұйым мәдениетін стимулдайтын мотивация қолданылады.

Қойылған мақсатқа, түрі мен соңғы нәтижесіне қарамастан барлық ұйымдар сипаттамаға ие [16, 17]:

1) ресурстар – негізгі ресурстарды нысандар пайдаланады, бұл адамдар, капитал, материалдар, технологиялар, ақпарат.

2) сыртқы ортаға тәуелділігі – сыртқы ортамен өзара байланыста болатын, нысанның елеулі сипаттамаларының бірі.

Бірде бір нысан жабық жүйе бола алмайды. Өз ресурстары мен еңбегінің нәтижесін пайдаланатындар қатынасында нысан қоршаған ортаға тәуелді. Сыртқы орта барлық күштер мен өзінің оперативті немесе стратегиялық қызметтер: экономикалық шарттар, заңдылықтар, қоғамдағы құндылықтар жүйесі, бәсекелестер психологиясының деңгейі тоғысатын институттардан тұрады. Сыртқы орта ешқашан тұрақты болмайды, сондықтан өзгерістерге назар аудару тиіс.

3) Еңбекті горизонтальды бөлу – барлық жұмысты құрамдас бөліктерге бөлу еңбекті горизонтальды бөлу деп аталады және қызметтің дифференцирлеуіне бағытталған (маркетологтар, қаржы мамандары, өндіріс).

4) Еңбекті вертикальды бөлу – басқару иерархиясымен байланысты нысан жұмысы. Ол құрамдас бөліктерге бөлінген.

5) Бөлімшелер – нысанның кез-келген күрделі жүйесі бөлімшелерден құралған және нақты қойылған мақсаттарға қол жеткізеді. Ондай бөлімшелер бөлімдер немесе қызметтер деп аталады.

6) Басқару қажеттілігі – нысан мақсаттары байланысты, өкілеттілік пен жауапкершілік ағымын бағыттау үшін бағдар ретінде қарастырылады.

Нысан өзінің мақсатын жүзеге асыру үшін, нысан міндеттері иерархия, өкілеттілік пен жауапкершілікті вертикальды бөлу бойынша координирленген [18, 19, 20].

Нысанның толыққанды жұмыс істеуі үшін келесі әрекеттер қажетті:

- 1) Компания миссиясын жасау;
- 2) Мақсаты мен стратегиясын жасау;
- 3) Өндіріс пен басқару қызметтерін үлестіру;
- 4) Жұмысшылар арасында тапсырмаларды бөлу;

- 5) Байланыстар мен тәртіпті ұйымдастыру;
- 6) Өндіріс технологиясын алу немесе модернизациялау;
- 7) Сатуды жабдықтауды стимулдау жүйесін ретке келтіру;
- 8) Өндірісті ұйымдастыру;
- 9) Араластыру;
- 10) Оқыту;
- 11) Ақпараттандыру;
- 12) Өзгерістерге назар аудару.

Талап ететін тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, қызметтің кез-келген түрінің тәртібін анықтайтын жүйе немесе құрылғы ретінде, компания қызметі және оның қызмет ету құрылғысы, қабылданған басқару шешімдерінің жиынтығы арқылы жүйені (ұйымды) басқару әсер етуді меңзейді [21]. Соңғысы үш мағынасы бар, «ұйымдық басқару» терминімен сипатталады:

- басқару әдісі (компания қасиеттері мен процестеріне негізделген)
- Компания процестерін басқару (мысалы даму),
- Барлық корпоративті ұйымдастырушы жүйені басқару.

Компанияны басқару процестері, оның корпоративті ұйымдастырушы жүйесі, компания қызметінің негізгі мүмкін болатын өндірістік, коммерциялық, қамтамасыз етуші, ғылыми – зерттеу, әкімшілік – шаруашылық және басқа түрлерінен тұрады, қызмет түрлерінің барлығы даму нысандары болуы тиіс [22, 23].

Ұйымның ішкі және сыртқы ортасының өзара әсері бар. Ішкі орта: мақсаттан, миссиядан, қызметтен, стратегиядан, ұйымдастыру мәдениетінен, қызметкерлерден, өздігінен ұйымдастырудан тұрады. Іскерлік орта клиенттерден, жабдықтаушылардан, бәсекелестерден, тұтынушылардан, инфрақұрылымнан, сақтандыру компаниясынан, көлік компаниясынан тұрады. Макро айнала экологиялық жүйеден (реформа), әлеуметтік жүйеден (қоғам нормалары), ресурстар жүйесінен (адамзатты), технологиялық және саясатты жүйеден тұрады.

Сонымен қатар ұйым бұл – менеджменттің қызметі, міндеті кәсіпорын құрылымын қалыптастыру, қызмет ету тәртібін анықтау мен ұйым құрылымдарының өзара әсер етуі, және де, қалыпты жұмыс жасау үшін қажеттінің барлығымен жабдықтау – қызметкерлермен, құрылғылармен, ғимараттармен, ақшалай қаржымен және құжаттармен.

Ұйымдастыру – жауапкершілікті және өкілеттілікті үлестіру арқылы жалпы басқару міндетінің орындалуын бөлшектерге бөліп, делегирлеу, және де, жұмыс түрлерінің арасында өзара байланыс орнату дегеніміз [24, 25].

Кез-келген әлеуметтік ұйым – күрделі динамикалық жүйе және оған жалпы жүйе қасиеттері тән. Ұйымдастырушы жүйелер объективті қызмет ететін заңдар бойынша дамиды. Бұл заңдар танымды және қызмет процесінде тиімді қолданылуы тиіс. Күрделі жүйелердің жалпы даму мен қызмет ету заңдарын білу, қымбат тұратын сараптамасыз дұрыс шешімді болжап, қабылдауға мүмкіндік береді.

Дамудың дұрыс, мақсатты және басқарылатын мәселелері компания

қызметінде және заманауи ғылыми білімде орталық орынға ие.

Терминологиялық «даму» терминінің түсінігі карама-қайшы. Бір жағынан компания дамуы дегеніміз, тек оның өндірістік күштерін, активтері мен қызметкерлерін жетілдіру, екінші жағынан – табыс алу мақсатында жаға нарықтарды игеру, ал үшінші жағынан – нарық немесе сатылым үлесін арттыру түріндегі жалпы бизнестің дамуы. Методологиялық тұрғыдан даму қайтарымсыз, бағытталған, материалды және идеалды нысандардың заңды өзгерістері [26, 27], сонымен бірге бұл өзгерістердің қайтарымсыздығына ерекше назар аударылады, өйткені, қайтарымдылық қызмет ету процестерінде ғана болады (немесе тұрақты қызмет жиынтығының циклдік жаңғыруында болады). соңғы жағдайда, бағытталу жоқ болған жағдайда, өзгерістер жиналмай, процесс бүтіндігін жоғалтады. Компанияның дамуында ғылыми түрдегі өзгерістердің қайтарымсыздығы аса маңызды (learning), өйткені тізбекке бағыну (қызмет тиімділігінің критерилерін туындатады) тәжірибе жинақтау мен оң өзгерістерді нығайтуға мүмкіндік береді [28, 29].

Дамудың кешенді және жалпы анықтамасы ұйымның оң (позитивті) және сапалы өзгерісі деп түсіндіріледі, бірақ бұл жерде [30, 31, 32] бірнеше маңызды сұрақтар бар – позитивтілік дегенді қалай түсінеміз? Компанияның қай бөлігіне қолдануға болады? Және де ұйым өзгерісінің позитивтілігін бағалайтын субъект ретінде кім шығады?

Дамуға көптеген модельдер бойынша өзінің өмірлік циклында жоғарырақ сатыға ауысуына байланысты, ұйымның өздігінен дамуы немесе өздігінен қозғалуы жатады, яғни – ішкі өзіне тән карама-қайшылықтар, факторлар мен шарттар әсерінен нысанның өзгеруі. Сонымен бірге сыртқы әсер етулер модифицирленген немесе аралық роль атқарады [33]. Бұл компанияның әлеуметтік жүйе ретінде дамуының көрсеткішін, «жас мөлшерінің туындысы болатын ұйымдағы сапалы өзгерістердің табиғи процесі» немесе «ұйымның тіршілік циклы» ретінде түсініп, «ұйымдастырушы даму» түсінігімен сипаттауға болады [34, 35].

Сонымен бірге менеджменттің шет елдік мектептері компания дамуының даусыз принципіне жолдардың плюрализмі жатады деп санайды. Құралдарды жасау кезінде, әсер ету құрылғысын таңдау кезінде жағдайлық жолды анықтайтын, басқару нысанның көпше түрдегі сипаттамасы ескеріледі. Карама қарсысы, отандық ғылымда ұйымдастырушылық даму түсінігін жасау кезінде, «ұйымдастырушылық дамуы», «тиімділік», «тіршілік ету» түсініктері, мазмұнын түсіндірмеген түрінде, бұрында шешілген мәселе ретінде қолданылады. Ұйымдастыру теориясы бойынша оқулықтар да бұл қателіктерге бой алдырған [36, 37].

Осыған байланысты, ұйымдастыруды жасау, жетілдіру мен дамыту процестері эмпириялық сипатқа ие [38], ұйымдастыру теориясының өзі даму нысанына бағытталған теория мен методология ретінде әлсіз дамыған болып шықты. Компанияның табысы мен қателіктері, нақты теорияға емес, қызмет етуінің нақты тәжірибесіне көбірек міндетті. Сонымен бірге, компанияны жасау мен дамыту кезінде басқарушы – тәжірибешілердің қолданатын,

фрагментарлы, сипатталатын, көбінесе қалыптаспаған ережелері үлкен үлесін де айтпай кетуге болмайды. Жалпы пұшпақты теория мен тәжірибе арасындағы айырмашылық көзге көрінерлік [39, 40].

Менеджерлер үш затты орындау үшін ұйымдастырушылық қызметпен айналысады. Біріншісі, ұйымдастыру процесі жұмыс сапасы мен тиімділігін арттырады. Тек ұйымдастыру процесі барысында ғана синергияға қол жеткізетін шарттар жасалады. Басқа сөзбен айтқанда, бірлесе тиімді жұмыс істеген адамдар тобы, біреулеп жұмыс істегенге қарағанда көп нәрсеге қол жеткізеді.

Ұйымдастыру процесін қажет етудің екінші себебі, жауапкершілікті анықтау қажеттілігімен шартталады. Адамдардың кез-келген ынталары, өзінің спецификалық міндеттерін білген кезде тиімді болады. Одан басқа, барлық қызметкерлердің кімнің алдында есеп беретінін, оларға жұмысты кім тапсыратынын және кім орындалуын бақылайтынын білу маңызды. Және де әрбір қызметкердің ұйымдағы билік құрылымымен таныс болуы да маңызды. Биліктің әртүрлі органдарының өзара қатынасы, барлығына, ұйымдастырушы пирамиданың төменгі сатысындағы жұмысшыдан, жоғарыдағы басқарушыға дейін түсінікті болуы тиіс.

Ұйымдастыру процесінің қажеттілігін туындататын соңғы себебі - коммуникацияны жеңілдету. Формальды коммуникация ұйымдағы билік құрылымынан кейін жүреді. Сонымен, адам оның басқарушысы кім екендігін, қандай қызметкерлерді басқаратынын біледі, байланыстың формальды сызықтары екі бағытта анықталады. Бұл процесс барлығын қамтиды, сондықтан ұйым арқылы жоғарыдан төменге қарай және горизонтальды бағытта өтетін коммуникациялық сызық бар.

Ұйымдастыру заңдары шартты түрде екіге бөлінетіні баршаға мәлім – әмбебап (негізін қалаушы және фонды) және спецификалық. Олар жүзеге асырудың және компанияның өмір циклының кезеңіне байланысты бірнеше ерекшеліктеріне әсер етеді [41, 42].

Негізін қалаушы заңдарға өзін сақтау заңы жатады – ол әрбір материалды жүйе (ұйым, ұжым, отбасы) өзін сақтауға тырысады (өмір сүруге) және оған қол жеткізу үшін өз потенциалын пайдаланады (ресурс).

Синергия заңы мен даму заңы компания ресурстарының дамуына немесе тежелуіне ықпал етеді.

Фонды заңдарға ақпараттандыру - тәртіптендіру заңы жатады – анализ бен синтездің біріккен заңы, композиция мен пропорционалдылық заңы, әрбір материалды жүйе өз құрылымында берілген қатынаста (пропорцияда) немесе берілген бағыныштылықта қажетті ресурстарды (композицияны) алуға, жасауға немесе сақтауға ынталанады.

Өзін-өзі сақтау заңы. Әрбір ұйымдасқан динамикалық жүйе, ішкі және сыртқы құлдырататын әсерлерге, өз потенциалының едәуір бөлігін пайдалана отырып қарама-қарсы тұрады. Ұйымның тұрақтылығы үшін дұрыс ұйымдастырылған стратегия мен тактика қажет. Өзін-өзі сақтаудың төменгі деңгейінде жағдайды қайтадан ойластырып, бірқатар ұйымдастыру шараларын қолдану қажет. Олар нарықтағы фирманың стратегиясын, басқару

түрін, қызметкерлер санының өзгеруіне және кадр құрылымының өзгеруіне байланысты болуы мүмкін. Өзін-өзі сақтау потенциалына басқарманың қателіктері, сыртқы және ішкі форсмажорлы жағдайлар, қажетті жерде және қажетті уақытта маманның жоқ болуы, және де уақтылы сақтандырудың болмауы ықпал етеді. Өзін – өзі сақтау бұл жеке жағдай, және ұйымдастыру жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігінің құрылымдық бөлігі [43, 44, 45].

Ұйымның тұрақтылығы сыртқы және ішкі ортаға, ресурстардың болуына, олардың қызметінің сипаттамасына, басқару сапасына тәуелді. Тұрақтылық шарттарының бірі ретінде өзін-өзі сақтау негізінде ішкі факторларға негізделген, консерватизм мен даму – екі қарама-қайшы ұйымдастыру факторларының әсерімен шартталады. Ұйымның сақтау мен зақымдану факторлары бар, олардың сипаттамасы 2 кестеде берілген.

Кесте 2 – Сақтау (жасампаздық) мен зақымдану (кирату) факторлары

Сақтау (жасампаздық)	Зақымдану (кирату)	
	Сыртқы	Ішкі
1.Оптималды өлшем 2. Қызметкерлердің жоғары біліктілігі 3. материалды-технологиялық және қаржы нарықтарының болуы. 4. Жақсы технологиялық және ақпаратты жабдықтау 5.Сақтандырудың болуы 6. Білікті оперативті басқару.	1. Жеткіліксіз шамадан тыс өлшем 2.Қызметкерлердің төмен біліктілігі мен кадрлардың тұрақсыздығы. 3. Резервтің болмауы (кемшілігі). 4. Нашар жабдықталу 5. Сақтандырудың болмауы. 6.Әлсіз басқару	1. Бәсекелестіктің болуы. 2. Бәсекелестердің жоғары біліктілігі, кадр біліктілігі нарығының әлсіздігі 3.Жабдықталуының қиындықтары 4. НИОКР және жетілдірудің ішкі прогресінің болмауы 5. Сақтандырудың нашар шарттары. 6.Бюрократиялық салық қысымы.

Даму заңы. Даму – заңдылықты сапалы өзгеріс процесі. Дамудың екі түрі бар: эволюциялық және революциялық.

Эволюциялық даму дайындалатын сапалық өзгерістердің үздіксіз санды өзгерісінің процесі ретінде сипатталады.

Революциялық түрі бір сапалы жағдайдан екінші жағдайға, ескіден жаңаға ауысумен сипатталады.

Даму заңы әрбір ұйымның өз дамуында, өзінің дамуы мен динамикалық тепе – теңдігі негізінде, бүтін және өзінің құрамдас бөліктерінің оптималды жүзеге асуына ұмтылатынында [46, 47].

Даму заңы принциптер жиынтығы арқылы жүзеге асырылады:

1. Динамикалық тепе-теңдік принципі – ұйым қызмет етуінің міндетті шартты түрінде болады. ол талап етеді: а) жүйе элементтері, және де, бүтін мен құрамдас бөліктерінің арасындағы оптималды қатынас; б) тұрақтылық пен өзгергіштік, өздігінен ұйымдастырылу мен тәртіпсіздік арасындағы оптималды қатынас; в) жүйенің қоршаған ортамен оптималды қатынасы.

2. Басымдылықты даму принципі. Ұйымдастырылған жүйелер,

материалды ресурстарды маңыздылығы төменнен маңыздылығы жоғарыға және перспективтіге ауыстыру арқылы оптималды дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

3. Ауысу принципі. Бұл принципке сәйкес материалды жүйелердің дамуы олардың негізі элементтерінің ауысуы бойынша жүзеге асырылады.

4. Адаптация принципі. Әрбір жүйе – ұйым сыртқы және ішкі өрескел әсер етудің салдарын жоюға ұмтылады.

5. Стабилизациялау принципі. Тиімдірек өмір циклының тұрақтануына ұмтылады. Бұл принцип жоғарыда аталғандармен бірге жүзеге асырылады.

Синергия заңы. Синергия, синергизм - екі немесе бірнеше күштердің, агенттердің факторлардың кез-келген бір бағытта (максималды тиімділікке қол жеткізу) өзара байланысты, татуласқан әсері. Синергия заңы: кез-келген динамикалық жүйе өзінің бүтіндігінің арқасында максималды тиімділікке қол жеткізуге, мақсатқа жету үшін өзінің кооперирлеуінің мүмкіндіктерін максималды пайдалануға ұмтылады [48, 49].

Ақпараттандыру-реттеу заңы. Көптеген ақпараттар біздің жан жағымыздан өтіп кетуде. Компаниялардың ақпаратты қызметі олардың қызметіне қатысты ақпаратты толығымен бақылауға қабілетті емес. Ақпаратты берудің жаңа принципі де пайда болған «тек маңыздысы және өте қысқа». Заңның мағынасы, әрбір жүйе (әлеуметтік немесе биологиялық) тұрақты қызмет ету үшін ішкі және сыртқы орта туралы шынайы, құнды және қаныққан ақпаратты алуға тырысады (өздігінен сақтау).

Шешім қабылдаушы қызметкерге пайдалы және құрамында жаңалығы бар деректер ақпарат деп аталады. Ақпарат басқарудың ақпаратты ортасының маңызды элементі болып саналады, оны екі үлкен кластарға бөледі:

1. Объективті, кез-келген бір өнімге заттанған (тауар, қызмет ету немесе білім беру);

2. Субъективті, бейнеленген, адамдар ұйымдастырған (әсерлер, пікірлер, үкімдер, нұсқаулықтар және т.б.)

Қабылданатын шешімнің сипатына байланысты ақпарат келесі топтарға жіктеледі:

1) Пайдалану саласы бойынша: басқарылатын, техникалық, биологиялық;

2) Бағытының қызметі бойынша: жоспарланатын, ұйымдастырылатын, белсендірілетін, координацияланатын, бақыланатын, ақпаратты;

3) Әсер ету уақыты бойынша: стратегиялық, тактикалық, оперативті;

4) Өзірлеу және жүзеге асыру сипаты бойынша: салмақты, импульсты, инертті, тәуекелді, мұқиятты;

5) Белгісіздік деңгейі бойынша: төменгі, орташа, жоғары, өте жоғары;

6) Әсер ету масштабы бойынша: жеке, жалпы;

7) Әсер ету бағыты бойынша: ішкі, сыртқы.

Анализ бен синтез бірыңғайлығы заңы. Анализ бен синтез биологиялық және интеллектуалды дамудың элементтеріне жатады. Ғылыми тұрғыдан (математика мен физика) бөлу, ажырату мен сәйкестендіру анализ

процедурасының құрамына кіреді, ал сәйкестендіру, біріктіру мен бірігу синтез процедурасының құрамына кіреді.

Ұйымдастыру теориясында анализ термині – бүтінді бөлшектерге бөлу. Синтез – нысанның қарапайым құрамдас бөліктерін жаңартылған жиынтығының бір бүтінге біріктіру, қосу (ойша немесе шынайы), олардың қызметінің тиімді қызмет етуге немесе зерттеу ыңғайлығына сәйкестендіру. Анализ бен синтез кез-келген адамның ойлау қабілетін құрайды. Осы арқылы ол біздің планетамыздағы жануарлар әлемінің өкілдерінен ерекшеленеді. Компания қызметінің жетілуі процесіндегі анализ синтездің алдында болады.

Ұйым теориясындағы анализ екі негізгі процедурадан тұрады: бүтінді бөлшектерге бөлу және әрбір бөліктің қызмет етуін жақсарту. Синтез де екі процедурадан тұрады: бөлінген бөлшектердің сипаттамаларын сәйкестендіру және оларды бір бүтінге біріктіру. Процедуралар: ұйымның бөлінген бөлшектерінің сипаттамасын жақсарту мен осы сипаттамаларды сәйкестендіру басқару мен менеджмент теориясына жатады, ал бөлу мен біріктіру ұйымдастыру теориясына жатады. Анализ бен синтездің бірігу заңы ұйымның объективті заңдарына жатады.

Композиция мен пропорционалдылық (үйлесімділік) заңы. Адамның кез-келген әрекеті қандай да бір ресурстарды – компьютерді, автокөлікті, киімді пайдалануымен байланысты. Ресурстардың әрбір жиынтығы қандай да бір жұмысты табысты жүргізу үшін жеткілікті толық болуы тиіс. Сонымен, композиция мен пропорция – адам өмірінің табиғи процесі. Үйлесімділік – оң синергияға қол жеткізудің шарты. «Гармония» сөзі (грек тілінен «harmonia») ұйқастық, сымбаттылық. Ол табиғи және жасанды жолмен жасалады. Заңның формулировкасы: «Әрбір жүйе (биологиялық және әлеуметтік) өз құрылымында берілген салыстырмалылықта немесе берілген бағыныштылықта (пропорцияда) барлық қажетті ресурстарды жасап, сақтап қалуға ұмтылады» [50].

Ұйымның қызмет етуінде ақпараттану – реттеу заңының заманауи тенденциясының көрінісі. Менеджер қызметінің процесінде, және де кез-келген ұйымда, адам мен ұйымның ақпаратты байланыстарын көрсететін осы қызметті бейнелейтін құжаттар пайда болады. басқару жүйесінің ақпаратты қамтамасыз етуі дегеніміз, ұйымның әдістері мен қаражатымен шешім қабылдауға жеткілікті және қажетті ақпарат жиынтығы [51, 52].

Заманауи ақпаратты қамтамасыз ету басқару қызметкерлері мен басқару жүйесінің техникалық құралдарын, қамтамасыз етудің басқа түрлерін пайдалана отырып (ұйымдастырушы, техникалық, бағдарламалы, математикалық, лингвистикалық және т.б.) ақпаратты өңдеуге мүмкіндік беретін, шынайы деректермен қамтамасыз етуден тұрады. Ақпаратты қамтамасыз ету келесі негізгі міндеттерді шешуден тұрады:

1) Ақпараттың машинаға дейінгі және машинадан кейінгі фазаларын ұйымдастыру: алу, тіркеу, ақпаратты беру мен тұтынушыға өңделген нәтижені беру;

2) Деректер банкін ұйымдастыру: ақпарат массивтері жүйесін жасау мен енгізу, оны сақтау мен іздеу процесін ұйымдастыру;

3) Ақпаратты қамтамасыз ету тиімділігін зерттеу.

Кез-келген басқару процесі ақпаратты жинау мен өңдеуден, басқару шешімін қабылдау мен оның орындалуын бақылауды жүзеге асырудан құралады [53, 54].

Ақпаратқа қойылатын талаптар бар:

- 1) Шынайылық;
- 2) Уақтылық ;
- 3) Толықтық;
- 4) Оперативтілік (жылдамдылық);
- 5) Үнемділік;
- 6) Бір мағыналылық.

Басқару нысаны дегеніміз басқару субъектісінің билікті әрекеті бағытталған орны: дербес немесе заңды тұлғалар, әлеуметтік – экономикалық жүйелер, процестер, қоршаған ортаның бір бөлігі, ұйым қызметкерлері, кәсіпорын ұжымы, технологиялар, өнім сапасы, шаруашылық қызметі және т.б.

Басқару арқылы нысандардың қойылған мақсаттарға жауап беретін жағдайға келтіруін жүзеге асырады.

Сонымен, басқару дегеніміз нысанның оптималды қызмет етуін жасауға бағытталған қызмет [151, 152].

Заманауи фармацевтикалық кәсіпорындарды басқарудың негізгі принципі жүйенің бүтіндігі.

Жүйелі көзқарас, өзгермелі қоршаған орта шарттарында әртүрлі мақсаттарға қол жеткізуге бағдарланған, өзара байланысты элементтердің жиынтығынан құралған ұйымды, басқарушылардың жүйе ретінде қарастыруына негізделген.

Жүйелі көзқарас – бұл басқару философиясы, нарықта тіршілік ету әдісі, абстрактыдан нақтыға шығу әдісі [153, 154].

Жүйелі талдау – нысандарды жүйе ретінде зерттеудің методологиясы.

Жүйе дегеніміз – қызмет етудің жалпы заңдылықтарымен біріктірілген, өзара және қоршаған ортамен өзара әсер етуші элементтердің бірлігін құрайтын жиынтық екендігін айта кету қажет. Ережеге сай, жүйе екі құрамдас бөліктен тұрады:

– сыртқы айналым: кіру, жүйеден шығу, қоршаған ортамен байланыс, кері байланыс;

– ішкі құрылым: басқару субъектісінің нысанға әсер ету процесін қамтамасыз ететін, өзара байланысқан компоненттер жиынтығы; кіру мен шығуды қайта өңдеу және жүйе мақсатына қол жеткізу.

«Басқару реорганизациясы» біз ұсынған жоба жүйелі көзқарастың барлық параметрлерін ескере отырып жасаған (Кесте 6).

Кесте 6 – Басқарудың реорганизациясы

| Жоба                    | Мақсаты   | Әдістері мен құралдары   | Нәтижесі               |
|-------------------------|---|--|------------------------|
| Басқару реорганизациясы | – Жоба өнімі өндірісінің интенсификациясы<br>– Фармацевтикалық кәсіпорынның инжинирингтің қызметін қамтамасыз ету | – Бизнес-процестердің оптимизациясы<br>– Басқарудың матрицалық жүйесіне ауысу<br>– Басқару компетенциясын арттыру<br>– Бірыңғай ақпаратты кеңістікті жүзеге асыру<br>– Жобалық басқаруды енгізу<br>– ISO9000 сапа стандарттарын енгізу | – Балансталған матрица |

Жүйелі көзқарасты пайдалана отырып, оның қызығушылығынан тыс орналасқан жүйені терең талдауға уақыт жоғалтпай, менеджер нақты жүйені талдауға мүмкіндігі болады.

Фармацевтикалық кәсіпорын дамуының келесі біз ұсынған жоба «Фармацевтикалық кәсіпорын жұмысшыларының еңбек ақысын төлеу жүйесі».

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуындағы өзгерістерге сәйкес еңбек пен оның ақысы саясатында, әлеуметтік қолдау мен жұмысшыларды қорғауда елеулі өзгерістер орын алды.

Сонымен, осы саясатты жүзеге асыру бойынша мемлекеттің көптеген қызметтері, штатты кесте, формасы, жүйесін, еңбекті төлеу өлшемі мен оның нәтижелерін материалды стимулдауды өздігінен бекітетін ұйымдарға тікелей өткізген [155,156,157].

«Еңбекті төлеу жүйесі» біз ұсынған жобаның мақсатына жатады:

- Қызметкерлердің мотивациялануын арттыру
- Тікелей шығындарды басқару арқылы өзінің құнын төмендету
- Жүзеге асырылатын стратегияның адекваттылығы

Берілген жобаның әдістері мен құралдарына жатады:

– Еңбекті төлеу бойынша шығындарды есепке алу мен жоспарлаудың ақпаратты жүйесін жасау мен енгізу

- Әрбір орындаушы үшін жұмыс құны бойынша декомпозиция
- Жобаны басқарудың әдісі мен құралдары.

Нәтижесі:

- Еңбекті төлеу жүйесін енгізу.

- Есепті көрсету үшін бастапқы деректер.
- Жоба құнын басқару үшін бастапқы деректер.
- Жоба тәуекелділігін басқарудың резервін жоспарлау мен есептеу.
- Кәсіпорын экономикасы мен қаржысын болжау мен экспресс – мониторинг.

Бірақ, арнайы әдебиетті талдау [158, 159, 160], фармацевтикалық кәсіпорындар үшін жобалардың аралас категориясы тән екендігін көрсетеді, бір жағынан бизнес жобалардың мақсатына ие – пайда табу, екінші жағынан – біз жоғарыда ұсынған даму жобаларының белгілері.

Бұл «Бизнес мақсаттары бар даму жобалары» деп аталатын ерекше категория. Бұл жобалар шартты түрде 2 түрге бөлінеді:

#### 1. Старт - ап жобалары.

Заманауи шарттарда әрбір басқарушының алдында, оған дейін ешкім айналыспаған абсолютті жаңа тапсырмалар қойылады. Басқарушы оларды белгісіз бастапқы ресурстарда, қысқа мерзімде шешуі тиіс.

Әдетте бұндай жағдайда компанияда жасалған стандарттар мен формализденген процедуралар жоқ, сондықтан, бұндай жобаларды орындау көп сұрақтарды туындатып, көптеген мәселелермен бірге жүреді.

Сонымен, компанияда жасалған стандарттары жоқ принципіалды жаңа тапсырмаларды белгісіз бастапқы ресурстарда қысқа мерзімде жүзеге асыруды, ішкі старт – ап жоба деп атауға болады [161].

Қазіргі кезде старт – ап жобалардың екі түрін ажыратады:

– Нарыққа жаңа бағыттың шығу немесе бар бағытты кеңейту бағыты, бренд танымалдылығын арттыруға немесе фирма позициясын күшейтуге бағытталған бизнесті жылжытуға байланысты міндеттер [162].

– Жаңа технологияларды енгізу мен компанияны қайта түрлендірумен байланысты міндеттер.

Бірінші түрдің жобалары ішкі, ал екіншісі сыртқы ретінде анықталады [163].

Сонымен, біз бұндай таралған жобалардың келесі түрлерін ажыратамыз:

1. жаңа бизнесті жасау немесе жаңа брендті нарыққа шығару ;
2. бар бизнестің аясында жаңа бағыттың ашылуы;
3. филиалдар мен өкілеттіліктердің бизнес – ұйымының территориалды кеңеюі;
4. бизнес немесе бағыттың рестарты;
5. нарықтағы компания позициясын нығайту (кеңейту) (нарықтың елеулі бөлігін қамту, сауда маркасының танымалдылығын арттыру және т.б.);
6. компанияға инновациялық технологияны енгізу.

## **4.2 «Жобалар портфелін басқару» инструментаріін жасау. Жобаның нәтижелілігін бағалау**

Жобалар портфелін бағалау басқарудың алты ерекше облысынан тұратын айта кету қажет: жобалар портфелін басқару, жоба пайдалығын бағалау,



жобаны ранжирлеу мен таңдау, жобалар арасындағы коммуникацияны басқару, жоба портфелінің өнімділігін басқару, жоба портфелінің ресурстарын басқару.

Біз мақсаты, қол жеткізу әдісі, фармацевтикалық кәсіпорын басқарушысының өзгерістерге қатысты жоспарлау көлемі көрсеткіштерінен тұратын даму қоржынын, бағдарламаларын және жобаларын басқарудың түрлендірілген салыстыруын жүргіздік (Кесте 7).

Кесте 7 – Фармацевтикалық кәсіпорын дамуының жобалары мен портфельді басқару, бағдарламалардың салыстырмалы сипаттамасы

|                                     | Жоба  | Бағдарлама  | Портфель   |
|-------------------------------------|---|---|--|
| Мақсаты                             | Дамудың тактикалық мәселесін шешу   | Дамудың кешенді мақсатын шешу (min, max бағдарламасы)   | Бизнестегі артықшылыққа қол жеткізу (бәсекелестіктен тыс ) |
| Мақсатқа қол жеткізу тәсілі         | Жаңа дәрі түрі, инновациялық өнім, өнім, бар дәрі түрінің әсер етуінің пролонгациясы, жаңа дәрі шикізаты және т.б. бар қызметтердің модификациясы | Инновациялық технологиялар, қойылған мәселелерді шешуде жаңа методологияны ғылыми негізделген жолдарды енгізу   | Инновациялық бизнес  |
| Нәтижесі                            | Жаңа дәрілік затты жасау – жаңа өнім. Шығын деңгейін төмендету. Қызмет сапасын арттыру  | Қызметті кеңейту (диверсификация) Серіктестікті кеңейту Тапсырыс берушілерді, клиенттерді сақтап қалу, фармацевтикалық нарықтың жаңа сегменттерін қамту | Артықшылықтар глобализациясы                               |
| Табыстылық                          | Мерзімін, бюджетті сақтау, жоспарланған нәтиженің сәйкестігі  | Жаңа мүмкіндіктер, қол жеткізген табыс  | Даму стратегиясын орындау (ұйым, бөлімше )                 |
| Көлемі, мазмұны                     | Нақты анықталған мақсаттар  | Кең, болжамалы табыс пен қорытындыға байланысты өзгереді  | Стратегиялық мақсаттарға байланысты                        |
| Жоспарлау                           | Детальды – жобаның қойылған мақсаттарына қалай қол жеткізу  | Жоғары деңгейлі жобаның жалпы бағыты  | Портфельді басқару процесін жасау мен қолдау               |
| Басқарушының өзгерістерге көзқарасы | Минимумға түсіруге ынталану   | Күту мен қабылдау   | Үнемі белгілеу .   |

Жоба портфелін басқарудың жетілгендігінің деңгейін бағалау түсінігі бар екендігін атап өту қажет [164].

Жоба портфелін басқарудың жетілгендігінің 3 деңгейі бар (I, II, III) келесі позиция көрсеткіштері бойынша:


- Ресурстарды оптималды үлестіру.
- Сәтсіз жобалардан бас тарту.
- Дұрыс мақсаттарға қаржыны шығындау.
- Тек дұрыс жобаларды жүзеге асыру.
- Бір мезгілде жобалардың тым көп санын жүзеге асырудан бас тарту.
- Жобалардың компания стратегиясына көбірек сәйкестігі.
- Шығынды үнемдеудің өсуі.
- Табыстың өсуі.
- Жобадағы «рұқсатнаманы» басқару.

Даму жобаларының нәтижелілігін бағалау сұрақтары жалпыға бірдей методиканың жоқтығынан жіті болып қала бермек.

Берілген мәселені шешу үшін қабылданған мақсатқа байланысты, мәні келесідей болатын көзқарасты модифицирлеп, адаптацияладық: процедураның нәтижелілігін бағалаудан бизнес- процестің нәтижелілігін бағалау арқылы жоба нәтижелілігін бағалауға.


Процесті көзқарастың принциптеріне сәйкес кез-келген ұйымның қызметін өзара байланысты бизнес -процесс ретінде қарастыруға болады, әрбір бизнес- процесс логикалық құрастырылған процедура тізбегінен тұрады. Шетелдік ғалымдарының аналогиясы бойынша [165, 166, 167], фармацевтикалық кәсіпорында ұсынылған даму жобасын бағалау үшін, бізге әрбір бизнес- процесті бағалау қажет және әрбір бизнес-процесті бағалаудың негізінде жобаның нәтижелілігі туралы қорытынды жасауға болады деп ойлаймыз.

Бизнес-процесті бағалау үшін біз бес негізгі коэффициентті анықтадық: бизнес-процеске кіретін, процедуралар санының коэффициенті, бизнес-процесті орындауда жұмысбасты жұмысшылар санының коэффициенті, бизнес-процесті орындау жылдамдығының коэффициенті, мүмкін болатын кателіктер (жарамсыздық) коэффициенті, жұмысшылардың міндеттерін орындау санының коэффициенті. Алынған деректер негізінде берілген бизнес-процесті басқарудың жалпы нәтижелілік коэффициенті және дәріхана кәсіпорнының өзіндік жобасының нәтижелілік коэффициенті есептеледі (сурет 8).



Сурет 8 – Жобаның нәтижелілігін бағалаудың жолдары

Бизнес- процеске кіретін процедуралар саны оның нәтижелілігіне тікелей әсер ететіні белгілі, өйткені, процедуралар санын арттырған кезде бизнес-процесті орындау уақыты, қателік жіберу мүмкіндігі, оны орындауға қажетті қызметкерлер саны артады, бұл берілген бизнес-процестің «күндылығына» ықпал етеді. Сонымен бірге, өзінің бизнес-процесі үшін процедуралардың оптималды санын өздігінен анықтау қажет (Сурет 9).



Сурет 9 – Жоба нәтижелілігін бағалау

Процедураны оптимизациялау коэффициенті кәсіпорынның бизнес-процесті қаншалықты оптималды ұйымдастырғанын көрсетеді.

$$K_{\text{опт.проц}} = \frac{N_{\text{опт.}}}{N_{\text{факт.}}} \quad (1),$$

бұл жерде  $K_{\text{опт.проц}}$  - процедураларды оптимизациялау коэффициенті;  $N_{\text{опт.}}$  – процедураның оптималды саны;  $N_{\text{факт.}}$  – процедураның нақты саны. Бұл коэффициент бірге ұмтылады, бизнес-процесс неғұрлым нәтижелі ұйымдастырылса, соғұрлым коэффициент көрсеткіші бірге жақын болады.

Әрекет еткен қызметкерлердің коэффициенті, бизнес-процесті орындау кезінде еңбек ресурстарының қаншалықты нәтижелі пайдалануын көрсетеді, сонымен бірге, кәсіпорынның бизнес-процесін орындауға қажетті қызметкерлердің оптималды санын кәсіпорын өздігінен анықтауы тиіс.

$$K_{\text{з/перс.}} = \frac{N_{\text{опт.}}}{N_{\text{факт.}}} \quad (2),$$

бұл жерде  $K_{\text{з/перс.}}$  – қызметкерлердің қатысу коэффициенті;  $N_{\text{опт.}}$  – бизнес-процесті орындауға арналған қызметкерлердің оптималды саны;  $N_{\text{факт.}}$  – бизнес

процесті орындау барысында бос емес қызметкерлердің нақты саны. Коэффициент көрсеткіштерінің диапазоны 0 ден 1 дейінгі облыста орналасқан, қызметкерлер саны неғұрлым оптималдыға жақын болса, соғұрлым коэффициент көрсеткіші жоғары болады.

Бизнес- процесті орындау уақытының коэффициенті, бизнес-процестің қаншалықты тез орындалатынын көрсетеді. Бизнес-процестің орындалуының оптималды уақытын дәріхана кәсіпорны өздігінен анықтайды.

$$K_{\text{ск.вып}} = \frac{U_{\text{опт.}}}{U_{\text{факт.}}} \quad (3),$$

бұл жерде  $K_{\text{ск.вып}}$  – бизнес-процесті орындау жылдамдығының коэффициенті;  $U_{\text{опт.}}$  – бизнес-процесті орындаудың оптималды жылдамдығы;  $U_{\text{факт.}}$  – бизнес-процесті орындаудың нақты жылдамдығы. Берілген коэффициенттің көрсеткіш диапазоны 0 ден 1 дейінгі облыста орналасқан, коэффициент көрсеткіші неғұрлым бірге жақын болса, соғұрлым бизнес-процесті орындау уақыты оптималды болады.

Қателік коэффициенті (жарамсыздығы), кәсіпорынның жарамсыздықтың минималды деңгейіне қаншалықты жақын екендігін көрсетеді. Бизнес- процесті орындау кезінде қателіктердің минималды санын кәсіпорын өзі анықтауы тиіс.

$$K_{\text{ош.}} = \frac{N_{\text{мин}}}{N_{\text{факт.}}} \quad (4),$$

бұл жерде  $K_{\text{ош.}}$  – қателік коэффициенті ;  $N_{\text{мин}}$  - қателіктердің минималды саны ;  $N_{\text{факт.}}$  - факт бойынша қателіктер саны .

Қызметкерлердің қызметін орындау коэффициенті, кәсіпорын қызметкерлерінің өз қызметтерін қаншалықты нақты орындайтынын көрсетеді. Сонымен, кәсіпорынның барлық қызметкерлері регламенттелген болуы тиіс, сондықтан, өз міндеттерін жұмысшылардың орындауы, бизнес-процесс жұмысының нәтижелілігінің ажырамас сипаттамасы болады деп есептейміз.

$$K_{\text{вып.обяз.}} = \frac{N_{\text{необх}}}{N_{\text{факт.}}} \quad (5),$$

бұл жерде  $K_{\text{вып.обяз.}}$  – орындалатын міндеттер коэффициенті;  $N_{\text{необх.}}$  – регламент бойынша орындалатын міндеттер саны;  $N_{\text{факт.}}$  – факт бойынша орындалған міндеттер саны .

Бизнес-процестің орындалуын сипаттайтын коэффициенттердің барлық көрсеткіштері анықталғаннан кейін, бизнес-процестің нәтижелілігінің жалпы коэффициентін есептеу қажет.

$$K_{\text{рез.б/п}} = \frac{\sum K_{\text{факт.}}}{\sum K_{\text{макс.}}} \quad (6),$$

Бұл жерде  $K_{\text{эф.б/п.}}$  – бизнес-процесс нәтижелілігінің жалпы коэффициенті;  $\sum K_{\text{факт.}}$  – факт бойынша бизнес-процесс коэффициентінің сомасы ;  $\sum K_{\text{макс.}}$  – бизнес-процестің коэффициенттер көрсеткішінің максималды сомасы.

Кәсіпорындағы жобаның жалпы нәтижелілігін анықтау үшін, жобаның өзінің нәтижелілігінің коэффициентін анықтау қажет.

$$K_{\text{рез.проекта}} = \frac{\sum K_{\text{эф. б/п}}}{\sum K_{\text{эф. б/п опт}}} \times 100\% \quad (7),$$

Бұл жерде  $\sum K_{\text{рез. б/п}}$  – дәріхана кәсіпорнының бизнес-процестері нәтижелілігі коэффициенттерінің сомасы ;  $\sum K_{\text{рез. б/п опт}}$  – дәріхана кәсіпорнының бизнес-процесі нәтижелілігі коэффициентінің оптималды сомасы;  $K_{\text{рез.проекта}}$  – ұсынылған дәріхана кәсіпорны нәтижелілігінің коэффициенті. Жобаның тиімділігінің коэффициенті пайызбен көрсетілген және берілген кәсіпорын үшін жобаның қаншалықты тиімділігі екендігін көрсетеді [168].

Кәсіпорындағы жобаның жалпы нәтижелілігін анықтау нәтижесі кестеде көрсетілген (Кесте 8)

Кесте 8 – Кәсіпорындағы жобаның жалпы нәтижелілігін анықтау көрсеткіштері

| Коэффициент                                    | Есептеу формуласы  | Көрсеткіші |        |
|--|--|------------|--------|
|  |  | оптималды  | Есепті |
| Процедура оптимизациясы коэффициенті           | $K_{\text{опт.проц}} = N_{(\text{опт})} / N_{(\text{факт})}$   | 1          | 0,54   |
| Жұмылдырылған қызметкерлер коэффициенті        | $K_{\text{з.перс}} = N_{(\text{опт})} / N_{(\text{факт})}$     | 1          | 0,78   |
| Бизнес-процесті орындау уақытының коэффициенті | $K_{\text{ск.выпол}} = U_{(\text{опт})} / U_{(\text{факт})}$   | 1          | 0,76   |
| Қателік коэффициенті                           | $K_{\text{ошиб}} = N_{(\text{мин})} / N_{(\text{факт})}$       | 0          | 0,05   |
| Қызметкерлердің қызметін орындау коэффициенті  | $K_{\text{вып.обяз}} = N_{(\text{необх})} / N_{(\text{факт})}$ | 1          | 0,73   |
| Бизнес-процесс нәтижелілігінің коэффициенті    | $(\sum K_{(\text{факт})}) / (\sum K_{(\text{макс})})$          | 1          | 0,715  |

Сонымен, жүргізілген зерттеулер негізінде, кәсіпорындардағы жобаларды жетілдіру қажеттілігі негізделген. Бизнес-процесс нәтижелілігінің коэффициенті кәсіпорын үшін оптималды 1,0 болғанда, 0,715 тең.

#### 4.3 Фармацевтикалық кәсіпорында басқарудың жобалық құрылымын енгізудің тиімділігін негіздеу

Қазіргі таңда көптеген фармацевтикалық кәсіпорындарда жобаны басқарудың кешенді жүйесі мен процесті жолдарының болмауынан оларды жүзеге асыру кәсіпорындағы жоба қызметінің қажеттіліктеріне бейімделмеген, басқару сызықты-функционалды ұйымдастыру құрылымы аясында болады. Бұл өз кезегінде, жобаны жүзеге асыру процесінде қызметті қайталануына, ақпаратты қайнар көздерде және жоба бойынша операцияларды орындау деңгейінің есеп беруінде қарама-қайшылықтың пайда болуы алып келеді. Коммуникация мен құжат айналымының нақты жүйесінің болмауы, шынайы шығындар туралы ақпаратты, оны жүзеге асырудың әрбір кезеңіндегі тиімділікті алмау мүмкіндігін шарттайды. Одан басқа, сызықты-функционалды басқару құрылымы, мерзімін бұзғанына, бюджетке және жобаның басқа параметрлеріне жауапты тұлғаларды анықтауды мүмкін емес етеді, Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) талаптарымен қарама-қайшылыққа түседі.

Сондықтан, қалыптастыру шарттарында отандық ФӨ заманауи СМЖ-де ФӨ ұйымдастыру құрылымына, СМЖ талаптарына сәйкес жобаны жүзеге асыруға толық жауапты болатын, жобалық кеңселер немесе жобалық топтарды енгізу өзекті болады [169].

Жоба менеджерінің басшылығымен жобалық топты құру, жоба мақсатына жетуге бағытталған бағынышты мамандарды интегрирлеуге мүмкіндік береді. Жобаның ұйымдастырушы құрылымы (OBS) – жоба қатысушылары арасындағы қатынасты, олардың жауапкершілігі мен жобаны іске асыру процесіндегі өкілеттілігін анықтайды.

OBS мақсаты – белгілі жұмыстарды орындауға жауапты, орындаушыларды анықтау. WBS және OBS бірлесуі жауапкершілік матрицасын құрайды. Жоба басқарушысы тұрғысынан, бұл құралдың артықшылығы, ресурстарды пайдалануды бақылау тиімділігінің артуы мен СМЖ талаптарына жауап беретін, жоба тобының әрбір буыны жауапкершілігінің персонификациясы. Жауапкершілік матрицасы – жоба жұмысын орындаушылардың графикалық кескіні немесе жобаның белгілі элементтерін орындау кезіндегі жоба тобы мүшелерінің бекітілген жауапкершілігі.

Аналитикалық зерттеулер нәтижесі бойынша фармацевтика саласындағы типтік жобалық жұмыстар жиынтығы және ФӨ ұйымдастырушы құрылымының қажетті элементтеріндегі диссертациялық зерттеуде, жаңа ДЗ жасау бойынша инновациялық жобаларды басқару бойынша жауапкершіліктің базалық матрицасы ұсынылды (Кесте 9).

Кесте 9 – Жаңа ДЗ жасау бойынша инновациялық жобаларды басқару бойынша жауапкершіліктің базалық матрицасы

| Жұмыс түрлері   | Құрылымдық бөлімшелер |   |   |     |   |   |   |   |
|---|-----------------------|---|---|-----|---|---|---|---|
|   | 1                     | 2 | 3 | 4   | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1   | 2                     | 3 | 4 | 5   | 6 | 7 | 8 | 9 |
| ДЗ жаңа идеяларын өңдеу   | ЦР                    | У |   | ПВ  | У |   |   |   |
| Әсер ететін затқа құжаттық зерттеме жасау (қажеттілігі болса)     | Ц                     | У |   | РПВ | У |   | У |   |
| Жаңа ДЗ компоненттері мен біріншілік қаптаманың таңдауын негіздеу | Ц                     |   |   | РПВ |   |   | В |   |
| Жаңа ДЗ фармацевтикалық зерттемесі                                | Ц                     | У | У | РПВ |   | У |   |   |
| Жаңа ДЗ клиникаға дейінгі зерттеулері                             | Ц                     |   |   | РП  |   |   |   |   |
| Жаңа ДЗ тәжірибелік – өнеркәсіптік апробациясы                    | Ц                     |   | В | РП  |   | В |   |   |

### 9-кестенің жалғасы

|   |    |         |     |    |         |    |    |   |
|---|----|---------|-----|----|---------|----|----|---|
| Дайын ДЗ тұрақтылығын зерттеу   | Ц  |         | У   | РП |         | У  |    |   |
| Жаңа ДЗ тіркеу досьесінің біріншілік сараптамасы                        | Ц  | У       | У   | РП |         |    | П  |   |
| Жаңа ДЗ клиникалық зерттеу  | Ц  |         |     | РП |         |    | П  |   |
| Жаңа ДЗ тіркеу  | Ц  | У       | У   | РП |         |    |    |   |
| Жаңа ДЗ өндіріске енгізу  | Ц  | В       | В   | РП | У       | В  | У  | В |
| Өндірісті жобалау   | Ц  | В       | РПВ | У  | В       | П  | П  | У |
| Құрылыс   | ЦР | ВУ      | П   |    |         | У  | П  | У |
| Біліктілікті жүргізу  | Ц  | У       | РПВ |    |         | В  |    | У |
| Құралдарды, технологиялық процесті, аналитикалық әдістердің валидациясы | Ц  | У       | РУ  |    |         | В  |    | У |
| Жобаны пайдалануға енгізу   | ЦР | ПВ      | ПВ  |    |         | В  |    | У |
| Жаңа ДЗ өнеркәсіптік өндірісі   | Ц  | РП<br>В | РПВ |    | П       | У  | П  | У |
| Жаңа ДЗ нарыққа жылжыту бойынша маркетингті шаралар кешенін жасау       | Ц  |         |     | У  | РП<br>В | У  | У  |   |
| Жобадан кейінгі аудит   | ЦР | У       | ПВ  | ПВ | ПВ      | ПВ | ПВ | У |

Ескерту – Құрылымдық бөлімшелер: 1 – генеральды директор; 2 – қамтамасыз ету мен өндіріс дирекциясы ; 3 – техникалық дирекция; 4 – жасау мен тіркеу бойынша департамент; 5 – коммерциялық дирекция; 6 – сапа бойынша дирекция (өкілетті тұлға); 7 – қаржы бойынша дирекция; 8 – қызметкерлер бойынша дирекция.

Ұсынылған матрицада фармацевтикалық өндірісте инновациялық жоба бойынша жұмыстың келесі үлестірілімі қарастырылған: Ц – мақсатты қою, тапсырманы қалыптастыру, бекіту; Р – шешім қабылдау; П – шешімді дайындау, есептеуді жүргізу; В – шешімді орындау, бақылау; У – қатысу, ақпараттандыру деректерді жинау.

Жауапкершіліктің базалық матрицасы осы немесе басқа ФӨ жүзеге асыратын, нақты инновациялық жобаға адаптациялануы қажет. Сонымен бірге, бейімделу процесінде матрица нақты жобаның ерекшеліктерін ғана емес, ФӨ ұйымдастыру құрылымын да ескеру қажет [170].

Бір мезгілде бірнеше жобаларды жүзеге асыру жағдайында немесе бір қатар жобаларды үнемі жүзеге асыру кезінде кәсіпорындағы ұйымдастыру құрылымына жобалық кеңсе сияқты элементті енгізу ұсынылады. Жоба кеңсесінің мәні ФӨ жобалық ресурстарының барлық жиынтығын бір орталыққа біріктіру. Жобалық кеңсе басқарушысына бағыну, орындалатын жоба бойынша белгілі уақыт аралығындағы ресурстардың шектелген көлемін үлестіруге мүмкіндік береді.

Жобалық кеңсе – компьютерлік, коммуникациялық және ақпаратты

технологиялар жүйесінде және қызмет пен коммуникацияны жүзеге асырудың өңделген стандарттары аясында жобаны тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін спецификалық инфрақұрылым. Жобалық кеңсенің басты тағайындалуы жоба бойынша жұмысты бірлесіп орындауда жоба тобының мүшелерін тиімді коммуникациямен қамтамасыз ету [171].

Сонымен қатар, тек жобалық кеңсе ғана белгілі ФӨ жобаны басқару методологиясын қалыптастырып, анықтауы тиіс:

– Басқару құжаттарының шаблондарын, нұсқаулықтарын, процедураның ұйымдастыру құжаттарының кешенін қоса отырып, жобаны басқарудың корпоративті стандартын жасау, жетілдіру, бекіту;

– Жобаны басқару қызметін қамтамасыз ету үшін ФӨ аралас бөлімдерінің функционалды міндеттерін кеңейту мен нақтылау бойынша талаптарды жасау;

– Жобаларды басқарудың тиімді бағдарламалық құралдарын таңдап, енгізу;

– Жобаларды басқару бойынша корпорацияшілік басылымды жүзеге асыру мен әдістемелік материалдарды бекіту, оларды пайдалану бойынша семинарлар өткізу;

– Жобалық кеңсе қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жоспарын жасау, оны оқыту мен сертификаттауды ұйымдастыру.

ФӨ үшін ұсынылған ұйымдастырылған құрылым 10 суретте көрсетілген.

Стратегиялық шешім қабылдау мен жобаны жүзеге асыруды бақылауды, жобалық кеңсе басқарушы бағынышты болатын, жобаны қарастыратын комитет жүзеге асыруы тиіс. Жобаны қарастыру бойынша комитеттің құрамына генералды директорды, кәсіпорын дамуының: сапасы, өндірісі, маркетинг, қаржылар (немесе экономикалық сұрақтар бойынша) негізгі сұрақтары бойынша директорын қосу тиімді.

Жобалық кеңсе басқарушысы ФӨ жобалық қызметтің жалпы жетекшілігін жүзеге асыру тиіс, жобаны жүзеге асыруды басқару бойынша шешімдер қабылдап, оның нәтижесіне толығымен жауапты болуы тиіс. Жобалық кеңсе жетекшісіне келесі қызметтер жүктеледі: бастамалауға, жоспарлауға, мониторинг пен барлық ФҚ жүзеге асыратын барлық жобалардың аяқталуына қатысуы қажет; жобалық кеңсе басшылығы, кәсіпорын басшыларына, құрылымдық бөлімдер мен жобаны басқару топтарына, методология мен жобаны басқару стандарттары бойынша кеңес беру.

Жобаның администраторына келесі қызметтер жүктеледі: бастамалауға, жоспарлауға, мониторинг пен барлық кәсіпорын жүзеге асыратын барлық жобалардың аяқталуына қатысуы қажет, жобалық кеңсе ұйымдастыру, жоба ісінің өнеркәсібін ұйымдастыруға қатысуы қажет.

Жобаларды жоспарлаушы (жобалаушы) жұмыс мазмұнын жоспарлау бойынша және бюджетті параметрлер бойынша жобалық құралдардың жасалуына жауап беруі қажет. Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша кеңесші (коммуникация бойынша менеджер) ақпаратты, бағдарламалы жүйе мен компьютердің қамтамасыз ету көмегімен, жобалық топ мүшелерінің тиімді өзара әсер етуіне жауапты.






Сурет 10 – СМЖ енгізу шарттарында ФӨ үшін ұсынылған жобалық кеңсенің ұйымдастырушы құрылымы

Жоба менеджерлері жобаны жүзеге асыратын жеке функционалды аспектілерге жауап беруі тиіс.

ДӨ жобаларды басқару сапасын камтамасыз ету үшін, жобалық кеңсе мен сапасын басқару бөлімінің тығыз өзара әсер етуі қажет (Сурет 11).

Сапа аясында ФӨ саясаты, сапасы бойынша нұсқаулықтар, жобалық басқару бойынша корпоративті стандарттар сүйенетін, базалық құжаттар болуы тиіс [172, 173].



Сурет 11 – ФӨ сапасын басқару бөлімі мен жобалық кеңсенің өзара әсер ету схемасы

#### 4.4 Фармацевтикалық кәсіпорындағы жобаларды басқару сапасын қамтамасыз ету механизмін жасау

ФӨ СМЖ енгізу шарттарында жүйелер, процестер мен осы процестер аясындағы жеке операциялар арасында коммуникацияны нақты анықтау қажет болады. Ол үшін әрбір жүйеде әрекет регламентациясының жолдарын бөлу қажет, өйткені, процестерді басқару, деректерді сәйкестендіру мен олардың қарама-қайшылығын сәйкестендіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бірыңғай ережелер бойынша құрастырылуы қажет.

Атап өткендей, фармацевтикалық өндірісте СМЖ құру шарттарында,

инновациялық жобаларды басқару процесті көзқарасты енгізуді талап етеді, ол әрбір процесті сәйкес ақпаратты және құжатты қамтамасыз етілген кірісі мен шығысы бар жүйе ретінде қарастырады. Басқа жағынан әрбір процесті құрылымдау келесі элементтердің бөлінуін қарастырады: жұмысшы орындарды, лауазымдық міндеттерді, жобаларды басқару процедуралары мен олардың құжатты рәсімделуін және т.б. анықтауды қарастырады.

Сонымен, фармацевтикалық сала кәсіпорындарына СМЖ сәйкес ЖБЖ енгізу, құрамына келесі кіретін, жобаларды басқару сапасын қамтамасыз ететін сәйкес механизмнің қалыптасуын талап етеді:


1. Жобаларды басқару стандарты – кәсіпорынның жобаларды басқару мен процестерді жоспарлау тиімділігін арттыру мен қолдауға бағытталған, жобаларды басқарудың кәсіби әдістері мен процедураларының жиынтығы 8 суретте келтірілген.

2. Білім базасы: жобалар классификаторы, типтік жобалық шешімдер шаблондары, жобаларды басқару бойынша нұсқаулықтар, жобалар бойынша деректер базасы.

3. ұйымдастыру құрылымы: жобалық кеңсе туралы ережелер, жобалық кеңсе қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары

4. Компьютерлік ақпаратты жүйе (жоба қызметін бағдарламамен қамтамасыз ету).

ФӨ үшін ұсынылған, жобаларды басқару сапасын қамтамасыз ету механизмі 12 суретте келтірілген.



Сурет 12 – СМЖ енгізу шарттарындағы ФӨ ұсынылған жобаларды басқару стандартының құрылымы

ФӨ жүзеге асыратын, әрбір жоба үшін жоба жұмысының белгілі тәртібі анықталуы тиіс. Осы схемаға сәйкес жоба бойынша әрбір операция үшін жұмыс орнының стандарты (ЖОС) жасалады.

Біз сапа стандарттарының халықаралық талаптарына сәйкес келетін жаңа ДЗ жасау бойынша инновациялық жоба қатысушыларына ЖОС келесі құрылымын ұсындық.

1. Жобаларды басқарудың жалпы процесінде жұмыс орны ережелерін анықтау (біздің мысалда, «Технологиялық схеманың таңдауы» операциясында, бұл процесің екінші операциясы «Жаңа ДЗ өндірісінің технологиясын жобалау»).

2. Орындаушы бойынша деректер. Форманы толтыру мысалы 10 кестеде келтірілген ).

Кесте 10 – «Технологиялық схеманы таңдау» операциясы, «Жаңа ДЗ жасау» процесіне жауапты тұлғаларды анықтау

| №  | Бөлімше                      | Қызметкердің АТЖ | Лауазымы              |
|----|------------------------------|------------------|-----------------------|
| 1. | Жобалық конструкциялық бөлім | –                | ПКО бастығы           |
|    |                              |                  | ПКО инженері          |
| 2. | Орталық зертхана             |                  | ЦЛ бастығы            |
|    |                              |                  | Инженер               |
|    |                              |                  | 2 категориялы инженер |
|    |                              |                  | Инженер               |
|    |                              |                  | 1 категориялы инженер |
|    |                              |                  | Инженер               |
| 3. | Өндірісті ұйымдастыру бөлімі |                  | ООП бастығы           |
|    |                              |                  | Инженер               |

3. әдістері (СМЖ, ЖОС реттеуші және нормативті құжаттар, қызметкерлер еңбегін ұйымдастыру ):

1. Реттейтін және нормативті құжаттар .

1.1. Қызметкерлер жұмысын ұйымдастыру бойынша ережелер:

- ПКО туралы ережелер.
- Регламенттер бюросы туралы ережелер.
- ПКО инженерінің лауазымды нұсқаулығы.
- Регламенттер бюросы инженерінің лауазымдық нұсқаулықтары.

1.2. СМЖ регламенттейтін құжаттары:

- Сапасы бойынша нұсқаулық.
- «Жаңа дәрілік құралдарды жасау» СМЖ кәсіпорынның стандарты.

4. Процесс операциясының спецификациясы (орындалуына жауаптылары көрсетілген операциялар тізімі, алу көзі мен ақпаратты тұтынушылары көрсетілген кіріс және шығыс құжаттары) (Кесте 11).

Кесте 11 – «Технологиялық схеманы таңдау», «Технологияны жобалау», «Жана ДЗ жасау» процесінің спецификациясы

| №   | Операция атауы                      | Операцияны орындауға жауапты | Кіріс ақпараты және операцияны орындауға қажетті құжаттар                                    | Операция орындалу барысында жасалған құжаттар мен бастапқы ақпарат | Клиент |
|-----|-------------------------------------|------------------------------|--|--|--------|
| 1   | 2                                   | 3                            | 4  | 5  | 6      |
| 1.  | Технологиялық схеманы таңдау        |                              |  |  |        |
| 1.1 | Жұмысты жоспарлау                   | ПКО бастығы                  |  |  |        |
| 1.2 | Технологиялық схеманы таңдау        | ПКО инженері                 | ФС жобасы, аралық өнім, құралдарды тазалау әдістері, технологияларды сипаттау спецификациясы |  |        |
| 1.3 | Түсіндіру жазбасы жобасын құрастыру | ПКО инженері                 |  | Түсіндіру жазба жобасы   | ЦЛ     |
| 1.4 | Түсіндіру жазбасы жобасын бекіту    | ЦЛ бастығы, ООП бастығы      | Түсіндіру жазбасының жобасы  | Түсіндіру жазбасының жобасы  | ПКО    |

5. материалдар мен құжаттарды сипаттау (өнім түрі, күрделілігінің категориясы, шығарылымының мерзімділігі). Құжаттың мысалы 12 кестеде көрсетілген.

Кесте 12 – Материал мен құжаттарды сипаттау

| №  | Өнімнің атауы     | Өнімді дайындауға жауапты | Өнім түрі | ДЗ күрделілік категориясы (А, В, С) | ДЗ шығарылу жиілігі |
|----|-------------------|---------------------------|-----------|-------------------------------------|---------------------|
| 1. | Түсіндіру жазбасы | ПКО инженері              | Құжат     | В                                   | Айына 1-2 рет       |

Ескерту – А – ғылыми күрделі ДЗ ;

В – жасалуында екі немесе одан да көп бөлімшелерді талап ететін ДЗ;

С – күрделі емес ДЗ жасалу процесі қысқа мерзімді.

6. Түрі мен жағдайын, оның орналасу орны мен тұтынушысы көрсетілген құралдар мен құрылғылардың сипаттамасы. Мысалы 13 кестеде көрсетілген.

Кесте 13 – Құралдар мен приборлардың сипаттамасы

| №  | Атауы         | Құрал\ прибордың түрі | Жағдайы              | Орналасуы ( бөлме № ) | Тұтынушылар |
|----|---------------|-----------------------|----------------------|-----------------------|-------------|
| 1. | Компьютер adm | Негізгі               | Жақсы                | ПКО №1                |             |
| 2. | Компьютер pko | Негізгі               | Жақсы                | ПКО №2                |             |
| 3. | Компьютер     | Негізгі               | Қанағаттанарлық емес | Регламенттер бюросы   |             |
| 4. | Компьютер     | Негізгі               | Жақсы                | Регламенттер бюросы   |             |
| 5. | Компьютер     | Негізгі               | Қанағаттанарлық емес | Регламенттер бюросы   |             |

7. Процесс нәтижелілігінің көрсеткіштері туралы деректер. Құжат мысалы 14 кестеде көрсетілген.

Кесте 14 – Процесс нәтижелілігінің көрсеткіштері


| Көрсеткіш №  | Көрсеткіш атауы  | Көрсеткіштің сипаттамасы  | Құжатқа сілтеме (әдістері, спецификациясы ) |
|--|--|---|---|
| 1  | 2  | 3   | 4   |
| <b>Процесс тиімділігінің көрсеткіштері</b>                         |  |   |   |
| 1.   | Технологиялық схеманы таңдаудың дұрыстығы                                      | Технологиялық схеманы дұрыс таңдауының валидациялық расталуы  |   |
| 2.   | Технологиялық процестің критикалық нүктелерін таңдаудың дұрыстығы              | Технологиялық процестің критикалық нүктелерін таңдау дұрыстығының валидациялық расталуы   |   |
| <b>Процес өнімдерінің (шығысының) көрсеткіштері</b>                |  |   |   |
| 1.   | ГДЗ тәжірибелік-өнеркәсіптік серияға сәйкестігі сақтау процесіндегі тұрақтылық | Тәжірибелік – өнеркәсіптік серияларда алынған ГДЗ зертханалық үлгілерге фармацевтикалық сәйкестігі. Сақтау процесіндегі тұрақтылығын растау |   |
| <b>Процесс клиенттерінің қанағаттану көрсеткіштері (деректері)</b> |  |   |   |
| 1.   | Өнеркәсіп сериясына ДДЗ сәйкестігі   | ДДЗ өнеркәсіптік сериясының ДДЗ   |   |
| 2.   | Масштабтаудың табыстылығы  | тәжірибелік – өнеркәсіптік сериясына сәйкестігін  |   |

14-кестенің жалғасы

|    |                                    |  |  |
|----|------------------------------------|--|--|
| 3. | Технологиялық процесстің дұрыстығы | растау масштабтау процесін жүргізудің табыстылығы<br>Үш өнеркәсіптің серияларда технологиялық процесс дұрыстығының<br>валидациялық растауы |  |
|----|------------------------------------|--|--|

Процесс нәтижелілігі менолардың мағыналарының сапасын бағалаудың ұсынылған диапазондары ФП үшін (кәсіпорын атауын нақты атау) 13 суретте мен 15 кестеде көрсетілген.

Жобаларды басқару процесінің регламентациясы функцияның дубльдеуін болдырмайды, жобаның жүзеге асырылуын талдау нәтижесі бойынша қабылдаудың мекен – жайлығын қамтамасыз етуге, және жобалық шешімдерді тиімді орындауды қамтамасыз ететін жауапкершілік, болжанбаған шығындарды азайтып, салдарынан, жаңа ДЗ құнын төмендету мен халықтың қол жетімділігін арттырады.



Сурет 13 – Процесс нәтижелілігін бағалау әдістері

Кесте 15 – ФП процесі нәтижелілігінің көрсеткіштері (кәсіпорын атауын нақты көрсету)

| № р/н | Коэффициенті  | Процесс нәтижелілігінің нормативті көрсеткіштерінің диапазоны | Процесс нәтижелілігі көрсеткіштерінің нақты мағынасы |
|-------|---|---|--|
| 1     | 2   | 3   | 4  |
| 1     | Процесс тиімділігінің көрсеткіштері                             |   |  |
| 1.1   | Технологиялық схема таңдау дұрыстығы                            | F → 1,0   | 0,76   |
| 1.2   | Технологиялық процесстің критикалық нүктелерін таңдау дұрыстығы | F → 1,0   | 0,63   |

### 15-кестенің жалғасы

|     |  |                     |        |
|-----|--|---------------------|--------|
|     | Процесс тиімділігінің жалпылама коэффициенті                           | $F \rightarrow 1,0$ | 0,677  |
| 2   | Процесс өнімділігінің көрсеткіштері                                    |                     |        |
| 2.1 | Дайын дәрілік құралдардың тәжірибелі – өнеркәсіптік серияға сәйкестігі | $F \rightarrow 1,0$ | 0,91   |
| 2.2 | Сақтау процесіндегі тұрақтылық   | $F \rightarrow 1,0$ | 0,89   |
| 2.3 | Процесс өнімділігінің узагальнениялық коэффициенті                     | $F \rightarrow 1,0$ | 0,9035 |
| 3   | Клиенттің процеспен қанағатану көрсеткіштері                           |                     |        |
| 3.1 | ДДЗ өнеркәсіптік серияға сәйкестігі                                    | $F \rightarrow 1,0$ | 0,90   |
| 3.2 | Масштабтау табыстылығы   | $F \rightarrow 1,0$ | 0,58   |
| 3.3 | Технологиялық процесс дұрыстығы  | $F \rightarrow 1,0$ | 0,92   |
| 3.4 | Клиенттің процеспен қанағатану көрсеткіштері                           | $F \rightarrow 1,0$ | 0,80   |
| 3.5 | Процесс нәтижелілігінің интегралды көрсеткіші                          | $F \rightarrow 1,0$ | 0,7935 |

Сонымен, фармацевтикалық кәсіпорын басқарушылары есептеудің бұндай түрін жүргізе отырып, тиімді басқару қызметін жүзеге асырады, өйткені барлық инновациялар шығындардағы табыс пен үнемділіктің өсуіне бағытталған.

Жобалар портфелін басқару интеграциясы менеджменттің алдыңғы түрлерімен бірге бизнестің көрсеткішті нәтижелілігіне қол жеткізу үшін өте маңызды.

Компанияның дамуы аясында заманауи зерттеулердің нәтижелерін қолдану, «компанияның дамуы» түсінігінің жүйелі және кешенді талдауының бір қатар методологиялық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы фармацевтикалық кәсіпорынның дамуы, технологияда, құндылықтарда, құрылғыларда, ұйымдастыруда, нарық жағдайындағы қозғалыстарға сәйкес пішіні мен қызмет түрін үнемі жаңартып тұруды қарастырады және кәсіпорында болып жатқан кез келген өзгерістермен немесе оның қоршаған ортасындағы байланысымен байланысты болады.



## **5 ДАЙЫН ДӘРІЛІК ҚҰРАЛДАРДЫ ӨНДІРУ БОЙЫНША ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ ЖОБАСЫН ЖАСАУ**

Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға индустриалды – инновациялық дамуы мемлекеттік бағдарламасының бір бағыты, әрбір кластер кесіндісінде өңірлік кластерді қалыптастыру. Кіші және орта бизнестің дамуы бойынша облыстардың үлкен потенциалын ескере отырып, алты өңірлік кластер жасау ұсынылды, оның бірі – Оңтүстік Қазақстан облысының (ОҚО) фармацевтикалық өнеркәсібі [184, 185].


Фармацевтикалық кластер дамуының мақсаты – жергілікті фармацевтикалық кәсіпорындардың, ғылым мен бизнестің кооперациясының бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен, фармацевтикалық өнеркәсіптің экономикалық дамуының жоғарғы қарқынын қамтамасыз ету [185].

ОҚО фармацевтикалық кластерді жасау үшін, «Химфарм» АҚ, «Зерде» ЖШС, «Казмедприбор» ЖШС, «Рауан» НҚП сияқты ірі компаниялардан құралған, облыстың дамыған фармацевтикалық өнеркәсіп кешені бар. Отандық фармацевтикалық өнімді шығаруда ОҚО үлесі елеулі және шамамен 50% құрайды. Осы негізде, фармацевтикалық саланы өңірлік және салалық деңгейде динамикалық дамып келе жатқан сала деп атауға болады [2].

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірін жүзеге асыру аясында: экспортқа бағытталған өндірісті жасау бойынша, Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсібінің өндірістік қуатын арттыру үшін өңірлік кластерді жасау үшін, Біз «Фито - Зерде» ЖШС «Дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыттың» концептуалды жобасын жасау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Осы зерттеу жұмысы аясында дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуалды жобасын жасау алгоритмі жасап, оны 4 кезеңге бөліп қарастырдық (Сурет 14). Бұл зерттеу жұмысы «Фито – Зерде» ЖШС келісімімен С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінде жергілікті этикалық комиссиясынан өтті (Қосымша Г).

Жұмыстың мақсаты, «Дәрілік құралдарды өндіру. Тиісті өндірістік тәжірибе, ҚР СТ 1617-2006» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартына, қауіпсіздік техникасы нормативтеріне, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, экология және қоршаған ортаны қорғау стандарттарына сәйкес болатын, дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыттың концептуалды жобасын жасау.

Біздің жасаған жобалық құжаттарымыз, «Кәсіпорындар, ғимараттар құрылысы үшін жобалық – сметалық құжаттамасын әзірлеу және құрылымдық тәртібі туралы нұсқаулық» ҚР ПУАЖ 1.02-01-2001 сәйкес жасалды.



Сурет 14 – Дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыт құрылысының концептуальды жобасын жасау алгоритмі

### 5.1 Концептуальды жобаның бас жоспарын жасау

«Дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыттың» концептуальды жобасының бас жоспары құрылыс нормалары, ережелері мен стандарттарын ескере отырып жасалған. Бұл зауыттың болжамалы орналасу орны: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы. Жобаланған жердің жалпы ауданы 1,968 га құрайды. Жер көлемі – 133,0x148,0 м.

Территорияға кіру-шығу жердің оңтүстік – батысындағы жол бойынша қарастырылған. «ҮЕҰ Зерде» ЖШС батыс жағынан Ø1000 мм магистральді су құбыры жүргізілген. Бұл су құбырының санитарлы қорғанысы – әрбір жағынан 10 м. Сондықтан жобаланған кәсіпорын территориясы санитарлы аймақтың шетінен басталады.

Кәсіпорын территориясында әкімшілік – зертханалық (корпус №1), өндірістік корпус (корпус №2) және де көмекші нысандар орналасқан (Қосымша F):

- қазандық (корпус №5);
- шаруашылық блок (корпус №6);
- қызметкерлер дем алатын орын (корпус №7);
- автокөлік пен қызметкерлер үшін жолдар (корпус №12);
- 4 көл.орын, жүк көліктеріне арналған тұрақтар (корпус №10);
- Қалдықтарды жинақтауға арналған алаң (корпус №8);
- 16 көл.орын жеңіл көлікке арналған жабық тұрақ (корпус №8).

Жол жүрудің дөңгеленген жүйесі жобаланған. Бұл кәсіпорын территориясында көлік ағымының кедергі болмауын қамтамасыз етеді.

Жүк көліктерінің кіруі мен шығуы үшін екі жол қарастырылған. Көлік кіруге арналған жол әкімшілік-зертханалық корпусқа кіру жағында және қызметкерлердің өндірістік корпусқа кіру жағынан орналасқандықтан – ол қызметкерлерге арналған жолмен біріккен.

Кәсіпорын қоршауының сыртында, жолдың жанында, 16 жеңіл автокөлікке арналған жабық тұрақ қарастырылған. Жол мен автотұрақ тротуармен қосылған.

Кәсіпорын территориясында қызметкерлер тынығу үшін қолайлы алаң қарастырылған. Тынығу орны өндірістік корпустан қызметкерлердің шығу – кіру есігіне карама – қарсы орналасқан.

Өндірістік корпусына кіретін есіктің ені еуропалық стандарттардағы фургондарға лайықтап жасалған, максималды ұзындығы 13,6. Дәл осындай автокөліктер үшін 4 көлікке арналған ашық тұрақ қарастырылған.

Территорияның бұлай жоспарлануы ғимараттар мен құрылымдарға өрт сөндіргіш көліктердің келуін қамтамасыз етеді.

Жаңбыр суларының кәсіпорынның құрылыс жүргізілмейтін бөлігіне ағуы қарастырылған.

Территорияны электр қуатымен жабдықтау трансформаторлы станциядан қарастырылған (2кТПГ10/0,4кВ, 1000 кВА). Сумен жабдықтау - Ø180 мм қалалық су құбырынан қамтамасыз етіледі. Кәріз қалдықтары - Ø250 мм қалалық желіге тасталынады.

Территорияның болжамалы жоспарлауы өндірістік процесс пен еңбекке, жер телімін рационалды және үнемді қолдануға және капиталды салымдардың тиімділігінің қолайлы шарттарын қамтамасыз етеді.

Бас жоспардың техника-экономикалық көрсеткіштері 16 кестеде көрсетілген.

Кесте 16 – Бас жоспардың техника-экономикалық көрсеткіштері

| Көрсеткіштері   | Өлшем бірлігі  | Саны  |
|---|----------------|-------|
| Жалпы ауданы  | га             | 1,968 |
| Құрылыс алаңы, оның ішінде: әкімшілік – зертханалық корпус, өндірістік корпус, көмекші нысандар | м <sup>2</sup> | 5822  |
|   |                | 4729  |
|   |                | 883   |
|   |                | 210   |
| Құрылым тығыздығы   | %              | 30    |
| Асфальтты бетонды жабу алаңы  | м <sup>2</sup> | 8300  |
| Жасылдандыру алаңы  | м <sup>2</sup> | 5558  |

## 5.2 Концептуалды жобаның технологиялық шешімдері

### *Өнімнің сипаттамасы*

Өндіріс өнімі:

– Поливинилхлоридті және лакталған алюминий фольгадан (блистер) жасалған қабықпен, контурлы ұяшықты қаптамаға қапталған дайын дәрілік құралдар таблеткалары;

– Поливинилхлоридті және лакталған алюминий фольгадан (блистер) жасалған қабықпен, контурлы ұяшықты қаптамаға қапталған, қабықпен көмкерілген дайын дәрілік құралдар таблеткалары ;

– Поливинилхлоридті және лакталған алюминий фольгадан (блистер) жасалған қабықпен, контурлы ұяшықты қаптамаға қапталған, дайын дәрілік құралдардың қатты желатин капсулалары;

Жобаланған өндірісте шығаруды қарастырған дайын дәрілік құралдар таблеткалары мен капсулалары келесі топтарға жатады:

- Жалпы терапиялық тағайындалатын препараттар;
- Цитостатик препараттар.

*Өндіріс қуаттылығы*

Өндірістің жоспарланған жылдық көлемі 184 692 930 таблетка/капсулалар, оның ішінде:

– Жылына жалпы терапиялық тағайындалатын 183 408 000 таблетка /капсула;

– Жылына 1 284 930 таблетка/капсула препараттар – цитостатиктер.

Шығарылуы жоспарланған препараттар тізімі 17 кестеде көрсетілген.

*Өндірістің күн тәртібі*

Жұмыс тәртібі - мерзімді  
 Бір жылдағы жұмыс күндерінің саны - 250  
 Ауысым саны - 2  
 Ауысым ұзақтығы - 7 сағат.

Кесте 17 – Өндіруге жоспарланған препараттар тізімі

| <b>Онкопрепараттар өндірісінің бөлігі</b> |                      |                                  |                               |  |   |                            |
|---|----------------------|----------------------------------|-------------------------------|--|---|----------------------------|
| №   | Препарат             | Шығару түрі                      | Таблетка\ капсула салмағы, мг | Бір жылға өндіріс қуаттылығы, таблетка / капсула | Бір жылға серия саны (сериядағы таблетка) | Шығарыл атын серия салмағы |
| 1   | Темозоломид          | Капсулалар                       | 130                           | 15 830   | 1 (15830)                                 | 2,058 кг                   |
| 2   | Анастрозол           | Қабықпен көмкерілген таблеткалар | 90                            | 895 000  | 25 (35800)                                | 3,222 кг                   |
| 3   | Иматиниб             | Қабықпен көмкерілген таблеткалар | 530                           | 374 100  | 50 (7482)                                 | 3,966 кг                   |
|   | Барлығы              |                                  |                               | 1 284 930  |   |                            |
| <b>№1 өндіріс бөлігі</b>                  |                      |                                  |                               |  |   |                            |
| 1   | Зидовудин +Ламивудин | таблеткалар                      | 225                           | 22 220 000                                       | 100 (222 200)                             | 50 кг                      |

### 17-кестенің жалғасы

|                          |                       |                                  |     |             |               |       |
|--------------------------|-----------------------|----------------------------------|-----|-------------|---------------|-------|
| 2                        | Циклосерин            | Капсулалар                       | 200 | 75 000 000  | 300 (250 000) | 50 кг |
| 3                        | Тенофовир             | Қабықпен көмкерілген таблеткалар | 300 | 16 666 000  | 100 (166 660) | 50 кг |
|                          | Барлығы               |                                  |     | 113866000   |               |       |
| <b>№2 өндіріс бөлігі</b> |                       |                                  |     |             |               |       |
| 1                        | Эналаприл             | Таблеткалар                      | 355 | 7 042 000   | 100 (70 420)  | 25 кг |
| 2                        | Эфавиренз             | Қабықпен көмкерілген таблеткалар | 200 | 37 500 000  | 300 (125 000) | 25 кг |
| 3                        | Фитосед               | Капсулалар                       | 100 | 25 000 000  | 100 (250 000) | 25 кг |
|                          | Барлығы               |                                  |     | 69 542 000  |               |       |
|                          | Зауыт бойынша барлығы |                                  |     | 184 692 930 |               |       |

#### 5.2.1 Өндіріс технологиясы бойынша шешімдер сипаттамасы мен негізделуі

Берілген жобаны жасау кезінде келесі бастапқы деректер қолданылды: дайын дәрілік құралдарды өндірудің технологиялық регламенттері, өндірістің технологиялық схемасы, жобаланған цехтың өндіріс алаңында орналастыру қарастырылған қондырғылардың құжаттық деректері.

Өндіруге болжамданған препараттар номенклатурасын ескере отырып, өндірістік копушта келесі бөліктер жобаланған:

№ 1 жалпы тағайындалатын, қатты дәрілік құралдар өндірісінің бөлігі. Бөлікте үш дәрілік затты бір мезетте шығаратын үш тәуелсіз өндіріс линиясы қарастырылған. Бұл бөлікте өндірілген бір препарат сериясының салмағы 25-50 кг (Қосымша Д).

№ 2 жалпы тағайындалатын, қатты дәрілік құралдар өндірісінің бөлігі. Бөлікте үш дәрілік затты бір мезетте шығаратын үш тәуелсіз өндіріс линиясы қарастырылған. Бұл бөлікте өндірілген бір препарат сериясының салмағы 7-25 кг (Қосымша Е)

Препарат – цитостатиктерді өндіру бөлігі. Бөлікте үш дәрілік затты бір мезетте шығаратын үш тәуелсіз өндіріс линиясы қарастырылған. Бұл бөлікте өндірілген бір препарат сериясының салмағы 2 - 5 кг. (Қосымша Ж)

Бастапқы материалдар мен дайын өнімнің сапасын бақылау үшін, әкімшілік-тұрмыстық корпушта сапасын бақылаудың физико – химиялық және микробиологиялық зертханалары жобаланған.

*GMP талаптары мен лицензиялық шарттарды орындау бойынша жобалық шешімдер*

Жобаланған өндірісте шығаруы болжанған дәрі-дәрмектер дәрілік құралдарға жатады. «Дәрілік құралдарды өндіру. Тиісті өндірістік тәжірибе, ҚР СТ 1617-2006» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартына сәйкес, жоба бойынша «D» өндірістік бөлмелердің тазалық классы қабылданған.

Дайын өнімді карау, этикеттеу мен қаптаумен байланысты соңғы технологиялық операциялар бақыланатын (фармацевтикалық) зонада, бірақ, «D» класының ғимараттарына максималды жақындатылған бөлмелерде жүзеге асырылады.

Бөлменің тазалық класы бөлмені оқшаулайтын арнайы конструкциялармен, вентиляция және ауаны кондиционерлеумен, бөлмеге берілетін ауаның көп сатылы фильтрациясы және бөлме аралық қысымның ауысуымен қамтамасыз етіледі. Өндіріс процесінде бастапқы шикізат немесе өнімнің басқа шикізатпен немесе өніммен контоминациясын болдырмау өте маңызды. Айқаспа контоминация қауіпі, шикізат немесе өнімді өңдеу кезінде, қондырғыда шикізат қалдығының болуы нәтижесінде және технологиялық киімді дұрыс емес қолданған кезде шаңның, газдың, бу немесе микроағзалардың бақылаусыз таралуында болады.

GMP талаптарына сәйкес өндірісті ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- Шикізат пен материалдардың айқаспалы контоминациясының алдын алу;
- Өндірістік бөлмелер арасында ауаның қажетті тазалығын, температурасын, ылғалдылығы мен қысымының ауысуын қадағалайтын, вентиляция мен кондиционерлеудің арнайы жүйесін қолдану;
- Арнайы құрылыс конструкциясы мен материалдарды қолдану;
- Технологиялық процесс пен материалдар мен қызметкерлердің қозғалуын нақты ұйымдастыру;
- Кәсіпорын құжаттары жүйесіне жоғары талаптар мен ондағы жазылған талаптарды мүлтіксіз орындау;
- Сапасын бақылау;
- Қызметкерлерді үздіксіз оқыту.

GMP ережелеріне сәйкес дәрілік құралдардың өндірісі «таза бөлме» деп аталатын бөлмелерде жүзеге асырылады. Өндірістік бөлмелер («таза бөлмелер») –бұл өндіріс тазалығының қажетті шарттарын қамтамасыз етуге арналған, күрделі инженерлік қондырғы.

Таза бөлме – бұл тазалық класына сәйкес, аэрозольды бөлшектер мен микроағзалардың ауадағы сандық концентрациясын белгілі шекарада ұстап тұратын бөлме.

Өндіріс процесінде бастапқы шикізат пен өнімнің басқа шикізат пен өнім контоминациясын болдырмау маңызды. Айқаспа контоминация қауіпі, шикізат немесе өнімді өңдеу кезінде, қондырғыда шикізат қалдығының болуы нәтижесінде және технологиялық киімді дұрыс емес қолданған кезде шаңның, газдың, бу немесе микроағзалардың бақылаусыз таралуында болады. Айқаспа

контоминацияны болдырмау мақсатында дайын дәрілік құралдар өндіру процесінде келесі шешімдер қабылданған:

– Дәрілік құралдарды өндіру дәрілік препаратты ауыстыру алдында, құрылғылар мен бөлмені тазартуды қарастырады, бірақ тәулігіне 1 реттен кем емес;

– Таблеткалар мен капсулаларды өндірісінде бірнеше препараттарды бір мезгілде жасау мүмкіндігі үшін, тәуелсіз вентиляциясы бар өзіндік бөліктер ұйымдастырылған;

– Өндірістік бөлмеге кіру және тазалығы жоғары бөлмеге ауысу арнайы ауа шлюздары арқылы жүзеге асырылады;

– Дәрілік препаратты өндірудің технологиялық процесінен кейін барлық технологиялық киім жабық ыдысқа жиналып, өндірістік бөлме ішінде жуылып, санитарлы өңдеуден өткізіледі;

– Барлық бөлмелерде ауа алмасудың тура жүйесі қарастырылған сүзгі жүйесі арқылы өңделген ауа 100% сыртқа шығарылады.

Қызметкерлерді, бөлмелер мен қондырғыларды дайындау, технологиялық процестің жеке кезеңіне жатады, жұмысшы процедуралар стандарттарына сәйкес орындалады, олардың орындалуы препарат сериясын өндіру хаттамаларында тіркеледі.

Құралдармен, материалдар және өніммен жүргізілетін кез-келген әрекеттер, жазбаша технологиялық нұсқаулықтарға сәйкес нақты бекітілген әдістер бойынша жүзеге асырылады және әрбір әрекеті хаттамамен рәсімделеді. GMP шарттарында жұмыс жасауда санкционирленбеген әрекеттер, нұсқаулықты мұқият орындамау рұқсат етілмейді және технологиялық операциялар мен қауіпсіздік талаптарын тиісті орындауға жеке жауапкершілік қарастырылған.

Жоғарыда аталғандарды орындау үшін, жобада жоспарлы шешімдер қарастырылған, арнайы конструкциялық материалдар қолданылған, қажетті түрде ауаны дайындау жүргізілген, берілген тазалық класындағы таза бөлмелерде жоспарланған дәрілік құралдарды шығаруды қамтамасыз ететін, жоғары технологиялық заманауи құрылғылар таңдалған.

«Таза» бөлмеге кіру алдында қызметкерлер және дайындалатын ауа шлюздары қарастырылған. Өндіріске шикізат пен материалдар материалды шлюз арқылы беріледі, дайын өнім «таза» зонадан қаптау бөлігіне ауа шлюздары арқылы беріледі.

Ғимараттарды жоспарлау мен орналастыру шешімдері өрт – жарылуы қауіпсіздігі нормалары мен GMP ережелеріне сәйкес қабылданады. Өндіріс алаңдарында талап етілген тазалықты қамтамасыз ету үшін өндірістің сәйкес санитарлы дайындығы қажет: ғимараттар, қондырғылар, қызметкерлер, ауа вентиляциясы (үш сатылы тазарту мен ауа алмасуының қажетті реттілігін қамтамасыз ету).

*Препарат – цитостатиктер мен жалпы тағайындалатын препараттардың айқаспа контоминациясының алдын алудағы техникалық шешімдер*

Жоба бойынша препарат – цитостатиктер мен жалпы тағайындалатын препараттардың айқаспа контоминациясын алдын алу үшін келесі техникалық шешімдер қарастырылған:

– Препарат – цитостатиктер сынамасын алу шикізат материалдарының қоймасында жеке ғимаратта изоляторда жүргізіледі (1037 бөлме);

– Цитостатик – препараттарды өндіру жеке өндірістік алаңда қарастырылған (146-158 бөлме);

– Цитостатиктердің барлық өндірістік операциялары, цитостатик шаңын қоршаған ортаға шығармайтын, изоляторларда жүргізіледі;

– Бұл бөлімге қызметкерлердің кіруі мен шығуы жеке ауа шлюзы арқылы жүзеге асырылады: кіру 149 бөлме, шығу 162 бөлме;

– Материалдарды беру мен өнімді тиеу жеке ауа шлюзы (145 бөлме) арқылы қарастырылған;

– Цитостатик-препараттар үшін киімді жуу өндірістік алаңда (148 бөлме) қарастырылған;

– Цитостатик-препараттарды өндіру алаңы үшін ауа рекуперациясы жүйесімен жеке вентиляция қарастырылған. Жергілікті ауа сорғыштар жүйесінен және жалпы ауа алмасу жүйесінен ауаны шығаруда HEPA – фильтрлер Н 114 қарастырылған;

– Цитостатик-препараттар үшін вентиляциялық камералар жеке ғимаратта (203 бөлме) орналасқан, ол жалпы тағайындалатын препараттар өндіру алаңынан жеке орналасқан;

– Цитостатик – препараттар сапасын бақылау (ыдырауы, қаттылығы мен таблетка массасы) изоляторда (154 бөлме) жүргізіледі.

– Өндірістік шикізат материалдарының қоймасында цитостатик – препараттар мен дайын дәрілік өнімдер герметикалық жабық қаптамада сақталады және жалпы тағайындалатын материалдармен айқаспа контоминация тәуекелділігі болмайды.

Барлық жоғарыда аталған техникалық шешімдер цитостатик – препараттар мен жалпы тағайындалатын препараттар арасында айқаспа контоминациясы мүмкіндігін жояды және Қазақстан Республикасының «Дәрілік құралдар өндірісі. Тиісті өндірістік тәжірибе. «Негізгі ережелер» ҚР СТ 1617-2006 01.01.2008ж.» Мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес.

#### *Өндірістің санитарлы дайындығы*

Өндірістің санитарлы дайындығы, кәсіпорынның жасап, бекіткен жұмысшы процедуралар стандарттарына сәйкес жүргізіледі. Өндірістің санитарлы дайындығы келесі процедуралардан тұрады:

- Өндірістік ғимаратты дайындау;
- Технологиялық қондырғыларды дайындау;
- Қызметкерлер мен технологиялық киімді дайындау;
- Ауа вентиляциясын дайындау мен ауа алмасудың қайталануын қамтамасыз ету;
- Шикізатты дайындау мен дайын өнімді сақтау.



### *Өндірістік ғимаратты дайындау*

Ғимаратты жұмысқа дайындау – бұл құрғақ және ылғалды жинау, дезинфекциядан тұратын іс – шаралар кешені. Бұл шаралар сәйкес тазалық класына қол жеткізу мен сақтауға бағытталған.

Өндірістік ғимаратты дайындау жазбаша нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Өндірістік ғимаратты дайындауға дәрілік препаратты ауыстыру алдында рұқсат етіледі бірақ тәулігіне бір реттен кем емес.

Ғимаратты орналастыру, су құбырларын, жарық беретін қондырғыларды монтаждау, тазартуды қажет ететін ойықтарсыз жасалған. Қабырғалар, едендер мен бөлменің төбесі қуыстар мен біріккен жерлері тегіс жасалған, оңай, тиімді тазартылып, дезинфекцияланады.

Тазарту материалы ретінде паралон губканы немесе шеттері өңделген талшықтары жоқ, синтетикалық материалдан жасалған маталарды қолданады.

Тазалыққа арналған инвентарь өндірістік ғимараттың тазалық класына сәйкес маркирленген, және тағайындалуы бойынша қатаң қолданылады. Тазалау процедураларының арасында тазалауға арналған құрал – саймандар жеке арналған бөлмелерде сақталады:

– «D» тазалық класы ғимаратын тазалауға арналған – №105, 127, 147 ғимарат;

– Жіктелмеген ғимараттарды жинауға арналған – №1018, 1024, 1036 ғимараттар.

Дәрілік құралдарды өндіру процесі мерзімді. Әрбір өндірістік кезең аяқталғаннан кейін ғимараттан барлық шикізат пен материалдар қалдығын шығарып, ғимаратта тазалау процедурасын жүргізеді.

Өндірістік ғимараттарды және қондырғыларға санитарлы өңдеу жүргізу журналда жазбамен және өндіріс сериясының хаттамаларында тіркеледі.

Дәрілік құралдарды жасау бөлмесін дайындау үшін қажетті жуу, жуу-залалсыздандыру және залалсыздандыру құралдарының жұмысшы ерітінділерін дайындау №105, 127, 147 бөлмелерде жүргізіледі. Сол бөлмелерде жуу және залалсыздандыру құралдарының қорын сақтау қаралған.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі рұқсат еткен және бекіткен жуушы – дезинфекциялаушы құралдар мен антисептиктерді қолдану қажет.

Жуушы – дезинфекциялаушы ерітінділер герметикалық тасымалданатын ыдыста немесе тот баспайтын ыдыста дайындалады. Ыдыс міндетті түрде маркирленеді.

Ерітінді шығыны – 100-150 мл/м<sup>2</sup>.

Қолдану алдында белгілі қатынаста суда еритін дайын дезерітінділерін де қолданады. Ерітінділерді дайындау үшін тазартылған суды қолданады.

#### *Технологиялық құрал - жабдықтарды дайындау*

Технологиялық құрал – жабдықтарды дайындау келесіден тұрады:

– Құралдардан шикізат қалдықтарын алып тастау үшін, құралдардың қиын қол жететін жерлерін тазартуға арналған ұштары бар шаңсорғышты қолданады. Шаңсорғыш HEPA фильтрімен жабдықталған;

– Құрғақ калдықтардан алдын ала тазартылғаннан кейін құралдарды жуушы құралдарды қолдана отырып, жылы суда жуады, содан кейін дезинфекциялап, тазартылған сумен шаяды;

– Қайнату қабатын кептіру мен таблеткаларға қабық көмкеретін машиналарды жуу жабдықталған душы бар ұштықтар арқылы жүргізіледі;

– Технологиялық ыдыстарды (бөшкелерді), технологиялық құралдарды жуу, құралдарға арналған орындар: жуу орны, душшты поддон, столмен жабдықталған № 110, 128, 150 ғимараттарында қолмен жуылады. Жуу орнына шаруашылық салқын және ыстық ас суы мен шаюға арналған тазартылған су қосылған. Жуудан кейін қысымдағы ауамен ылғалдылықты алу үшін үрлеп, таза ыдыстарды сақтауға арналған ғимаратқа (№111, 129, 151) беріледі.

Препараттан препаратқа өту кезінде жуудан кейін өңделген препараттың қалдығын тексеру үшін аналитикалық бақылау жүргізіледі.

Технологиялық процесс алдында өніммен жанасатын құралдардың беті 76% этил спиртінің ерітіндісімен сүртіледі.

Дәнекерлеуші және басқа да жөндеу жұмысшыларының құралдары тасымалдаушы пластикті қораптарда сақталады, «таза» аймаққа кіру кезінде дезинфекциялық ерітінділермен өңделеді.

Құралдарды дайындау процедурасы міндетті түрде валидациядан өтетін, жазбаша әдістемелерге сай орындалады.

Қондырғылар тек таза және құрғақ түрде сақталады, тазалауды жүргізу туралы жазба журналға және өндіріс сериясының хаттамасында тіркеледі. Қондырғыда қажетті ақпарат бар этикетка болады.

#### *Технологиялық киімді дайындау*

Технологиялық киім жиынтығы қолданатын қызметкерлер ғимараттың қандай тазалық классына жататындығына байланысты болады.

Технологиялық киім атаулы болады, адамның өлшемін ескере отырып таңдалады және шикізатты, жартылай өнім мен дайын өнімді микроағзалар мен механикалық бөлшектердің екіншілік контоминациясынан сақтау үшін талшықсыз матадан жасалады.

Таза ғимараттар үшін киімді дайындау мен ары қарай оны қолдану қосымша ластануға жол бермей, контоминацияның себебі болмауға бағытта отырып қолданылады.

Технологиялық киімді дайындау бойынша барлық жұмыстар жазбаша әдістемелерге сәйкес орындалуы қажет.

Технологиялық киімнің микробиологиялық тазалығын анықтау киім жуылғаннан кейін киім бетінен жуынды алу арқылы немесе өндіріс процесі барысында бірнеше жұмысшылардан жуынды алу арқылы жүргізіледі.

Ауыспалы киімді және жіктелмеген ғимараттар үшін киім дайындауды, технологиялық киім дайындау ғимаратында жүзеге асыру қарастырылған.

Кір киімді қақпағы бар контейнерлерге жинап, қызметкерлер үшін ауа шлюзіне бекітеді (№103, 104, 125, 126, 149, 162 бөлме), және де технологиялық киімдерді дайындау бөлмесіне (№ 108, 143, 148 бөлме) жібереді.

### *Қызметкерлерді дайындау*

Қызметкерлерді тұрмыстық ғимараттармен қамтамасыз ету үшін, далаға және ауыстыратын киімге арналған шкафтары бар гардеробтар қарастырылған және де, өндірістік процестің санитарлы тобына сәйкес қажетті санитарлы – техникалық құралдар кешені қарастырылған.

«D» класы «таза» ғимаратына кіру алдында, қызметкерлер дайындық процедураларынан өтетін, ауа шлюздері қарастырылған: ауыспалы киім мен аяқ киімді шешеді, қолдарын жуушы құралдармен жуады, технологиялық киімді, аяқ киім мен бахиланы киіп, қолдарын дезинфекциялық ерітіндімен өндеп, қолғап киеді. Жоғарыда аталған процедураларды жүргізгеннен кейін қызметкерлер өз жұмыс орындарына барады.

Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер медициналық тексеруден, мамандық бойынша дайындықтан өткізіп, GMP талаптарын оқытуды, технологиялық киімді кию мен ауыстыру ережелерін оқытуды, «таза» ғимаратта жүру тәртібін, технологиялық операцияларды орындау тәртібі мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін үйретеді.

Дәрілік құралдарды өндіру мен сақтаумен байланысты жұмысқа, инфекциялық аурулары бар адамдар, терісінде ашық жарақаты бар адамдар, патогенді флораны тасымалдаушылар, аллергиялық және тері аурулары бар адамдар жіберілмейді (денсаулығы қалпына келгенге дейін).

Қызметкерлер өздерінің жетекшілеріне (ұстасына, технологқа) дәрілік құралдар сапасына ықпал ететін жағымсыз симптомдар туралы айтуы тиіс және жеке гигиена ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

Қызметкерлерді жұмысқа дайындаудың негізгі процедуралары:

1. Сыртқы киім гардеробында (№1020, 1023 бөлме) қызметкерлер сырт киімін, бас киімін, далаға киетін аяқ киімін күнделікті киімін, сағатын, сақина, зергерлік бұйымдарды шешіп, косметикасын жуады.

Ары қарай, қолдарын өңдеу үшін, бақыланатын аймақта жүру мен жұмыс істеу үшін ауыспалы киім жиынтығын киеді (халат, қалпақша немесе орамал, аяқ киім).

2. №103, 104, 125, 126, 149, 162, 1038, 1039 Ауа шлюзінде қызметкерлер:

– Ауыспалы киімді шешеді;  
– Аралық орындыққа жеткен кезде ауыспалы аяқ киімін «таза» өндірістік аймаққа арналған аяқ киімге ауыстырады;

– Ауа шлюзінің «таза» аймағында қолды өңдеу нұсқаулықтарына сәйкес қолдарын өңдейді;

– «таза» ғимараттарда жұмыс жасауға арналған киім жиынтығын киеді. Ол кезде алдымен қалпақша, кейін күртеше мен шалбар киіледі;

– Масканы киеді;

– Қолғапты киеді;

– Айна алдында киімін түзулейді.

### *Шикізатты дайындау мен дайын өнімді сақтау*

Шикізат пен материалдарды сақтау үшін жоба бойынша шикізат пен материалдар қоймасы қарастырылған. Сол аймақтың өзінде карантинді сақтау аймағы қарастырылған. Одан басқа сынаманы таңдаудың екі бөлмесі

қарастырылған (цитостатик – препараттар өндірісіне арналған шикізат пен материалдар үшін, бөлме изолятормен жабдықталған) (№1037) және жалпы тағайындалатын препараттарды өндіруге арналған шикізат пен материалдар бөлмесі (№1040 бөлме) және мөр басылған құжаттарды сақтауға арналған №1042 бөлме қарастырылған. Сынамаларды таңдау үшін бөлмеге кіру қызметкерлер үшін №1038 және 1039 ауа шлюздері арқылы қарастырылған. Шикізат пен материалдар бөлмелерге жеке ауыстыру шлюздері арқылы беріледі.

Төмен температурада шикізатты сақтау үшін №1034 мұздатқыш камералар қарастырылған.

Бастапқы шикізат пен материалдың әрбір жеткізілуіне спецификация жасалуы тиіс.

Өндіріске шикізат материалдарға арналған ауа шлюздері арқылы (№101, 123, 145) түседі, ол жерде біріншілік қаптамасынан босатылады, егер мүмкін болмаса - қаптама сырты дезинфекциялық ерітіндімен өңделеді. Содан кейін D класы бөлмелерінде жұмыс жасауға арналған қол арбада шикізатты дайындау бөлмесіне (№106, 136, 152) бағыттайды.

Біріншілік қаптама материалдары (капсула, фольга, ПВХ қабығы) қаптау бөлімдеріне материалды шлюз арқылы беріледі. Екіншілік қаптама материалдары (қораптар, нұсқаулықтар және т.б.) қаптамадан босатылып, қаптау бөлімдеріне бағытталады.

Дайын өнімдер қоймада (№1046 бөлмеде) сақталады. Дайын өнімді карантинді сақтау үшін арнайы зоналар қарастырылған. Қоймада дайын өнімді тиейтін зона, өндірістік қалдықтар мен ақауы бар құралдарды сақтайтын зоналар да бөлінген. Төмен температурада дайын өнімді сақтау үшін №1045 мұздатқыш камера қарастырылған.

*№ 1 бөлімде жалпы тағайындалатын дайын дәрілік құралдардың таблеткалары мен капсулалары өндірісінің технологиялық процесін мазмұндау*

Қатты дәрілік құралдарды өндіру бойынша бөлімді жобалау кезінде үш параллельді линияда өнімді жасау мүмкіндігі ескерілді, бұл айкаспа контоминацияның алдын алып, үш препаратты бір мезетте жасауға мүмкіндік береді.

Қоймадан шикізат өндіріске №101 материалдарға арналған ауа шлюзы арқылы түсіп, №106 бөлме жіберіледі, ары қарай X 5 жүктеме шкафында Г 8 виброелектен еленіп, қажеттілігі болса, ГФ6 диірменінде майдаланады. Ары қарай, бір серияны дайындауға қажетті көлемде 50 л көлемді С4 технологиялық ыдыста шикізатты өлшейді. Ыдыс таразыға ТР7 көтеру колоннасы арқылы беріледі. Өлшенетін шикізаттың түрлілігіне байланысты таразының үш түрі қарастырылған (КП10, КП11, КП12). Көлемі 50 л сыйымдылығы С4 ыдысындағы қалған шикізаттың бетін жауып, этикетка қыстырып, №107 шикізат қалдықтарын сақтайтын қоймаға жөнелтеді.

Өлшенген шикізат 200 мл ыдыста таблеткалау немесе №115 бөлмесінде капсуланы толтыру кезеңіне жіберіледі.

Серия ГФ 16 смеситель – грануляторда қалыптасады, ол 25 тен 50 кг дейін серияны жасауға мүмкіндік береді. Араластырғыш – грануляторды толтыру

ГФ 162 сусымалы материалдарды вакуумды толтыру көмегімен жүргізіледі. Құрғақ компоненттерді гомогенді қоспа түзілгенге дейін  $20 \pm 5$  минут көлемінде араластырады.

Ылғалдандырғышты тазартылған су негізінде жылжымалы Р14 реакторында дайындайды. Ылғалдандырғышты араластырғыш – грануляторға перистальтикалық насос арқылы енгізеді.

Араластырғыш – гранулятордағы ылғалды массаны СШ 17 кептіргіш жылжымалы контейнерге түсіріп, кептіру кезеңіне жөнелтеді. Күйдірілген қабат кептіргіші ауаны дайындау, өңделген ауаны жеткізу мен тазарту, кірудегі ауа қысымын бақылайтын, шығатын ауаның ылғалдылығын, кептірілген өнімнің температурасы мен кептіру уақытын бақылайтын автоматикамен жабдықталған.

Қалдық ылғалдылыққа дейін кептірілген массаны ГФ19 грануляторында құрғақ грануляциялау кезеңіне бағыттайды. Массаны ГФ 18 пневмотиегіш көмегімен жүзеге асыру қарастырылған. Гранулятордан массаны С9 ыдысына көлемі 200л шығарып алады, сол жаққа алдын ала өлшенген сырғитын агентті қосып, ГФ 20 опаландырғышта араластырады, оны 25-50 кг серия өндірісінде қолданады. Егер серия салмағын арттыру қажеттілігі болса, онда ГФ 22 көлемі 300 мл араластырғыш – опаландырғыш қарастырылған.

Сынаманы алғаннан кейін жабық технологиялық ыдыстардағы дайын масса сәйкес маркирлеумен №118 бөлмеге карантинді сақтауға жіберіледі. ОКК оң нәтижесі алынғаннан кейін дайын масса капсулалауға немесе таблеткалауға жіберіледі.

Капсуланы толтыру процесі №112 бөлмеде ГФ 28 капсула толтырғыш машинада жүргізіледі және капсуланы бөлу, капсуланы толтыру, дайын өнімді шығару, кондиционды емес капсуланы алып тастау бойынша операцияларды орындаудан тұрады. Капсулаларды түсіру шаңсыздандыру жүйесі арқылы С 25 технологиялық ыдысында жүргізіледі. Шаңсыздандыру жүйесі, әрлеу мен капсуланы толтыру зонасы НЕРА фильтрімен жабдықталған шаңсорғышқа қосылған. Капсулалар салмағын бақылау үшін нақты салмағы  $\pm 0,0001$  г дейінгі КП 29 таразысы қарастырылған.

Капсула толтырғыш машина құрамында капсула салмағын автоматты бақылайтын жүйе қарастырылған.

С 25 ыдысында капсуланы шаңсыздандыру препараттың атауы, серия нөмірі, салмағы, күні, капсулотолтырғыш машина операторының аты – жөні жазылған этикеткамен маркирленеді.

Таблетка өндірісі кезінде №119 бөлмеде таблеткалау кезеңін жүргізеді.

Технологиялық ыдыстан массаны ГФ 24 таблеткалау пресінің бункеріне түсіру ГФ 28-2 вакуумды түсіргіш көмегімен жүзеге асырылады, таблеткаларды түсіру – С 25 технологиялық жинақтағыштан шаңсыздандыру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Таблеткалардың салмағын бақылау үшін нақты салмағы  $\pm 0,0001$  г дейінгі КП 26 таразысы қарастырылған.

Таблетирленген пресс АВС автоматты салмақты бақылау жүйесімен жабдықталған, автоматты режимде таблетканы өндіру процесін, таблетканың салмағын бақылап, статистикалық деректерді жинақтап, өндірілген өнім туралы

есептер дайындайды. Оған қоса, таблетирленген пресс кешенінде металлодетектор қарастырылған.

Таблеткалаудан кейін С 25 жинағын қақпақпен жауып, препараттың атауы, сериясы, салмағы, дайындау күні мен оператордың аты-жөні жазылған этикеткамен маркирленеді.

Таблеткалы преста алынған бүркеулі қабығы бар таблетка өндірісі кезінде таблеткалар №121 бөлмеге жіберіледі. Таблетканы көмкеру ГФ 32 қондырғысында жүргізіледі. Таблетканы көмкеру қондырғысы ауаны дайындау, өңделген ауаны тазарту жүйесі, көмкеру үшін ерітіндіні жіберу жүйесімен жабдықталған. Көмкеруге арналған ерітінді Р 15 реакторында дайындалады.

ОКК өкілі аралық өнімнің сапасын бақылау үшін сынама алады. Талдау нәтижесі ОКК журналы мен серия хаттамасында тіркеледі.

Талдау жүргізу уақытында С 25 аралық жиынтықтар «Карантин» этикеткасымен маркирленіп, №120 бөлмеге жіберіледі.

Дәл осы процедуралар таблетка және капсула өндірісінде де қолданылады.

Талдаудың оң нәтижесі мен ОКК – дан қаптауға рұқсат алынғаннан кейін С 25 аралық жиынтықтардан «Карантин» этикеткасы шешіліп, №113 бөлмеге контурлы ұяшықты қаптама (блистерлерге) қаптау кезеңіне жіберіледі.

Блистерлі автомат ГФ 36 шаңсыздану жүйесімен, блистерлерді кодтау станциясымен, кесу мен кодтау бумасымен термопішіндеу бумасы жұмысының біркелкілігін автоматты бақылау жүйесімен және де, блистерлерді ақаусыздандыру жүйесімен жабдықталған. Қаптау кезінде қаптаманың жабысу сапасы, нөмірінің нақтылығы, жарамдылық мерзімі, блистердегі капсулалар саны бақыланады, блистерлердің салмақты бақылауы ГФ 38 динамикалық таразыда жүзеге асырылады.

Кондиционды блистерлер конвейер көмегімен қаптауға (№1046 бөлме) жіберіледі.

Картонирлеуші автоматта ГФ 37 блистерлерді нұсқаулықпен бірге пачкаға салады. Толтырылған пачкаларды қолмен ГФ 39 қаптама столында картоннан жасалған қорапқа салады. Қорапты полиэтилен лентасымен жапсырып, «Қаптаушы» этикеткасы мен топтық ыдыс үшін этикеткасын жапсырады.

Қапталған және маркирленген өнімді қоймаға, дайын өнімді карантинді сақтау зонасына қояды.

ОКК бақылаушысы дайын өнімнен физико – химиялық және микробиологиялық бақылау жүргізу үшін үлгілер алады.

Сапа сертификаты мен Өкілетті тұлғадан сатуға рұқсат алғаннан кейін, дайын өнімді қойма зонасына береді, ол жерде жарықтан қорғайтын құрғақ жерде сақталады.

Дайын өнімнің мұрағаттық үлгілері мен серия досьесі ОКК сақталады.

*№2 бөлімде жалпы тағайындалатын дайын дәрілік құралдардың таблеткалары мен капсулалары өндірісінің технологиялық процесін мазмұндау*

Қатты дәрілік құралдарды өндіру бойынша бөлімді жобалау кезінде үш параллельді линияда өнімді жасау мүмкіндігі ескерілді, бұл айқаспа

контоминацияның алдын алып, үш препаратты бір мезетте жасауға мүмкіндік береді.

Қоймадан шикізат өндіріске материалдарға арналған №123 ауа шлюзы арқылы түсіп, №136 бөлмеге жіберіледі, кейін X 53 жүктеме шкафында Г 55 виброелектен еленеді. Ары карай, бір серияны дайындауға қажетті көлемде 50 л көлемді С52 технологиялық ыдыста шикізатты өлшейді. Ыдыс таразыға TP54 көтеру колоннасы арқылы беріледі. Өлшенетін шикізаттың түрлілігіне байланысты таразының үш түрі қарастырылған (КП57, КП58, КП59). Көлемі 50 л сыйымдылығы С4 ыдысындағы қалған шикізаттың бетін жауып, этикетка қыстырып, шикізат қалдықтарын сақтайтын қоймаға жөнелтеді.

Өлшенген шикізат 100 мл ыдыста №138 бөлмеде таблеткалау немесе капсуланы толтыру кезеңіне жіберіледі.

Серия ГФ 63 смеситель – грануляторда қалыптасады, ол 7 тен 25 кг дейін серияны жасауға мүмкіндік береді. Араластырғыш – грануляторды толтыру ГФ 63-2 сусымалы материалдарды вакуумды толтыру көмегімен жүргізіледі. Құрғақ компоненттерді гомогенді қоспа түзілгенге дейін  $20 \pm 5$  минут көлемінде араластырады.

Ылғалдандырғышты тазартылған су негізінде жылжымалы Р61 реакторында дайындайды. Ылғалдандырғышты араластырғыш – грануляторға перистальтикалық насос арқылы енгізеді.

Араластырғыш – гранулятордағы ылғалды массаны СШ64 кептіргіш жылжымалы контейнерге түсіріп, кептіру кезеңіне жөнелтеді. Күйдірілген қабат кептіргіші ауаны дайындау, өңделген ауаны жеткізу мен тазарту, кірудегі ауа қысымын бақылайтын, шығатын ауаның ылғалдылығын, кептірілген өнімнің температурасы мен кептіру уақытын бақылайтын автоматикамен жабдықталған. Кептіргіш кептіргішке беретін ауаны сүзу фильтрімен, шығарылатын ауа фильтрімен және сынаманы таңдау патрубқымен жабдықталған.

Қалдық ылғалдылыққа дейін кептірілген массаны ГФ 66 грануляторында құрғақ грануляциялау кезеңіне бағыттайды. Массаны ГФ65 пневмотиегіш көмегімен жүзеге асыру қарастырылған. Гранулятордан массаны С56 ыдысына көлемі 100л шығарып алады, сол жаққа алдын ала өлшенген сырғитын агентті қосып, ГФ 67 опаландырғышта араластырады.

Сынаманы алғаннан кейін жабық технологиялық ыдыстардағы дайын масса сәйкес маркирлеумен карантинді сақтауға жіберіледі. ОКК оң нәтижесі алынғаннан кейін дайын масса капсулалауға немесе таблеткалауға жіберіледі.

Капсуланы толтыру процесі №131 бөлмеде ГФ 69 капсула толтырғыш машинада жүргізіледі және капсуланы бөлу, капсуланы толтыру, дайын өнімді шығару, кондиционды емес капсуланы алып тастау бойынша операцияларды орындаудан тұрады. Капсулаларды түсіру шаңсыздандыру жүйесі арқылы С 70 технологиялық ыдысында жүргізіледі. Шаңсыздандыру жүйесі, әрлеу мен капсуланы толтыру зонасы НЕРА фильтрімен жабдықталған шаңсорғышқа қосылған. Капсулалар салмағын бақылау үшін нақты салмағы  $\pm 0,0001$  г дейінгі КП 71 таразысы қарастырылған.

Капсула толтырғыш машина құрамында капсула салмағын автоматты бақылайтын жүйе қарастырылған.

С 70 ыдысында капсуланы шаңсыздандыру препараттың атауы, серия нөмірі, салмағы, күні, капсулотолтырғыш машина операторының аты – жөні жазылған этикеткамен маркирленеді.

Таблетка өндірісі кезінде таблеттеу сатысы №132 бөлмеде жүргізіледі.

Технологиялық ыдыстан массаны ГФ 73 таблеткалау пресінің бункеріне түсіру ГФ 73-2 вакуумды түсіргіш көмегімен жүзеге асырылады, таблеткаларды түсіру – С 70 технологиялық жинақтағыштан шаңсыздану жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Таблеткалардың салмағын бақылау үшін нақты салмағы  $\pm 0,0001$  г дейінгі КП 74 таразысы қарастырылған.

Таблетирленген пресс АВС автоматты салмақты бақылау жүйесімен жабдықталған, автоматты режимде таблетканы өндіру процесін, таблетканың салмағын бақылап, статистикалық деректерді жинақтап, өндірілген өнім туралы есептер дайындайды. Оған қоса, таблетирленген пресс кешенінде металлодетектор қарастырылған.

Таблеткалаудан кейін С 70 жинағын қақпақпен жауып, препараттың атауы, сериясы, салмағы, дайындау күні мен оператордың аты-жөні жазылған этикеткамен маркирленеді.

Таблеткалы пресе алынған бүркеулі қабығы бар таблетка өндірісі кезінде таблеткалар №140 бөлмеге жіберіледі. Таблетканы көмкеру ГФ 77 қондырғысында жүргізіледі. Таблетканы көмкеру қондырғысы ауаны дайындау, өңделген ауаны тазарту жүйесі, көмкеру үшін ерітіндіні жіберу жүйесімен жабдықталған. Көмкеруге арналған ерітінді Р 62 реакторында дайындалады.

ОКК өкілі аралық өнімнің сапасын бақылау үшін сынама алады. Талдау нәтижесі ОКК журналы мен серия хаттамасында тіркеледі.

Талдау жүргізу уақытында С 70 аралық жиынтықтар «Карантин» этикеткасымен маркирленіп, №133 бөлмеге жіберіледі.

Дәл осы процедуралар таблетка және капсула өндірісінде де қолданылады.

Талдаудың оң нәтижесі мен ОКК – дан қаптауға рұқсат алынғаннан кейін С 70 аралық жиынтықтардан «Карантин» этикеткасы шешіліп, контурлы ұяшықты қаптама (блистерлерге) қаптау кезеңіне жіберіледі.

Блистерлі автомат ГФ 81 шаңсыздану жүйесімен, блистерлерді кодтау станциясымен, кесу мен кодтау бумасымен термопішіндеу бумасы жұмысының біркелкілігін автоматты бақылау жүйесімен және де, блистерлерді ақаусыздандыру жүйесімен жабдықталған. Қаптау кезінде қаптаманың жабысу сапасы, нөмірінің нақтылығы, жарамдылық мерзімі, блистердегі капсулалар саны бақыланады, блистерлердің салмақты бақылауы ГФ 83 динамикалық таразыда жүзеге асырылады.

Кондиционды блистерлер конвейер көмегімен №135 бөлмеге қаптауға жіберіледі.

Картонирлеуші автоматта ГФ 82 блистерлерді нұсқаулықпен бірге пачкаға салады. Толтырылған пачкаларды қолмен ГФ 84 қаптама столында картоннан



жасалған қорапқа салады. Қорапты полиэтилен лентасымен жапсырып, «Қаптаушы» этикеткасы мен топтық ыдыс үшін этикеткасын жапсырады.

Қапталған және маркирленген өнімді қоймаға, дайын өнімді карантинді сақтау зонасына (№1046 бөлме) қояды.

ОКК бақылаушысы дайын өнімнен физико – химиялық және микробиологиялық бақылау жүргізу үшін үлгілер алады.

Сапа сертификаты мен Өкілетті тұлғадан сатуға рұқсат алғаннан кейін, дайын өнімді қойма зонасына береді, ол жерде жарықтан қорғайтын құрғақ жерде сақталады.

Дайын өнімнің мұрағаттық үлгілері мен серия досьесі ОКК сақталады.

*Цитостатик препараттарын өндірудің технологиялық процесінің мазмұны*

Шикізат қоймасынан шикізатты материал өндіріс алаңына №145 ауа шлюздары арқылы беріледі. Шлюзде шикізат материалдарын ыдыстарға бөліп екіншілік қаптамадан босатып, тасымалдаушы арбамен ТР 102 таза бөлмеге жұмыс жасау үшін жеткізіледі. Таза бөлмелерге жіберілген кезде біріншілік қаптамасы дезинфекциялық құралдармен өңдеуге ұшырайды. Шикізатты (цитостатик – препараттарды өндіру үшін субстанциялар) КП 104 таразысында ГФ 103 изоляторында өлшейді. Көмекші материалдарды ГФ 105 столында КП 106 таразысында өлшейді. Қажеттілігі болған жағдайда көмекші материалдарды ГФ 107 калибраторында майдалап, елейді. Таблеткалау мен капсулалау үшін түйіршіктерді дайындау изолятордың астында орналасқан грануляциялау линиясында жүргізіледі. Линия құрамына кіреді: араластырғыш - гранулятор ГФ110.1, кептіргіш - гранулятор ГФ110.2, калибратор ГФ110.3 және биндерге арналған мультиблендер ГФ110.4. Линия сыйымдылығы 20 және 40 л биндермен жабдықталған, бұл бір серияның 5 және 10 кг көлемінде таблеткалау үшін массаны алуға мүмкіндік береді. Алынған таблетка масса жылжымалы ГФ 115 биндері арқылы № 155 бөлмеге жіберіледі. ГФ 115 көтергіш колонна көмегімен бин ГФ 114 таблетпрестің тиеу бункеріне орнатылады. Таблетпресс таблеткаларды шансыздандыру жүйесімен және металлодетектормен жабдықталған. Алынған таблеткалар №157 бөлмеде ГФ 117 көмкеру машинасының көмегімен таблетка бетін көмкеру бөлмесіне түседі. Көмкеру машинасы Р 118 реакторымен жабдықталған, таблетка массаның қатты желатин капсулаларына қапталуы №156 бөлмеде ГФ 122 капсула толтырғыш машинасында жүргізіледі. ГФ 121 көтергіш колоннасының көмегімен бин капсулатолтырғыш ГФ 122 машинасының бункеріне орнатылады. Қабықпен көмкерілген толтырылған капсулалар мен таблеткалар герметикалық жабысқан пакеттерде карантинді сақтау үшін стеллаждарға қойылады. ОКК рұқсатын алғаннан кейін капсулалар блистерлі қаптамаға ГФ 125 блистерлі автоматының көмегімен қапталады. Блистерлі қаптамалар дәрілерді беру шлюзы арқылы № 161 қаптау бөлмесіне жөнелтіледі. ГФ 126 столында блистерлі қаптамаларды қолмен жеке картоп қораптарға нұсқаулықпен бірге салады. Пайдалану бойынша нұсқаулықтар алдын ала ГФ 128 бүктеу аппаратында №1042 бөлмесінде бүктеледі. Пачкалар картонды гофрақораптарға салынып, скотчпен жапсырылады. Қорапқа препарат атауы, серия нөмірі мен жарамдылық мерзімі жазылған этикетка жаспысырылады. Серияны пішіндеп болғаннан кейін ТР1

арбасы арқылы №1046 карантинді қоймаға беріледі. Қызметкерлерді улы құралдардан қорғау мақсатында цитостатиктерді дайындайтын барлық технологиялық процестер, қорғаудың бес деңгейі изолятордың астында жүргізіледі.

### **5.2.2 Өнімді дайындаудың қиындығы туралы деректер, технологиялық процестердің механизациясы мен автоматизациясы**

Процестердің максималды механизациясы мен автоматизациясы жобамен қарастырылған.

Негізгі технологиялық процестерді бақылау мен басқару жүйелерімен жабдықталған, механизирленген және автоматтандырылған қондырғыларда жүргізу қарастырылған.

Шикізатты технологиялық қондырғыларға тиеу үшін тиегіш колонналар мен тиегіш қондырғылар қарастырылған.

Көмекші операцияларды кіші механизациялау құралдарының көмегімен жүзеге асыру қарастырылған. Дайын өнімді пайдалану мен тасымалдау орындарына шикізат пен материалдарды жеткізу үшін вилочкалы және платформалы кол арбалар қолданылады.

Тиеу – түсіру операциялары үшін қойма бөлмелерінде аккумуляторлы батареялардағы жүк тиегіштер қарастырылған. Жіктелмеген зоналарды қойма бөлмелері мен коридорларды жинау механизациясының мәселелері шаңсорғыштар мен тазалау машиналарын қолдану арқылы шешіледі.

### **5.2.3 Қолданылатын құралдар құрамы мен негізделуі**

Технологиялық құралдарды таңдау кезінде келесі принциптер сақталды:

- Технологиялық тағайындалуына сәйкестік ;
- Берілген өндіріс өндіруін қамтамасыз ету ;
- GMP талаптарына сәйкестік.

Технологиялық процестерді жүргізу үшін жобада, импорт бойынша қажетті технологиялық қондырғыларды сатып алу қарастырылған. Оның конструкциясы, монтажі мен техникалық қызмет ету тәртібі оның тағайындалуына сәйкес келеді.

Технологиялық процесс сипаты мен қасиеттерін ескере отырып, барлық қондырғылар, құбырлар мен арматуралар герметикалық жабық және тот баспайтын болаттан жасалған түрлері таңдалды, бұл сәйкес сапа мен өндірілетін өнімнің «тазалығын» қамтамасыз етеді.

Дәрілік құралдар өндірісі цехының технологиялық қондырғысының тізімі мен сипаттамасы Қосымша 3 келтірілген.

Зертхана қондырғылары, аналитикалық және өлшеу приборлары орнатылған зертханалық жиһаз түрінде көрсетілген. Зертханалық жиһазбен және приборлармен жабдықтау тағайындалуына сәйкес қабылданған және сипаты мен өндірістік операция масштабымен шартталған тапсырмаларға сәйкес келеді.

Зертханалық қондырғылар тізімі мен сапасын бақылау бөлімінің зертханалық жиһаз тізімі Қосымша И келтірілген.

#### **5.2.4 Қалдығы аз және қалдықсыз технологиялық процестерді, пайдаланылған материалдарды қайталап қолдану бойынша шешімдер**

GMP шарттарында дайын дәрілік құралдар өндірісінің барлық өндіру процестері қатаң регламенттелуі тиіс. Өндіріс жұмыстары шикізат қалдықтарын, жартылай өнім мен дайын өнім қалдықтарын минимализациялауға бағытталуы тиіс. Берілген өндіріс үшін таңдалған технологиялық қондырғылар өндірістің минималды қалдықтары мен технологиялық операция уақытын жоғалтуды болдырмауды қамтамасыз етеді.

Ақауы бар өнімді қайта өңдеу, нарықтан қайтып келген өнімді қайтадан пайдалану туралы шешім, сапа бақылау бөлімінің арнайы рұқсатымен ғана, мүмкін болатын тәуекелділікті ескере отырып қабылданады.

#### **5.2.5 Жұмыс орындарының саны мен жабдықталуы**

Қатты дәрілік құралдар шығару бойынша зауыттың болжамалы штатты кестесі Қосымша К келтірілген.

Зауыт бойынша барлығы – 118 адам. Оның ішінде :

– Әкімшілік қызметкерлер – 27 адам ;

– Көмекші қызмет – 22 адам ;

– Зертхана – 17 адам ;

– Өндірістік қызметкерлер – 52 адам, оның ішінде ИТР – 6 адам, жұмысшылар – 46.

Өндірістік корпус гардеробында 17 адам киім ауыстырады. Оның 40 – әйел, 34 – еркек.

Әкімшілік корпус гардеробында 17 адам киім ауыстырады, оның: 12 – әйел, 5 – еркек.

Фармацевтикалық кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкерлер қажетті білімге ие болуы тиіс, оның лауазымдық нұсқаулығында бекітілген міндеттерді орындауға қабілетті болуы тиіс.

Өндірістегі әрбір жұмыс орны технологиялық процеске сәйкес қондырғылармен, құралдармен жабдықталуы тиіс.

Зертхана қызметкерлері, оған қоса, басқарушы құрамы талдау жүргізу үшін кәсіби дайындық пен біліктілікке ие болуы тиіс, әрбір маманға лауазымдық нұсқаулықтар болуы тиіс.

Әрбір жұмыс орны, бақылау әдістерінің талаптарына сәйкес талдау жүргізуге қажетті зертханалық жиһазбен, приборлармен, қондырғылар және өлшеу құралдарымен жабдықталуы жобамен қарастырылған.

#### **5.2.6 Өнім сапасын бақылауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар**

Өнім сапасын қамтамасыз ету – дәрілік құралдар сапасының тағайындалуына сәйкес ету кепілдігі мақсатында жүргізілетін, ұйымдастыру шараларының жиынтығы.

Кәсіпорында сапаны қамтамасыз ететін, тиісті өндірістік тәжірибеден, сапаны бақылау мен сапа үшін тәуекелділікті басқаратын жанжақты жасалған және дұрыс қызмет ететін жүйе болуы тиіс. Бұл жүйе толығымен құжатталып, оның тиімділігі бақылануы тиіс.

Сапаны қамтамасыз ететін жүйенің барлық бөліктері тиісті компетентті қызметкерлермен, сәйкес ғимараттардың жеткілікті санымен, қондырғылар мен техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Жобалаушы кәсіпорында сапа бақылауын ұйымдастыру үшін, әкімшілік – зертханалық корпусының екінші қабатында сапа бақылау зертханасын ұйымдастыру қарастырылған, ол химико – аналитикалық, микробиологиялық зертханадан, зертхананы басқару кабинеттерінен, зерттеу нәтижелерін өңдеуге арналған жұмысшы кабинеттерден, санитарлы – тұрмыстық қондырғылармен жабдықталған гардеробтан құралған.

Өндіріс процесінде ағымды бақылау үшін өндірістік корпуста №1025 бөлмеде технологиялық бақылау зертханасы қарастырылған. Таблеткалар мен капсулалардың орташа салмағын бақылау, таблеткалау мен капсулалау бөлмелерінде орналастырылған, зертханалық таразыларда жүзеге асыру қарастырылған.

*Химико – аналитикалық зертхана бойынша негізгі технологиялық шешімдер*

Химико-аналитикалық зертханаларда жұмыстың келесі түрлері орындалады:

– Сатып алуға ұсынылған шикізат, материалдар сынамаларының бақылауы, сапа сертификатын рәсімдеумен графика – баспа өнімдерін бақылау;

– Дайын дәрілік құралдар мен жартылай фабрикалардың сапа көрсеткіштерін бақылау, сапа сертификатын рәсімдеумен тазартылған су сапасын бақылау;

– Талдаудың жаңа әдістерін жасау, дәрі түрлерін талдау бойынша нормативті құжаттарды жасау мен құжатты басқа жұмыстарды жасау;

– Серия бойынша архивті үлгілерді сақтау, жарамдылық мерзімі бойынша тұрақтылығын бақылау;

– Кәсіпорында шикізатты, материалдар мен дайын өнімді сақтау ережелерін орындауды бақылау.

Зертхана қызметкерлері №222, 224 гардеробта сырт киімін ауыстырғаннан кейін зертхана бөлмесіне №201 коридор арқылы жүреді.

Шикізат пен өнім №230 тіркеу бөліміне беріледі. Реактивтер, көмекші материалдар, шыны ыдыстар сәйкес қоймаларға сақтауға беріледі: техникалық бекітілген талаптарға сәйкес және қорғау – өртке қарсы дабыл құралдарымен жабдықталған реактивтер мен ыдыстар №238 қоймасы, метанол №237 қоймасы, прекурсорлар №236 қоймасы.

ДВЖ және реактивтерді вентотсостармен жабдықталған арнайы шкафтарда сақтайды. ЛВЖ сақтауға арналған шкафтар жарылудан қорғауға арналған.

Зертханалық жиһазбен, қондырғылар мен приборлармен жабдықталған, зертхана аккредитациясы аясында қарастырылған барлық зерттеулерді жүргізуге арналған, оның ішінде: газды, сұйықтықты және жұқа қабатты хроматография, талдаудың спектральды әдістері, титрометриялық, физикалық және т.б. жүргізуге мүмкіндік беретін ғимараттың болуы жобамен қарастырылған.

Зертханалық ыдысты жуатын, кептіріп сақтайтын №239 бөлмеде қарастырылған.

Дайын дәрілік құралдар үлгілері мен субстанциялардың мұрақатты үлгілерін сақтау үшін стеллаждармен және климат – камерамен жабдықталған №235 бөлме қарастырылған.

Зертхана бөлмесін жинау №226 бөлмеде сақтауға қаралған инвентармен жүзеге асырылады.

*Микробиологиялық зертхана бойынша негізгі технологиялық шешімдер*

Микробиологиялық зертханаларда жұмыстың келесі түрлері орындалады:

– Шикізат пен көмекші материалдардың кіреберіс бақылауы (микробиологиялық тазалық) ;

– Дайын дәрі түрлерінің сапасын бақылау ;

– Цитостатиктерді тексеру ;

– Зертхана бойынша құжаттарды жүргізу ;

– Қызметкерлердің жеке гигиенасын бақылау, ауаның, ғимараттың, қондырғылардың санитарлы жағдайын бақылау .

Микробиологиялық зертхананың санитарлы дайындығына, дезинфекциялық ерітінділерді дайындау, ауаны, бөлмені дайындау, технологиялық киім мен қызметкерлерді жұмысқа дайындау жатады.

Зертхана қызметкерлері №222, 224 гардеробта киім ауыстырғаннан кейін ауыспалы киімде №215 санитарлы өткізу арқылы зертхана бөлмесіне өтеді, ол жерде технологиялық киімді киіп коридордан зертхана бөлмесіне өтеді. Қызметкерлердің «D» класс тазалығы зонасына өтуі үшін қызметкерлерге арналған №221 ауа шлюзы қарастырылған, ол жерде қызметкерлер негізгі өндірісте аталған әдіс бойынша дайындықтан өтеді.

Тіркеуден №214 бөлмеге жіберілгеннен кейін сынамалар ауысу терезесі арқылы сәйкес бокстарға зерттеу үшін беріледі.

Реактивтер, материалдар мен шыны ыдыстар қойма бөлмелеріне беріледі.

№206 бөлмеде қоректендіргіш орталар дайындалады. Қоректендіргіш орта термотұрақты ыдыстарда дайындалады, ол жерге аспаны салып тазартылған су құйылып, берілген уақыт бойынша қайнатылады. Сатып алынған дайын қоректендіргіш орталардың да пайдаланылуы мүмкін. Қоректендіргіш орта төгілген ыдысты стерилизаторда залалсыздандырудан өткізіледі. Стерильді қоректендіргіш орталар №218 стерилизатордан бөлмелерге түсіріліп, тоназытқышта сақталады. Қоректендіргіш орталарды стерильділікке және қосу кабеліттілігіне тексергеннен кейін ғана пайдалануға рұқсат беріледі.

№213 дәрілік құралдарды бақылау боксында препараттардың микробты тазалығына, қызметкерлер киімі мен қолдарының микробты тазалығына, зертхана беттеріне, қондырғыларға, приборлар, құрал-саймандарға талдау жүргізіледі, екі қабатты себу немесе мембраналы фильтрация әдісімен бөлме ауасына талдау жүргізеді. Себуді тікелей ламинарлы шкафтарда жүргізеді. Себуден кейін Петри табақшаларын температурасы  $(32,5 \pm 2,5)^{\circ}\text{C}$  термостатқа бактерияларды өсіру үшін инкубация процесін жүргізуге және  $(22,5 \pm 2,5)^{\circ}\text{C}$  температурасында саңырауқұлақтарды өсіру үшін 5 тәулікке №212 бөлмеге

жіберіледі. Инкубация аяқталғаннан кейін микроскоптың көмегімен микроағзалар бағанына есептеу жүргізеді.

Тест-мәдениеттермен жұмыс жасау үшін және цитостатиктердің белсенділігін тексеру үшін №210, 217, 211 бокстар қарастырылған.

Өсірілген микроағзалары бар ыдыстарды залалсыздандыру №208 деконтаминациялық бөлмеде қарастырылған. Автоклавта залалсыздандырғаннан кейін ыдысты №207 бөлмеде жуады және кептіреді, содан кейін №206 бөлмеде заласыздандырады.

Жоспарлау шешімдері мен қондырғыларды орналастыру «таза» және биологиялық ластанған материалдардың өзара кездесуін болдырмайтындай етіп орналастырылған.

Зертхананың барлық өндірістік бөлмелері, функционалды тағайындалуы мен зертханадағы талданатын материалдың қозғалу схемасына байланысты зона бойынша дифференцирленген. Өндірістік бөлмелердің конструкциялық шешімдері GMP тазалық класстарына сәйкес қолданылады. Зона шекараларында қызметкерлер үшін санитарлы рұқсат қағаздар мен материалдар, аппаратуралар мен приборлар үшін ауыстыратын қондырғылар қарастырылған.

Зертхананың өндірістік бөлмелері «ластанған зонадан» шығатын, ауаны тазалайтын H 11 HEPA фильтрі орналасқан ауа келетін және шығарылатын автономды вентиляциямен жабдықталған.

### **5.2.7 Жөндеу жүргізуді ұйымдастырудың орналасу шешімдері**

Жоба бойынша қатты дәрілік құралдарды өндіру бойынша цехты, өндірістік корпусының 0.000 отм. орналасқан, шикізат пен дайын өнім қоймасын, әкімшілік – зертханалық корпусының екінші қабатында 3.500 отм. орналасқан сапасын бақылау бөлімінің зертханасы қарастырылған.

Орналасу шешімдері келесі шарттарды ескере отырып қабылданған:

– Технологиялық (материалдық) ағымды қысқарту үшін технологиялық процестер ағымдылығын;

– Дәрілік құралдардың әртүрлі топтарын жасау мүмкіндігі;

– Қондырғыларды, зертханалық приборлармен жұмыс жасау қолайлығы;

– Жөндеу жұмыстарын жүргізу ыңғайлылығы;

– Тазалық класы бойынша өндірістік бөліктерді максималды топтастыру мүмкіндігі («D», «бақылау зоналары» және басқалары) және РНТП-01-94 сәйкес өрт қауіпсіздігі категориясы бойынша;

– Қондырғыларды, зертханалық жиһазды рационалды орналастыру;

– Өндірістік бөлмелерде қажетті санитарлы-гигиеналық шарттарды жасау мен сақтау.

Өндірістік ғимараттардағы қажетті санитарлы-гигиеналық шарттары, қондырғыларды жөндеу үшін фронтальды зоналардың болуымен қол жеткізіледі. Жұмысшы зонаға таза келетін ауа беріледі.

«Таза» ғимараттар блогы басқа ғимараттардан оқшауланған, кіру мен шығу қызметкерлерге арналған ауа шлюздары арқылы ұйымдастырылған,

шикізат пен материалдарды беру - материалдарға арналған ауа шлюздары арқылы беріледі.

Стеллажды жүйелер қойма ғимараттарында электрлі жүк тиегіштер қызмет көрсетуі ыңғайлы болуы есебінен орналастырылған.

Шет елдік қондырғылардың күрделі жөндеуін жүзеге асыру сервисті қызмет ету аясында жеткізіп беруші фирма арқылы қарастырылады.

Жоспарлы тексерулер мен майда жөндеу жұмыстарын орындау кәсіпорынның жөндеу – механикалық қызметімен қарастырылады. Жобамен столдық қондырғылармен жабдықталған, механикалық ұстаханалар (№1014 бөлме) қарастырылған.

### **5.2.8 Энергияны үнемдеу бойынша шаралар**

Жобаның технологиялық бөлігінде энергияны үнемдеу бойынша келесі шаралар қарастырылған:

– Талап етілген технологиялық параметрлерден жоғары қызуды болдырмайтын, энергиялық тұтынуы мен автоматика жүйелерімен технологиялық қондырғыларды таңдау;

– Оқшаулауды қолдану.

Судың минималды шығынын қамтамасыз ету үшін, су құбырларының кіре берісінде суды есептейтін су өлшейтін приборларды орналастыру жобамен қарастырылған.

Жылудың минималды шығынын қамтамасыз ету үшін ыстық және циркуляциялық сумен қамтамасыз ету құбырларында, жылуды ұстап тұруды қамтамасыз ететін, заманауи изоляциялық құбырлы материалдар қарастырылған.

Электр энергиясын үнемдеу мақсатында энергияны үнемдеуші лампочкалар қарастырылған. Жылуды үнемдеу үшін энергияны үнемдейтін терезелерді қою қарастырылған.

### **5.2.9 Қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды тастауды қысқарту бойынша техникалық шешімдер**

Өндірістің қоршаған ортаға негативті әсерін азайту мен дәрілік препараттар мен басқа да зиянды құралдардың өндірістен тыс зонаға түсуінің алдын алу үшін, санитарлы-гигиеналық нормативтер көрсеткішінен (ПДК) аспайтын, келесі шаралар жобамен қарастырылған:

– Таблеткалар мен капсулалар өндірісінде герметикалығының деңгейі жоғары және фильтрлері бар заманауи жоғары технологиялық құралдарды қолдану, бұл дәрілік және көмекші құралдардың жұмысшы зонаға, ары қарай ауа вентиляциясы жүйесі мен қалдық суларға түсуін минимализациялайды;

– Өндірістік бөлік ішінде шикізат пен жартылай фабрикаттарды тасымалдау үшін герметикалық тасымалдау ыдыстарын қолдану;

– Арнайы орындарда орналасқан, қалдықтарды уақытша сақтау үшін жабылатын ыдыстарды (ыдыстар, полиэтилен пакеттер) пайдалану;

– Жалпы ауысатын вентиляциялық ауаның F7 класты фильтрде тазарту (тазалату деңгейі 85%), F9 (тазалату деңгейі  $\geq 95\%$ ), H13 (тазалату деңгейі

≥99,95%). Ластану деңгейін бақылау үшін фильтрге дейін және кейін манометрлерді орналастыру;

- Н14 фильтрлер жүйесі арқылы ауа сору жүйесін қолдану (тазалау деңгейі ≥99,995%) цитостатик – препараттар өндірілетін бөлікте;

- Тікелей өндірістік бөліктерде дәрілік құралдармен ластанған өндірістік киімді жуу, цитостатиктермен ластанған киімді жуудың алдында дезактивациялау;

- Кәсіпорын территориясында орналасқан тазарту станциясында Шымкент қаласы бойынша қалдық суларға қойылатын талаптарға дейін, өндірістің санитарлы дайындығы кезеңінде құралдарды жуу кезінде түзілетін қалдық суларды тазарту, бейтараптандыру мен араластыру;

Өндірісті пайдалану кезінде өндіріс қызметінің қоршаған ортаға әсерін төмендетуге алып келетін шараларды орындау қажет:

- Технологиялық қондырғыларды тиеу бойынша регламентті нормаларды сақтау, оның герметикалығын бақылау;

- Бекітілген график – жоспарға сәйкес, ПДК шекарасында зиянды құралдар құрамына өндірістік алаңның және жұмысшы зонаның ауасын бақылау;

- Қондырғыларды жуу үшін су шығынының нормасын жуушы және дезинфекциялық құралдар шығыны нормасымен бақылау;

- Қатты қалдықтарды уақтылы жинау, олардың қалдық суларға түсуін минимизациялауды бақылау;

- Апатты жағдайда технологиялық қондырғыларды өшіру;

- Фильтрге дейін және кейін қысымның ауытқуын бақылау шаң түзілетін орындарда ауа вентиляциясы жүйесіндегі фильтрациялық элементтерді уақтылы тазарту мен ауыстыруды бақылау;

- Өндірістік процестен шыққанан кейін цитостатиктермен жанасатын қызметкерлердің ауа шлюзінде душ қабылдауы.

Қалдық суларды тазарту үшін жертөледе -0,4 8-9 А-Б белгісінде 01 бөлмесі қарастырылған. Қалдық сулар С 160 жиынтығына түседі сол жақа бейтараптандыратын ерітінді құйылады. Ары қарай бейтараптанған қалдықтар Ф 162 фильтрі арқылы Н 164 насосының көмегімен С 163 жиынтығына ауысады. Осы жиынтықтан талдаудың оң нәтижесі алынғаннан кейін қалдықтар кәріз құдықтарына түседі.

#### **5.2.10 Апатты жағдай пайда болу мүмкіндігін бағалау және олардың алдын алу бойынша шешімдер**

Таблетка немесе капсула түріндегі дәрілік құралдар өндірісі процесінде, жылу бөлетін, газ бөлетін, көлемі мен қысымын арттыратын химиялық, биохимиялық және басқа да процестер жоқ.

Электр энергиясы өшкен жағдайда технологиялық қондырғылар тоқтаған кезде, апатты жағдай туындамай процесс тоқтайды.

Технологиялық қондырғыны автоматты басқару жүйесінде бұзылыстар болған жағдайда, қондырғы тоқтайды, бұзылыстар жойылғаннан кейін қондырғы қайтадан жұмысқа қосылады.



### 5.2.11 Технологиялық қажеттіліктер үшін ресурстар түрлері

#### *Тазартылған су*

Тазартылған суды дайындау мен үлестіру жүйесінің жобасы ISPE талаптарын ескере отырып, том 4 «Су және Бу жүйесі» орындалған.

Тазартылған су сапасы (PW) ФС 42-465-2002 «тазартылған су» талаптарына сәйкес болуы тиіс:

|                                |                                       |
|--------------------------------|---------------------------------------|
| Электрөткізгіштігі (для 20°C): | 4,3 мкСм см <sup>-1</sup> жоғары емес |
| нитраттар                      | 2·10 <sup>-5</sup> % жоғары емес      |
| алюминий                       | 10 <sup>-6</sup> % жоғары емес        |
| ауыр металдар                  | 10 <sup>-5</sup> % жоғары емес        |
| бактериалды эндотоксиндер      | 0,25 ЭЕ/мл кем                        |

Тазартылған су өндірісте технологиялық қажеттіліктер мен көмекші процестер үшін қолданылады.

Технологиялық процесте тазартылған су таблеткалау немесе капсулаларды толтыру үшін массаны дайындау кезеңінде ылғалдандырғышты дайындау үшін, таблеткаға көмкеру жасау үшін ерітінді дайындау үшін қолданылады.

Көмекші процестерде тазартылған су технологиялық ыдысты, қондырғыларды, құралдарды, технологиялық киімді шаюға, дезинфекциялық ерітіндіні дайындауға, бөлмені соңғы өңдеуге қолданады.

Жобаланған өндірісті қамтамасыз ету үшін тазартылған су №1136 бөлмеде қондырылған тазартылған суды алу қондырғысынан циркуляциялық сақинадан алынады.

Қосымша Қ қатты дәрілік құралдар өндірісінде тазартылған суды қолдану кестесі көрсетілген.

Технологиялық қондырғының суды тұтынуы мен жұмысының мерзімділігінің бір мезетте еместігін ескере отырып, тазартылған су өндірісінің 500л\сағ алынуы қабылданды, тазартылған суды сақтау көлемі 2,5 м<sup>3</sup>.

Зертхана 2 ауысымда 7 сағаттан жұмыс істейді. Тазартылған судың бірмезеттік шығынан жабу үшін жинақтық көлемі 250 мл ыдысты тандаймыз.

Суды үлестіру жүйесінің құбырлары AISI 316 болаттан жасалған. Бетінің кедір – бұдырлығы 0,8 мкм кем. Құбырларды қосудың максималды саны автомат көмегімен орындалады (орбитальды жалғау). Қолдан жалғауды WIG әдісі бойынша, аргон ортасында екі жақты жалғау тігісін қорғау арқылы жүргізеді.

Тазартылған суды, микробиологиялық ластанудың және бөгде құралдардан қорғайтын нормативті талаптарға сай жабық ыдыста сақтайды.

Тазартылған суды үлестіру жүйесі орталықтандырылған, су бөлме температурасында болады.

#### *Сығылған ауа*

Қатты дәрілік құралдар өндірісі № 1013 бөлмеде орнатылған компрессордан сығылған ауамен қамтамасыз етіледі.

Қатты дәрілік құралдар өндірісі үшін сығылған ауа сапасы келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

– Құрамындағы май – 0,001 мг/м<sup>3</sup> аз;

- Шық нүктесі – (- 40)°С.
- Қысымды ауаның 1 м<sup>3</sup> қатты бөлшектердің құрамы :
- Диаметрі 0,1÷0,5мкм – 100 000 көп емес;
- Диаметрі 0,5÷1,0мкм – 1 көп емес.

Өндірістің үздіксіз жұмысына қажетті сығылған ауа көлемі технологиялық қондырғының паспортты деректері мен оның жұмыс істеу режиміне байланысты анықталады.

Қосымша Л дәрілік құралдар өндірісінде сығылған ауаны тұтыну кестесі көрсетілген.

Үш өндірістік алаң бойынша сығылған ауаның жалпы тұтынуы: 10127+10127+5580=25834 л/мин.

Өнімділігі 12,5-14 м<sup>3</sup>/мин майсыз компрессорды орнату ұсынылған. Жүйеде пульсацияны компенсациялау үшін көлемі 2 м<sup>3</sup> ауа жинағыш қабылданған. Кептіру мен фильтрация қондырғысының өнімділігі 2 компрессордың сомалы өнімділігіне есептелген.

Сығылған ауамен үрлеу үшін редуционды клапан қондырғысы қарастырылған. Сығылған ауа магистральдарындағы қысымды бақылауды орнатылған приборлар қамтамасыз етеді. Технологиялық қондырғыға келетін ауа қысымын бақылау технологиялық қондырғының КИПиА жүйесімен қарастырылған.

Сығылған ауа құбырлары AISI 316 болаттан жасалған. Бетінің кедір – бұдырлығы 0,8 мкм кем. Құбырларды қосудың максималды саны автомат көмегімен орындалады (орбитальды жалғау). Қолдан жалғауды WIG әдісі бойынша, аргон ортасында екі жақты жалғау тігісін қорғау арқылы жүргізеді

*Бумен қамтамасыз ету*

Жоба бойынша дәрілік құралдар өндірісі техникалық бумен қамтамасыз етілу қажеттілігі анықталды.

Қысымы 0,3-0,5 мПа техникалық бу жобаланған қазандықтан беріледі. Бу технологиялық қондырғыларда жылу тасымалдағыш ретінде қолданылады.

Техникалық буды тұтыну есебі Қосымша М көрсетілген.

Бу конденсатын шығару қазандыққа қайту үшін конденсатты жинау жүйесі бойынша қарастырылған.

Аталған аппараттарға баратын бу қысымы қондырғы орналастырған жердегі манометрлермен бақыланады.

### **5.2.12 Еңбекті қорғау**

Жобаны жасау кезінде, жобалау мен құрылыс, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау аясында нормативті құжаттар талаптары негіз болған, еңбекті қорғау бойынша техникалық шаралар кешенін орындау қарастырылған.

Жобада құрылыс нормалар мен ережелер, мемлекеттік стандарттар мен мемлекет аралық еңбек қауіпсіздігі стандарттары, және де, еңбекті қорғаудың нормативтік актілері, өндірістік санитария мен өнеркәсіптік гигиена, «Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестріне» сәйкес қауіпсіздік техникасын орындау қамтамасыз етілген.

Технологиялық, көтеру-көліктік, энергетикалық және басқа да қондырғылар келісімін жасау кезінде кәсіпорын әкімшілігіне Қазақстан Республикасының «Еңбекті сақтау мен қауіпсіздігі туралы» Заңын орындауды қамтамасыз ету қажет, пайдалану қауіпсіздігін куәландыратын сертификат беру жағынан бекітілген тәртіппен берілген (кесте 18).

Жұмыс істейтін қондырғылардан болатын шуыл деңгейін төмендету мен вибрацияның қызметкерлерге негативті әсерін төмендету үшін жобамен қарастырылған:

- Шуыл мен вибрацияны төмендету үшін қондырғылар мен коммуникацияны монтаждау кезінде барлық қозғалмалы бөліктері, техникалық құжаттар мен паспортқа сәйкес, мұқият тепе – теңдікке келтірілуі тиіс;

- Тіректерге құбырларды бекіту орындарында вибро оқшауланған резеңке втулкалар мен төсемдер қарастырылған;

- Жеке ғимараттарда шуыл деңгейі жоғары технологиялық және көмекші қондырғыларды орналастыру;

- Кептіргіш вентиляторлар мен вентиляциялық қондырғыларды жеке бөлмелерде, шуыл деңгейі 80дБа жоғары болмайтындай қондырғылар орналастырған;

- Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;

- Механизмді қашықтықтан басқару.

Кесте 18 – Жобаның жасалуы сәйкес болған негізгі нормалар мен ережелер

| Қазақстан Республикасының Заңы 28.02.2004 N 528-2 | «ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ »   |
|---|--|
| ҚР СТ 1617-2006                                   | Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты дәрілік құралдар өндірісі. Тиісті өндірістік тәжірибе. Негізгі ережелері |
| РНТП -01-94 МВД РК                                | Жарылу мен өрт қауіпсіздігі бойынша ғимараттар, категориясын анықтау   |
| ПУЭ - 2003  | Электрқондырғыларды орнату ережелері - 2003 жыл  |
| СНиП РК 2.02-05-2002                              | Ғимараттардың өрт қауіпсіздігі   |
| СНиП 2.04-05-2002*                                | Табиғи және жасанды жарықтандыру   |
| СНиП 2.09.02- 85*                                 | Өндірістік ғимараттар  |
| СНиП 2.11.01-85*                                  | Қойма ғимараттары  |
| СНиП РК 3.02-04-2002                              | Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар  |
| СНиП РК 4.01-41-2006                              | Ішкі су құбыры мен ғимараттың канализациясы  |
| СНиП РК 4.02-42-2006                              | Жылу, вентиляция және кондиционерлеу.  |
| СП РК 2.02-20-2006                                | СНиП РК 2.02-05-2002 құралы «Ғимараттың өрт қауіпсіздігі»  |
| СНиП РК 1.02-01-2001                              | Жасау, келісу, бекіту мен кәсіпорын, ғимараттарға жобалық – сметалық құжаттар құрамы туралы нұсқаулықтар                 |

*Өндірістік шуыл мен вибрация деңгейін төмендету бойынша шаралар*

Технологиялық қондырғылар вибрациясының қызметкерлерге негативті әсерін төмендету үшін қондырғыларды вибрациясын жоятын тіректерге орнату қарастырылған.

*Жұмыс орындарын жарықтандыру*

Өндірістік ғимараттарда орындалатын жұмыс сипатына сәйкес жарықтандыруды қамтамасыз ететін, бірлескен жарықтандыру жобамен қарастырылған.

D класы өндірістік ғимараттарында фармацевтикалық өндіріс талаптарына сәйкес жасанды жарықтандыру қарастырылған. Кейбір бөлмелерде (механикалық ұстаханада, зертханалық столдарда, зертханалардағы ламинарлы бокстарда) жергілікті жарықтандыру қарастырылған.

Қажетті жарықтандыруды қамтамасыз ету бойынша техникалық шешімі жобаның «Электрлік жарықтану» бөлімінде келтірілген.

*Өндірістің зиянды факторларымен тікелей жанасуын жоюға бағытталған, қызметкерлерді ұжымдық қорғау құралдары*

Өндірістің зиянды факторларымен тікелей жанасуын жоюға бағытталған, қызметкерлерді ұжымдық қорғау құралдарына, өндірістік ғимараттың және жұмыс орнының ауасын қалпына келтіруге бағытталған шаралар, механикалық факторлардың әсерінен қорғайтын құралдар жатады.

Өндірістік ғимараттарда жалпы ауыспалы ауа сорғыш вентиляция, таза ғимараттардағы комфортты кондиционерлеу қарастырылған. Барлық ғимараттарда фильтр арқылы 100%-дық өңделген ауаны шығарумен тікелей ауа алмасу жүйесі қарастырылған;

Жарылу қаупі бар технологиялық ортамен жанасатын барлық қондырғылар, құбырлар, арматуралар герметикалық таңдалған.

Ғимараттағы орнатылған электроқондырғыларға жерге тұйықталу жасалынған.

*Өндірістік зиянды факторларымен тікелей жанасуды жоюға бағытталған қызметкерлердің жеке қорғану құралдары*

Қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бекітілген тәртіпте және орындалатын операцияларға сай нормаларға сәйкес жүргізіледі.

Дәрілік құралдар өндірісінің технологиялық процесі арнайы технологиялық киімде қорғану құралдарын қолдана отырып жүргізіледі: жоғары тыныс жолдарының шырышты қабатын қорғау үшін 4-қабатты дәке таңғыштар немесе «Лепесток» респираторлары, көз шырышты қабатын қорғау үшін – қорғаныс көзілдіріктері; және де қолғаптар, алжапқыш пен аяқ киім.

Аталған жеке қорғану құралдары жұмысшы дезинфекциялық ерітінділерді дайындауда және өндірістің санитарлы дайындығы процесінде қолдану қажет.

Қол терісін қорғау үшін арнайы жақпалар мен кремдер қолдану ұсынылады.

Апатты жағдайда респираторларды, А, БСФ маркалы противогаздарды қолдану қажет.

ЖҚЗ мерзімді түрде беріктікке және герметикалылыққа тексеріп тұру қажет.

*Санитарлы – тұрмыстық бөлмелер, медициналық қызмет ету*

Жоба бойынша қажетті санитарлы – тұрмыстық бөлмелер қарастырылған. Олардың саны мен құрамы өндірістік процестің санитарлы – гигиеналық сипаты мен штатты кестесіне сәйкес қабылданған. Өндірістік қызметкерлер үшін гардеробтар өндірістік корпуста қарастырылған, ОКК зертханаларының қызметкерлері үшін - әкімшілік – зертханалық корпуста қарастырылған.

Гардеробтағы орын саны тізім құрамына есептелген, санитарлы приборлар саны ауысымдағы жұмысшылардың максималды санына есептелген.

Қызметкерлердің «таза» зонаға өтуі үшін ауа шлюздері қарастырылған. Апатты жағдайда апатты шығу орындары қолданылады. Цитостатиктер айналымындағы өндіріс зонасынан қызметкерлердің шығуы, цитостатиктер өндірісіне кіретін қызметкерлер осы бөлімнен шығатын қызметкерлермен кездеспеуі үшін ауа шлюздері арқылы жүзеге асырылады.

Қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету әкімшілік – зертханалық корпуста орналасқан медициналық пунктте қарастырылған.

Фармацевтикалық өндірісте жұмыс орнында тамақтануға қатаң тыйым салынған. Тамақтану үшін өндірістік корпуста және әкімшілік – зертханалық корпуста арнайы бөлмелер қарастырылған.

Дәрілік құралдармен жанасатын қызметкерлердің технологиялық киімдерін жуу үшін тікелей технологиялық бөлімде киімді дайындау бөлмелері қарастырылған. Киімді дайындау технологиясы «Технологиялық киімді дайындау» бөлімінде мұқият сипатталған.

Қызметкерлердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және сыртқаттану мен уланудың алдын алу үшін қауіпті құралдармен жұмыс жасауда гигиеналық талаптарды қатаң сақтау қажет.

*Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша шаралар*

Қатты дәрілік құралдар өндірісінің негізгі технологиялық қондырғылары, берілген технологиялық режимде қондырғыны қауіпсіз қолдану, және де апатты жағдайда қондырғы мен қызметкерлерді сақтауды қамтамасыз ететін процесс параметрлерін автоматты бақылайтын қажетті құралдармен жабдықталған.

Сығылған ауаны тұтынатын қондырғылар – ауа қысымы мен шығынын бақылайтын прибормен жабдықталған.

Жобада сығылған ауа құбырларында қысымды бақылайтын жергілікті приборларды орнату қарастырылған.

Тазартылған суды алу қондырғылары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Фармакопеясына сәйкес алынатын тазартылған су сапасының көрсеткіштерін бақылауды қамтамасыз ететін кешенді түрде қажетті КИПиА құралдарымен қамтамасыз етілген.

*Процестер мен бұйымдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар*

Өндіріс қызметкерлері жұмысқа арнайы киімде және жеке қорғану құралдарымен жіберіледі.

Жұмысқа кіріскен кезде әрбір жұмысшы еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулықтан өтуі тиіс, біріншісі – жұмыс орнында, қайтадан – үш айда бір рет.

Білімін тексеру жылына бір рет жүргізіледі және міндетті түрде мерзімді медициналық тексеруден өтуі тиіс.

Өндірістік қызметкер процесті жүргізуге және жұмыс әдістемесіне сәйкес қатаң түрде басқа да жұмыстарды орындауға және еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтар талаптарын сақтай отырып орындауға міндетті.

Қондырғыны пайдалану кезінде оның жұмыс режимін қатаң сақтау қажет: жүк тиеу нормаларын, техникалық қызмет етуін, жөндеу аралық қашықтығын, технологиялық процестердің негізгі параметрлерін.

Жобаланған өндіріс орналасқан корпустың найзағайға қарсы және найзағайдың екіншілік әсерінен қорғанысы бар.

Қолданылатын технологиялық қондырғылар қажетті қорғаныс, сақтандырғыш құрылғыларымен және де, вибро жүктемені азайтатын, шуылды оқшаулайтын құрылғылармен қамтамасыз етілген.

Шаң шығуы мүмкін технологиялық операцияларды жүргізу үшін, шаң шығу зонасын қоршайтын ауаны тазарту үшін жергілікті сору құрылғыларымен қамтамасыз етілген жұмыс орындары ұйымдастырылған.

Ауа сору вениляциясының, жергілікті сору құрылғылары бар зоналарды орналастыру, шаңсорғыштармен жабдықталған таблеткалау мен капсулалау қондырғыларын пайдалану, жеке қорғаныс құралдарын қолдану, ПДК шекарасында зиянды құралдардың болуын жұмысшы зона ауасында үнемі қадағалау, қызметкерлерді зиянды құралдар әсерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Жоғары температурада жүргізілетін процестерге арналған қондырғыларда өндіруші – фирма тарапынан оқшаулау қарастырылған және тот баспайтын болаттан қаптамасы болады.

*Өрт және өрттен қорғанудың алдын алу бойынша шаралар*

Дәрілік құралдар өндірісінде сәйкес өртке қарсы режим бекітілген:

- Өндіріс аймағында темекі шегуге тыйым салынған;
- Жалынмен жұмыс жасау тәртібі орнатылған;
- Өрт болған жағдайда электроқондырғыларды желіден өшіру тәртібі ;
- Жұмыс аяқталғаннан кейін бөлмені тексеру мен жабу тәртібі ;
- Лауазымды тұлғалардың өрт қауіпсіздігі оқуларын оқу мен өрт қауіпсіздігі сұрақтары бойынша білімін тексеру;
- Қызметкерлермен өртке қарсы нұсқаулықтар жүргізу мен өрт – техникалық минимум бойынша білімін тексеру мен жауапты тұлғаны тағайындау;
- Өрт қауіпсіздігі техникалық құралдарын пайдалану мен қызмет етуді ұйымдастыру тәртібі;
- Электроқондырғыларды вентилиациялық және технологиялық қондырғыларды жоспарлы – алдын ала жөндеу және тексеру жүргізу тәртібі;
- Өрт болған жағдайда қызметкерлердің әрекет ету тәртібі ;
- Өрт пайда болған жағдайда жауапты тұлғаларға хабар беру мен жинау, жұмыстан тыс уақытта шақырту.

Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нысаналық нұсқаулықтар жасалып, өңделеді. Нұсқаулық көрінетін жерге ілінеді.

Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау схемасы жасалып көрінетін жерге ілінеді.

Күзет қызметкерлерінде өндірістің жауапты тұлғалары үйінің мекен – жайы, қызметтік және үй телефондары жазылған тізіммен қамтамасыз етіледі.

*Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар*

Жобаланған ғимараттар қауіпсіздігі, «Ғимараттардың өрт қауіпсіздігі» СНиП РК 2.02-05-2002 талаптарына сәйкес жасалған профилактикалық және өртке қарсы шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

Өрт қауіпсіздік келесі шаралармен қамтамасыз етіледі:

- Өртке тұрақтылығы – II ғимарат конструкциясын қолдану;
- Эвакуациялық шығу жолдарының болуы;
- Өрт сөндіру құралдарын пайдалану;
- Өрт сөндіргіш машиналар үшін жүру жолдарын қамтамасыз ету
- Өртті сөндірудің біріншілік құралдарын пайдалану (құм, асбестті жабынды, өрт сөндіргіш);
- Өртке қарсы су құбыры;
- Электро қондырғыларды орындалуына сәйкес пайдалану.

Әрбір технологиялық бокс және қондырғының айналасындағы жазықтық өрт қауіпсіздігі дабылымен жабдықталған.

GMP талаптарына сәйкес технологияны ескере отырып, бір бөлмедегі өнімнің бір мезгілдегі саны процестің әрбір кезеңінде минималды болуы тиіс.

Өрт қауіптілігінің көздері максималды жойылған және ғимаратты жөндеу кезінде жанғыш құралдардың болуы максималды түрде азайтылған. «Таза» ғимараттарды ұйымдастыру үшін, жоба бойынша жанбайтын шекаралы конструкцияларды пайдалану қарастырылған (минераломакталы толықтырғышы бар сэндвич - панель) олар елеулі деңгейде өртті оқшаулап, оның теріс әсерін минимализациялайды.

Есіктер, люктер мен басқа да өртке қарсы құрылғылардың отқа тұрақтылығы нормаланған шекарадан кем емес.

Өрт қауіпті бөлмелердің есіктері мен люктері, электро қалқандар, коридорлар мен. Дәліздер өздігінен жабылу құрылғыларымен жабдықталған.

Коммуникация жүргізілген жерлерде (кабельдер, кабельді қораптар, ауа құбырлары және т.б.) нормаланған шекарада жанбайтын материалдармен қапталған.

Ауа құбырлары жүргізілген жерлерде, өртке кедергі жасайтын қалқаншалар орнатылған.

Өндірісте қолданылатын қондырғылар мен коммуникациялар герметикалық, статикалық электр энергиясынан және найзағайдың екіншілік әсерінен қорғалған, IP 54 төмен емес, өндірістік ғимараттарда орналастырған электроқұрылғылардың қорғаныс деңгейі бар.

Жанбайтын немесе қиын жанатын оқшауланған электр кабельдері техникалық зонада болаттан жасалған қорапта жүргізіледі.

Адамдарды қауіпсіз эвакуациялау үшін эвакуациялық шығу жолдары қарастырылған.

### **5.3 Концептуалды жобаның сәулетті – құрылыс шешімдері**

Жоба, жер телімінің құрылысы жоспарына, жобалау тапсырмасына, құрылыс регламентіне, оның ішінде ғимараттарды пайдалану қауіпсіздігіне, техникалық шарттарға сәйкес орындалған.

Қолданылған техникалық регламенттер мен нормативті құжаттар тізімі :

– Техникалық регламент «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» 16 қаңтар 2009 жыл № 14;

– СНИП РК 3.01-01-2008 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау мен салу»;

– СН РК 3.01-01-2011 «Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспары»;

– СНИП РК 3.02-04-2009 «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар»;

– СНИП РК 3.02-09-2010 «Өндірістік ғимараттар»;

– СНИП РК 2.02-05-2009 «Ғимараттардың өрт қауіпсіздігі»;

– СНИП 2.11.01-85 «Қойма ғимараттары»

– СНИП РК 2.03-30-2006 «Сейсмикалық райондардағы құрылыс»;

Берілген жоба құрылыстың келесі шарттары үшін орындалған:

– Климатикалық район – ШІВ;

– СНИП РК 2.04-01-2010 бойынша сыртқы ауаның есепті температурасы:

✓ Суық бескүндіктің қамтамасыз етілуі 0.92 минус 17°C;

– СНИП 2.01.07-85 - 100кг/м<sup>2</sup> бойынша қардың есепті салмағы;

– СНИП 2.01.07-85 - 38кг/м<sup>2</sup> бойынша нормативті желдің қысымы;

– Құрылыс районының сейсмикалылығы – 9 балл.

Жобаланған өндіріс 3 қабатты әкімшілік-зертханалық корпустан (№1 корпус), галерея мен бір қабатты өндіріс корпусымен қосылған кешеннен (№2 корпус) тұрады.

Және де кәсіпорын территориясында орналасқан:

– Автокөлік үшін жолдар (№3 корпус)

– Шаруашылық блок (№6 корпус)

– Автокөлік пен қызметкерлер үшін жол (№12 корпус)

– Модульді қазандық (№5 корпус)

– Трансформаторлы подстанция (№4 корпус).

Концептуалды жобаның сәулеттік және конструктивті шешімдері Қосымша Н және Ң келтірілген.

#### *Шекаралы конструкцияларға жалпы талаптар*

ГМР ережелерінің талаптарына сәйкес дәрілік құралдар «таза бөлмелерде» өндіріледі.

ГМР ережелеріне сәйкес жүктелген ғимараттардың қажетті тазалығы вентиляция мен ауаны кондиционирлеу, арнайы бөгет жасау жүйесі қондырғыларымен қамтамасыз етіледі.

Берілген жобада таза бөлмелер келесі талаптарды ескере отырып орындалуы тиіс:



– Ашық беткейлер тегіс және сықұралдары болмауы тиіс, шаң мен микроағзалардың жинақталуын минимумға жеткізу үшін және де тазарту құралдары, ал қажеттілігі болса, дезинфекциялық құралдарды көп рет қолдану;

– Шаңның жиналуын азайту мен тазалауды жеңілдету үшін тазартуға қиын болатын ойықтар болмауы тиіс, қажетті шкафтар мен құрылғылардың санын азайту қажет;

– Есіктер мен терезелерде тазалауды қиындататын ойықтар болмауы тиіс;

– Аспа төбелер контоминацияның алдын алу үшін герметизацияланған болуы тиіс;

– Киім ауыстыру бөлмелері ауа шлюздары сияқты болуы тиіс, киім ауыстырудың әртүрлі кезеңдерін бөлуді қамтамасыз етуі тиіс және қорғаныс киіміндегі микроағзалар мен бөлшектердің контоминациясы деңгейін төмендету тиіс;

– Ауа шлюзінің екі есігі де бір мезетте ашылмауы тиіс, осы мақсатта визуалды және дыбысты дабыл жүйесі қарастырылған.

Жобаланған өндірістің «таза» бөлмелеріндегі шектейтін конструкциялар, жіктелетін зонада ұнтақты көмкерілген оцинковкалы болаттан жасалған арнайы бөгеттер түрінде немесе жіктелмеген зонада гипсокартонды панельдер түрінде стандартты профиль каркасы элементтеріне бекітіледі.

D класы «таза» бөлмелерінде аспа төбелер арнайы аспа элементтерінде штампталған панельдерден жасалады. Жіктелмейтін зонада ламинирленген ДСП панелін қолданған кезде «Армстронг» аспа жүйесін қолданады.

*Вертикальды конструкциялар – қабырғалы панельдерге жалпы талаптар*

Қабырға панельдері «сэндвич» конструкциясы принципі бойынша орындалған, бұл екі металды беткейдің арасы минералды мақтамен толтырылады. Жобада қолданылған қабырғалы панельдер оцинковкалы болат беткейден жасалып, беті қалыңдығы 30-35 мкм, ұнтақты полиэстермен көмкерілген.

Қабырғалы панельдер жеке өндірістік бөлмелерді бөліп тұратын конструктивті элементтерге жатады. Олардың конструкциясы келесі талаптарға сәйкес:

– Панель бетінен бөлшектердің минималды генерациясы;

– Панельдің төбемен немесе еденмен қосылған жері домалактанған пішінді R~50 мм болуы тиіс;

– Жеке панельдер арасындағы тігістер эластикалық герметиктермен тегістеледі, дәл осы талаптар панель мен еден және панель мен төбе тігісіне де қатысты;

– Тігістердің герметизациясы берілген қысымның жоғарылауы мен төмендеуін сақтауға кепілдік береді;

– Күтімі қарапайым, тазалауы, жууы оңай, дезинфекциялық ерітінділерге тұрақты болуы тиіс.

– Қажеттілігі болған жағдайда қабырғалы панельдерде терезе болады. Панельді бөгеттерде электр кабельдері мен су құбырлары орналасуы мүмкін.

– Жіктелмеген бөлмелер үшін гипсокартоннан жасалған бөгеттер рұқсат етіледі, беті дезинфекциялық ерітіндіге тұрақты полимерлі бояумен көмкерілген.

Егер «таза» бөлме қабырғалары ғимараттың сыртқы қабырғасымен жанасатын болса, соңғысын арнайы жартылай панельдермен көмкереді.

*Горизонтальды конструкцияларға жалпы талаптар*

«Таза» бөлмелердегі горизонтальді конструкцияларға аспа төбелер жатады. Кассеталы төбенің ауысатын элементіне каркас жатады, ол арнайы алюминий профилінен тұрады. Профиль элементтері өзара қысқа, ұзын және бұрышты бекіту элементтерімен қосылған. Ауыстырылатын каркас негізге серіппелі ілгек көмегімен бекітіледі. Осындай дайындалған каркасқа ілгектер көмегімен төбелік кассеталар бекітіледі. Еден, қабырға және бұрыштардың қосылған жерлері арнайы планкалар мен бұрышты элементтердің көмегімен домалақтанған пішінді болуы тиіс.

Төбе кассеталары оцинковкалы болат беткей материалынан қалыңдығы 30-35 мкм ұнтақты полиэстермен көмкерілген штампты элементтерден жасалады.

*Есікке қойылатын жалпы талаптар*

Есіктің конструкциясы мен орындалуы панельді бөгет конструкциясына ұқсас. Есіктер ұстағыштармен, құлыппен, реттегіш ілгектермен жабдықталған. Периметрі бойынша нығайту үшін силиконды профиль мен есік жабылғанда түсетін, механикалық табалдырық қолданылады. Есіктерді жабу үшін механикалық жапқышты қолдануға болады.

*Ғимарат конструкциясын қоршайтын ішкі беткей жабындыларына жалпы талаптар*

Таза бөгеттер немесе аспа төбелерін конструкцияларымен жабылған беткейдің жабындылары қарапайым технология бойынша орындалады: терең сіңіретін грунтовканы жағу және акрилды бояумен жабу, бұл шаңның конструкция бетінен генерирлеуін болдырмайды. Бетоннан, кірпіштен жасалған қоршау конструкциялары беткейінің қажетті сапасын қамтамасыз ету үшін келесі жөндеу жұмыстары орындалады:

– Тігістер мен сықұралдарды тегістеуді барлық ластанулар мен жарақаттарды жою мақсатында жүргізу қажет;

– Қатты және салыстырмалы тегіс беткей алу үшін сылақ жасау мен тегістеу жүргізіледі, тегістеуді арнайы инструменттер мен материалдармен жасайды;

– Штукатурканың беткей қабаты терең сіңіру үшін грунтовканы сұйық қоспалармен жасайды, ол жабындының келесі қабаттарының жақсы адгезиясы мен бекітілуі мақсатында жүргізіледі;

– Шпатлевкалау беткейді тегістеу үшін әрбір қабатты шлифовка жасау арқылы орындалады;

– Екінші грунтовка эмаль жабындының негізбен жақсы бірігуі үшін шпатлевканың екінші қабатына орындалады;

– Бояуды пентафтельды жылтырамайтын эмальмен бояйды.

Ғимарат конструкциясын қоршайтын ішкі беткей жабындыларының

жалпы талаптары 19 кестеде көрсетілген.

Кесте 19 – Ғимарат конструкциясын қоршайтын ішкі беткей жабындыларының негізгі технологиялық операциялары

| Операция № | Операция атауы                                |
|------------|---|
| 1          | Сықұралдар мен басқа да жарاقاتтарды тегістеу |
| 2          | Штукатурлау                                   |
| 3          | Беткейді тегістеу                             |
| 4          | Грунтовкалау                                  |
| 5          | Шпатлевкамен жартылай тегістеу                |
| 6          | Шпатлевкаланған жерді грунтовкалау            |
| 7          | Шпатлевкаланған жерді шлифовкалау             |
| 8          | Бірінші жаппай шпатлевкалау                   |
| 9          | Шаңды ала отырып шлифовкалау                  |
| 10         | Екінші жаппай шпатлевкалау                    |
| 11         | Шаңды ала отырып шлифовкалау                  |
| 12         | Грунтовкалау                                  |
| 13         | Флейцевкалау                                  |
| 14         | Тегістегіш қағазбен шлифовкалау               |
| 15         | Біріншілік бояу                               |
| 16         | Флейцевкалау                                  |
| 17         | Тегістегіш қағазбен шлифовкалау               |
| 18         | Екіншілік бояу                                |
| 19         | Флейцевкалау                                  |

Осындай әрекеттерден кейін алынған жабынды толығымен +18...22 С температурасында 24 сағатта кебеді, температура ауытқуына, 0,5%- жуу құралына және 5% сутегінің асқын тотығына тұрақты. Бөлмені эмальмен өндеген кезде, жабындыны пайдалану, сутегінің асқын тотығы ерітіндісімен 160 цикл өндеген кезде 3-4 жылды құрайды.

*Еден жабындыларына жалпы талаптар*

Ортасы бақыланатын бөлмеде еден жабындыларына қолданатын материалдарынан белгілі сапаны талап етеді. Фармацевтикалық өндіріс үшін өнеркәсіптік тағайындалатын, «Таркет» рулонды винилды жабындылар кеңінен қолданылады. Түсі мен фактурасы тапсырыс берушімен келісіледі.

Жіктелетін бөлмелердегі еден жабындылары кейбір спецификалық талаптарды қанағаттандыруы тиіс, әсіресе:

- Материал беткейі бөлме ішінде бөлшектерді және газ тәрізді өнімдерді жинақтамауы тиіс;
- Беткейі үйкелеуге тұрақты болуы тиіс;
- Жабындының жеке бөлшектері герметикалық түрде өзара қосылуы тиіс, қосылғаннан кейін бүтін герметикалық жабынды түрінде болуы тиіс;

- Беткейі тегіс болуы тиіс;
- Жабынды жуу құралдары мен дезинфекциялық құралдарға тұрақты болуы тиіс;
- Еден жабындысы мен негізгі конструкциялардың қосылған жерлері D класс бөлмелерінде радиусы 50 мм биіктігі 80 мм дейін домалактануы тиіс;
- Жіктелмеген бөлмелердегі қосылған жерлер едендерге тығыз герметикалық түрде орналасуы тиіс;
- Электрлі және басқа да магистральдар өткен кезде шығу орны тегіс келісіп, силиконмен герметизациялануы қажет;
- Жабынды антистатикалық қасиеттер нормаларын қанағаттандыруы тиіс;
- Жабынды негізі нивелир массаны пайдалана отырып, қатты тегіс жабынды болуы тиіс.

Қажетті сападағы еден жабындысын алу үшін оның инсталляциясы бойынша барлық нұсқаулықтарды сақтау қажет.

Еден жабындыларының негізгі технологиялық операциялары 20 кестеде көрсетілген .

Кесте 20 – Еден жабындыларының негізгі технологиялық операциялары

| <b>Операция №</b> | <b>Операция атауы</b>                   |
|-------------------|---|
| 1                 | Сықұралдарды тегістеу                   |
| 2                 | Негізді тегістеу үшін бетон құю         |
| 3                 | Бетонды шлифовкалау                     |
| 4                 | Грунтовкалау                            |
| 5                 | Нивелир қабатын жағу                    |
| 6                 | Грунтовкалау                            |
| 7                 | Жабысатын қоспаға жабындыны орналастыру |
| 8                 | Қосылған жерлерін тегістеу              |
| 9                 | Коммуникация орындарын герметизациялау  |
| 10                | Плинтусты орнату мен герметизациялау    |

48 сағаттан кейін жабындыны қолдануға болады. Бұндай еденнің пайдалану мерзімі оның сипаттамаларының елеулі нашарлауынсыз, пайдалану қарқындылығы мен сапасына байланысты 8-10 жылдан кем емес.

*Мердігер ұйымдар атқаратын жұмыстарға қойылатын талаптар*

Әрбір жұмыс түрі бойынша жұмыс және қызмет көрсету тізімі келесі жұмыстардың орындалуынан тұруы тиіс:

- Материалдарды қаптау, жеткізіп беру, фармацевтикалық өнім өндірісі шарттарында құрылыс алаңында тиеу жұмыстарын жасау және артық ластанудың алдын алу бойынша шараларды қарастырады;
- Негізгі және қосымша материалдар мен қондырғыларды жеткізу;
- Өзіндік құралдар мен білікті жұмыс күшін қамтамасыз ету;
- Жұмыс жүргізу үшін құрылыс алаңын дайындау;

- Дайындық технологиялық операциялар;
- Қолданылатын материалдарға құжаттарды беру, жарамдылығы мен сапасын анықтау үшін жұмыс басында негізгі материалдар мен жиынтықтарының үлгілері;
- Негізгі жұмыстар;
- Құрылыс кезінде, құрылыс аяқталғаннан кейін құрылыс алаңын жүйелі түрде тазалау, материал қалдықтарын шығару;
- Жұмыстың орындалуына құжаттарды беру ;
- Жөндеу жұмысы мен пайдалану бойынша құжаттарды беру;
- Кепілді және кепілдікпен кейінгі қызмет етуге құжаттарды беру.

#### *Жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар*

Жұмыс басында мердігер жобалық құжаттармен, осы талаптармен, құрылыс алаңымен, қажеттілігі болса, өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, жобалық құжаттарға, сызбалар мен спецификациясына басты жобалаушымен өзгерістерді келісе отырып, толықтырулар енгізуі қажет.

Мердігер жұмысты орындауға қажетті лицензиясы мен мемлекеттік органдардан рұқсаты болуы тиіс және жұмысты сапалы орындау үшін білікті мамандарға ие болуы тиіс.

Мердігер өз қызметкерлерінің ішінен құрылыс алаңында үнемі болатын еңбекті қорғау ережелерін, өрт қауіпсіздігі нормалары мен өндірістік санитария ережелерін сақтай отырып, жұмысты орындауға жауапты адамды тағайындайды.

## **5.4 Инженерлі қондырғылар, желілері мен жүйелері**

### **5.4.1 Сумен қамтамасыз ету мен канализация бойынша шешімдер**

Жобаның осы бөлімі, технологиялық тапсырма, механико – технологиялық және сәулет – құрылыс сызбалары негізінде жасалған сумен қамтамасыз ету мен канализация бойынша концептуалды жобалық шешімдерді ұсынады. Жобаның бөлімі келесі нормативті құжаттар негізінде нормалар, ережелер мен стандарттар талаптарына сәйкес жасалған:

- ҚР СНИП 4.01-41-2006 «Ішкі су құбыры мен ғимараттың канализациясы»;
  - ҚР СНИП 4.01-02-2001 «Сумен қамтамасыз ету. Сыртқы желілер»;
  - СНИП 2.04.03-85 «Канализация. Сыртқы желілер».
- Су құбыры мен канализацияның келесі жүйелері қарастырылған:
- Біріккен өндірістік – ас суы мен өртке қарсы су құбыры (В1);
  - Ыстық сумен қамтамасыз ету желісі (Т3, Т4);
  - Тұрмыстық канализация желісі (К1);
  - Өндірістік канализация желісі (К3).

Біріккен өндірістік – ас суы және өртке қарсы сумен қамтамасыз ету көзіне су құбырының сыртқы желісі жатады.

Сыртқы су құбыры желісінде өрт гидранттарының қондырғысы қарастырылған.

Шаруашылық – ас суы және өндірістік қажеттіліктер үшін ыстық суды дайындауда жеке қазандық қарастырылған.

Жобалық корпустардан тұрмыстық қалдық суларды шығару жобаланған канализацияның сыртқы желісінде қарастырылған.

Ластанған өндірістік қалдық сулар қалдықтарды тазалау бөлмелеріне тазалауға бағытталады содан кейін канализацияның ішкі желілері бойынша тұрмыстық канализацияның сыртқы желісіне шығарылады.

Берілген құжаттағы техникалық шешімдер болжамалы және жобалаудың келесі кезеңдерінде нақтылануы мүмкін.

#### **Сумен қамтамасыз ету**

Біріккен өндірістік – ас суы және өртке қарсы су құбыры.

Шаруашылық – ас суы және өндірістік қажеттіліктерге судың есепті шығыны әкімшілік – зертханалық корпуста 1,531 м<sup>3</sup>/сағ, 4,583 м<sup>3</sup>/тәу, оның ішінде 0,62 м<sup>3</sup>/сағ, 1,392 м<sup>3</sup>/тәу - ыстық сумен қамтамасыз етуге. Шаруашылық – ас суы қажеттіліктеріне су шығыны 1,161 м<sup>3</sup>/сағ, 2,713 м<sup>3</sup>/тәу, оның ішінде 0,54 м<sup>3</sup>/сағ, 1,232 м<sup>3</sup>/тәу - ыстық сумен қамтамасыз етілуге. Өндірістік қажеттіліктерге су шығыны 0,37 м<sup>3</sup>/сағ, 1,87 м<sup>3</sup>/тәу, оның ішінде 0,08 м<sup>3</sup>/сағ, 0,16 м<sup>3</sup>/тәу – ыстық сумен қамтамасыз етілуге.

Өндірістік корпустың шаруашылық – ас суы мен технологиялық қажеттіліктеріне судың есепті шығыны 4,662 м<sup>3</sup>/сағ, 24,412 м<sup>3</sup>/тәу, оның ішінде 1,686 м<sup>3</sup>/сағ, 2,754 м<sup>3</sup>/тәу – ыстық сумен қамтамасыз етуге. Шаруашылық – ас суы қажеттіліктеріне су шығыны 2,852 м<sup>3</sup>/сағ, 6,742 м<sup>3</sup>/тәу, оның ішінде 1,316 м<sup>3</sup>/сағ, 2,004 м<sup>3</sup>/тәу – ыстық сумен қамтамасыз етуге. Өндірістік қажеттіліктерге су шығыны 1,81 м<sup>3</sup>/сағ, 17,67 м<sup>3</sup>/тәу, оның ішінде 0,37 м<sup>3</sup>/сағ, 0,75 м<sup>3</sup>/тәу – ыстық сумен қамтамасыз етуге. +

Әкімшілік-зертханалық корпустың суды тұтыну есебі Қосымша О, өндірістік корпустікі – Қосымша Ө.

Әкімшілік-зертханалық және өндірістік корпус тұтынушыларының шаруашылық – ас суы қажеттіліктеріне суды шығындау нормасы 3 ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006 қосымшасына сәйкес қабылданды.

Жобаланған ғимараттың әкімшілік-зертханалық және өндірістік корпустарында екі су құбырын енгізу Ø100мм қарастырылған, ауыр түрлі қысымды полиэтилен су құбырлары ГОСТ 18599-83 әрбір корпусқа (п.4.2.4 ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006).

Біріккен өндірістік – ас суы және өртке қарсы су құбырының енгізілген жерлерінде су өлшегіш құралдар енгізу қарастырылған (п.5.18 ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006).

Әрбір корпус периметрі бойынша суаратын крандар Ø25мм қарастырылған.

Шаруашылық – ас суы қажеттіліктеріне қажетті қысым 0,35-0,40МПа құрайды.

Салқын сумен қамтамасыз етудің ішкі су құбыры, санприборлар мен технологиялық қондырғыларға су беру үшін диаметрі 50x6,9 – 20x2,8 полипропилен құбырлар қарастырылған. Салқын су құбырларын жүргізу

калыңдығы 9 мм эластикалық каучукты жылу окшаулағышта K-FLEX ST қарастырылған, бұл конденсаттың пайда болуының алдын алады.

Ішкі өртті сөндіру үшін бастапқы деректер:

- Әкімшілік – зертханалық корпус көлемі 8100 м<sup>3</sup>;
- Өндірістік корпус көлемі 36864 м<sup>3</sup>;
- Жобаланған корпустың отқа тұрақтылығы деңгейі;
- Өрт қауіпсіздігі бойынша жобаланған корпус санаты – В.

Ішкі өртті сөндіру үшін судың шығыны 10л/с (2 ағым 5л/с әрбірі), 2 кестеге сәйкес, ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006.

Әкімшілік – зертханалық және өндірістік корпустың ішкі өртін сөндіру кезінде қалыпты жұмысты қамтамасыз ету үшін екі су құбырын енгізу жоба бойынша қарастырылған (п.4.2.4 ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006).

Ішкі өртті сөндіру үшін диаметрі 65 мм өрт сөндіру крандары қарастырылған әрбірі 5 л/с су ағымымен.

Әрбір өрт сөндіру краны диаметрі 66 мм, ұзындығы 20м және өрт сөндіру түтігінің диаметрі 19 мм өрт сөндіру шлангысымен жинақталған.

Өрт сөндіру шкафтарында екі қол өрт сөндіргіш орналасқан. Өрт сөндіру крандары еденнен 1,35 м орналасады, желдену үшін тесігі бар және бүтіндігін бұзбау визуальды көру мүмкіндігі бар (п.4.3.17, ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006).

Біріккен су құбырының ішкі магистральды желілері болатты электро қосылған құбырлардан жасалған ГОСТ 10704-91 Ø108x4,0 – Ø76x3,5мм (п.5.1 ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006).

Ішкі өрт сөндіру жүйесінің құбырларын бекіту 5.908-1 сериясы бойынша қарастырылған. Барлық болаттан жасалған құбырлар мен арматураны майлы бояумен 2 рет грунт қабаты бойынша бояйды ГФ-021.

Өрт сөндіру крандарының жұмыс уақыты 3 сағат (п.4.3.14, ҚР ПҰАЖ 4.01-41-2006).

Сыртқы су құбыры желісі полиэтиленді қысымды құбырлармен қарастырылған ГОСТ 18599-91.

*Ыстық сумен қамтамасыз ету*

Есепті сомалы ыстық су шығыны:

– Әкімшілік-зертханалық корпус бойынша: 0,62 м<sup>3</sup>/сағ, 1,392 м<sup>3</sup>/тәу (Қосымша О);

– Өндірістік корпус бойынша: 1,686 м<sup>3</sup>/сағ, 2,754 м<sup>3</sup>/тәу (Қосымша Ө).

Ыстық суды дайындау көзіне жеке тұрған қазандық жатады.

Ыстық тура және кері сумен қамтамасыз етудің корпустағы ішкі желісі қысымы төмен полипропилен құбырларынан жасалған ГОСТ 18599-83.

Ыстық сумен қамтамасыз етудің магистральдарын жүргізу жылу окшаулауды қарастырады. Жылу окшаулау түрі қалыңдығы 13 мм K-FLEX ST.

### **Канализация**

Бөлім «Канализация. Сыртқы желілер» СНиП 2.04.03-84 талаптарын ескере отырып, жобалау мен технологиялық тапсырма негізінде жасалған. Ішкі тұрмыстық және өндірістік канализация желілерінің монтажы қарастырылған.

### *Тұрмыстық және өндірістік канализация желілері*

Әрбір корпусың қалдық суларының сомалы көлемі:

– Әкімшілік – зертханалық корпус бойынша : 1,531 м<sup>3</sup>/сағ, 4,583 м<sup>3</sup>/тәу (Л Қосымшасын кара);

– Өндірістік корпус бойынша: 4,622 м<sup>3</sup>/сағ, 23,812 м<sup>3</sup>/тәу (М Қосымшасын кара).

Корпустағы санитарлы бөлмелерден, душтың қалдық сулары және технологиялық қондырғылардан шыққан ластанбаған қалдық сулар өзінің ағымымен ішкі тұрмыстық канализация жүйесімен канализацияның сыртқы желісіне шығарылады.

Өндірістік корпустағы технологиялық қондырғылардың қалдық сулары қосымша тазартуды талап ететін қалдық сулар сыртқы канализация желісіне шығарудан бұрын – 4,000м орналасқан №01 қалдық суларды тазарту бөлмесіне бағытталады. Тазартылғаннан кейін қалдық сулар насостың көмегімен сыртқы тұрмыстық канализацияға шығарылды.

Корпустағы тұрмыстық канализацияның ішкі желісі Ø50- Ø110мм поливинилхлорид канализациялық құбырларынан қарастырылған.

Ішкі канализация желісінде тексеру мен тазарту қондырғылары қарастырылған.

Желі вентиляциясы жабындыдан 0,5 м жоғары деңгейде шығарылған вентиляциялық түтік арқылы қарастырылған.

Басқыштар жүргізілген орындарды цементті ерітінділермен жауып рулонды гидроизоляциялық материалмен қаптайды.

#### *Жаңбыр канализациясы желісі*

Жаңбыр канализациясы желісі қарастырылмаған. Жаңбыр мен қалдық сулар ашық жерге сіңеді.

#### **Коррозиядан қорғау**

Өртке қарсы сумен қамтамасыз етудің ішкі желісі құбырларының антикоррозиялық жабындысы ГФ – 020 грунтоткасы бойынша екі реттен БТ – 1 аралас бояумен қарастырылған.

#### **Энергия үнемдеу**

Судың минималды шығынын қамтамасыз ету үшін, су құбырының енгізілген жерлеріне су есептегішін қою жоба бойынша қарастырылған.

Ыстық және циркуляциялық сумен қамтамасыз ету құбырларда жылудың минималды шығынын қамтамасыз ету үшін құбырлардың жылу изоляциясын қамтамасыз ететін, заманауи жылу изоляциялық материал қарастырылған.

#### **5.4.2 Вентиляция, жылыту мен ауаны кондиционерлеу**

Жылыту, вентиляция және ауаны кондиционерлеу бойынша техникалық шешімді жасаудың негізі болды:

- Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасы ;
- Сәулетті – құрылыс сызбалары ;
- Технологтар тапсырмасы.



Концептуалды жоба келесі нормалар, ережелер мен нұсқауларға сәйкес жасалған:

1. ҚР СНИП 4.02-42-2006 – «Жылыту, вентиляция және кондиционерлеу»;
  2. ҚР СНИП 2.02-05-2009 – «Ғимараттар мен құрылымдардың өрт қауіпсіздігі»;
  3. ҚР СНИП 2.02-20-2006, ҚР СНИП құралы 2.02-05-2002 – «Ғимараттар мен құрылымдардың өрт қауіпсіздігі»;
  4. ҚР СН 2.04-21-2004 – «Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы мен жылулық қорғанысы»;
  5. ҚР СНИП 2.04-01-2010 – «Құрылысты климатология»;
  6. СНИП 2.11.01-85 – «Қойма ғимараттары»;
  7. ҚР СНИП 3.02-04-2002 – «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар»;
  8. ҚР СТ 1617-2006 – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Стандарты. Дәрілік құралдар өндірісі. Тиісті өндірістік тәжірибе. Негізгі ережелер»;
  9. ПУЭ-2003 – «Электроқондырғыларды орнату ережелері- 2003 жыл»;
  10. ISO 14644-1:2009 – Таза бөлмелер мен оларға байланысты бақыланатын орта. Бөлім 1. Ауа тазалығының жіктелуі;
  11. ISO 14644-4:2012 – Таза бөлмелер мен оларға байланысты бақыланатын орта. Бөлім 4. Жобалау, құрылысы мен пайдалануы;
  12. «Таза бөлмелер» – А.Е. Федотова ред., АСИНКОМ, 2003 ж., Мәскеу.
- Қазақстан Республикасы Шымкент қаласы үшін сыртқы ауаның есепті параметрлері:

Жылы кезеңде:

$t = +33,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ ;

$\varphi = 21\%$ ;

Суық кезеңде:

$t = -17,0\text{ }^{\circ}\text{C}$ ;

$\varphi = 67\%$ ;

ауа ортасының параметрі технологиялық талаптарға сәйкес қабылданған:

- Таза өндіріс бөлмелерінде жұмысшы зона температурасы  $(21 \pm 2)^{\circ}\text{C}$  (жазғы және қысқы кезеңде);
- Кеңсе және зертханада жұмысшы зона температурасы  $(21 \pm 2)^{\circ}\text{C}$  (жазғы және қысқы кезеңде);
- Қойма бөлмелеріндегі жұмысшы зона температурасы  $(22 \pm 3)^{\circ}\text{C}$  (жазғы кезеңде);
- Қойма бөлмелеріндегі жұмысшы зона температурасы  $(18 \pm 3)^{\circ}\text{C}$  (қысқы кезеңде);
- Өндірістік бөлмедегі салыстырмалы ауа ылғалдылығы  $(50 \pm 10)\%$ , қойма бөлмелерінде  $\leq (65 \pm 5)\%$ .

Бөлме тазалығының кластары, статикалық қысымы, өрт қауіпсіздігі санаты, ауданы, және де ауа параметрлері ауа алмасу кестесінде көрсетілген (Қосымша П).

Ауа алмасу есебі VDI 2083 стандартына сәйкес жүргізіледі ISO 14644-1, бойынша жіктеледі СНиП РК 4.02-42-2006.

### **Вентиляция, кондиционерлеу мен жылыту бойынша негізгі жобалық шешімдер**

*Әкімшілік – зертханалық және өндірістік корпусы жылыту*

Жылыту бөлімін жасау кезінде сыртқы ауаның есепті температурасы климатологиялық деректерге сәйкес (-17°C) болды.

Суық кезеңде жылу тасымалдағыш ретінде есепті параметрі 80/60°C болатын ыстық су қолданылды.

Сумен жылыту жүйесі екі құбырлы түрінде жобаланған. Жылыту приборлары ретінде шеткі қосылуымен болаттан жасалған радиаторлар қолданылады.

Магистральды құбырлар мен радиаторға кеткен бұтақтары болаттан жасалған құбырлармен жобаланған. Жылыту жүйесінің құбырлары 2 мм 1 мм – ге жылу тасымалдағыш жағына қарай жүргізілген.

Жылыту жүйесінен ауаны шығару автоматты ауаны шығару жүйесімен жүзеге асырылады, олар үлестіру коллекторларында орналасқан.

«D» тазалығы класының өндірістік бөлмелерінде ауамен жылыту қарастырылған. Бөлмеге ауа жоғарғы зонадан келеді және төменгі зона арқылы шығарылады.

Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі СН РК 2.04-21-2004\* 4 кестесі «Азаматтың ғимараттардың энергия тұтынуы мен жылу қорғауы», бойынша жасалған, жылу берудің минималды нормативті қарсыласуы құрайды:

– Ғимараттың сыртқы қабырғалары үшін жылу берудің нормативті қарсыласуы  $R_{т.норм} = 2,0 \text{ м}^2 \cdot \text{°C}/\text{Вт}$ ;

– Бірлескен жабынды мен шатыр жабындысының нормативті қарсыласуы  $R_{т.норм} = 2,7 \text{ м}^2 \cdot \text{°C}/\text{Вт}$ ;

– Жарық қуыстарын толтыру үшін нормативті қарсыласуы  $R_{т.норм} = 0,35 \text{ м}^2 \cdot \text{°C}/\text{Вт}$ .

Жылу технологиялық есеп нәтижелері бойынша жылытуға кеткен жылу шығыны құрайды:

– Әкімшілік – зертханалық корпус – 111,2 кВт/ч;

– Өндірістік корпус – 223,2 кВт/ч.

*Әкімшілік – зертханалық корпусының вентиляциясы мен кондиционерлеуі*

Ауаның талап етілген технологиялық параметрлерін қамтамасыз ету үшін әкімшілік – зертханалық корпуста, ауаны рециркуляциялайтын бір ауаны сору қондырғысы және ауаны рекуперациялайтын екі ауаны сору қондырғылары және де, жергілікті сорғылардың вентиляторлары қойылған.

PR10 қондырғысы (ауаны рециркуляциялайды) бірінші қабаттың әкімшілік, тұрмыстық және еншілес бөлмелерінде қызмет етеді. Берілген қондырғы ауаны тазартуды, жылыту мен салқындатуды қамтамасыз етеді. PR10 қондырғысы №305 ғимараттың венткамерасында үшінші қабатында орналасқан.

ПВ11 қондырғысы (ауаны рекуперациялайтын) екінші кабатта орналасқан химико – аналитикалық зертханаға қызмет етеді. Бұл қондырғы жылдың жазғы кезеңінде ауаны тазартады, салқындатады, жылытып ылғалдылығын бақылайды. ПВ11 қондырғысы №305 ғимараттың венткамерасында үшінші қабатында орналасқан

ПВ12 қондырғысы (ауаны рекуперациялайтын) екінші кабатта орналасқан микробиологиялық зертханада қызмет етеді. Бұл қондырғы жылдың жазғы кезеңінде ауаны тазартады, салқындатады, жылытып ылғалдылығын бақылайды. ПВ12 қондырғысы №306 ғимараттың венткамерасында үшінші қабатында орналасқан

Ауаның есепті параметрлерін сақтау мен конденсаттың түзілуін болдырмау мақсатында барлық қондырғылар «Isover» » (немесе Қазақстан Республикасында сертифицирталған, жылу өткізгіштік коэффициенті ұқсас жылу изоляциялық материалмен ) минералды мақтасымен оқшауланады.

«D» тазалық класы бөлмелеріне ауаны беру алдында НЕРА-фильтрлері орнатылады (бөлменің аспа төбелерінде финишті фильтрлер) тазарту класы H11.

Жіңішке тазарту фильтрлері өндіруші зауыт деректеріне сәйкес сепараторлы конструкцияға ие. Фильтрдің сүзгіш материалдары ультра және микро жіңішке шыны талшықтары негізінде жасалған. Фильтр паспортына сәйкес фильтрді алмастыру бастапқыға қарағанда ауа ағымының кедергісі 2,8 еседен жоғары болғанда жүргізіледі.

Таза бөлмелерде ауа кедергісінің өзгерістері кезінде ауаның тұрақты шығынын ұстап тұру үшін «TROX» ауа шығынын реттейтін регулятор жобаланған. Ауа бөлменің жоғарғы ағынан кіреді, төменгі жағынан шығып кетеді.

Жіктелмеген ғимараттарда ауаның кіруі де шығуы да жоғарғы зонадан жүзеге асырылады. Ауаның көлемін реттеу үшін әрбір бұтағында дроссель – клапан қойылған.

Жылдың суық және жылы кезеңінде жылу тасымалдағыш ретінде есепті параметрі 80/60°C болатын ыстық су қолданылады.

Жылумен камтамасыз ету жүйесі K-Flex жылу изоляциялық материалымен қапталған, болаттан жасалған су, газ құбырлары жобаланған. Ауаның есепті параметрлерін сақтау мен конденсаттың түзілуін болдырмау мақсатында барлық қондырғылар «Isover» (немесе Қазақстан Республикасында сертифицирталған, жылу өткізгіштік коэффициенті ұқсас жылу изоляциялық материалмен) минералды мақтасымен оқшауланады.

Жылдың жылу кезінде ауаны салқындату, №307 техникалық ғимаратта орналасқан ККБ10-ККБ12 компрессорлы – конденсаторлы блок көмегімен жүзеге асырылады. Компрессорлы – конденсаторлы блок R407C және R410A фреонында жұмыс істейді.

Тұрмыстық ғимараттан, санитарлы бөлмеден және технологиялық қондырғылардан ауаны шығару В26-В41 жергілікті сорғылардың вентиляторлары көмегімен жүзеге асырылады.

Әкімшілік – зертханалық корпусстың жылыту, вентиляция және кондиционерлеу бойынша негізгі сағаттық көрсеткіштер 30 кестеде көрсетілген.

Вентиляциялық қондырғының электрлі қуаттылығы:

– Вентиляцияға – 29,81 кВт;

– Салқындатуға – 33,1 кВт.

*Өндірістік корпусстың вентиляциясы мен кондиционерлеу*

Ауаның талап етілген технологиялық параметрін қамтамасыз ету үшін өндірістік және қойма бөлмелерінде концептуалды жобамен тоғыз ауаны сору қондырғысы мен жергілікті сорғының вентиляторы қарастырылған (Кесте 21).

Кесте 21 – Әкімшілік-зертханалық корпуссты жылыту, вентиляциялау мен кондиционерлеу бойынша негізгі сағатты көрсеткіштері

| Нысанның атауы                 | Ауданы м2 | Жыл мерзімі t нар, °С | Жылу шығыны, кВт/ч / ккал/ч |                   |                 |                   | Суық шығыны кВт | Бу шығыны кг/ч |
|--------------------------------|-----------|-----------------------|-----------------------------|-------------------|-----------------|-------------------|-----------------|----------------|
|                                |           |                       | Жылыту                      | Вентиляция        | ГВС             | Барлығы           |                 |                |
| Әкімшілік – зертханалық корпус | 1779,4    | Суық -17,0            | 111,2/<br>95 632            | 143,1/<br>123 066 | 36,3/<br>31 218 | 290,6/<br>249 916 | -               | -              |
|                                |           | Жылы +33,0            | -                           | 34,6/<br>29 756   | 36,3/<br>31 218 | 70,9/<br>60 974   | 95,2            | -              |

ПР1, ПР2 және ПР9 қондырғылары (ауаны рециркуляциялайды) тұрмыстық, қойма және көмекші бөлмелерді қамтамасыз етеді. Бұл қондырғы жылдың жазғы кезеңінде ауаны тазартады, салқындатады, жылытып ылғалдылығын бақылайды. ПР1 және ПР2 №201 венткамера ғимаратында, ПР9 №202 венткамерада орналасқан.

ПВ3 - ПВ4 қондырғылары (ауа рекуперациясымен) ісікке қарсы препараттар өндірісіне қызмет етеді. Вентиляциялық агрегаттар ауаны тазартады, жылытады, салқындатады және ауа ылғалдылығын қамтамасыз етіп, №203 венткамерада орналасады.

ПВ5 - ПВ8 қондырғылары (ауа рекуперациясымен) жалпы тағайындалатын қатты дәрілік препараттар бөлігін қамтамасыз етеді. Вентиляциялық агрегаттар ауаны тазартады, жылытады, салқындатады және ауа ылғалдылығын қамтамасыз етіп, №201 венткамерада орналасады.

Ауаның есепті параметрлерін сақтау мен конденсаттың түзілуін болдырмау мақсатында барлық қондырғылар «Isoverg» (немесе Қазақстан Республикасында сертификатталған, жылу өткізгіштік коэффициенті ұқсас жылу изоляциялық материалмен) минералды мақтасымен оқшауланады.

«D» тазалық класы бөлмелеріне ауаны беру алдында HEPA-фильтрлері орнатылады (бөлменің аспа төбелерінде финишті фильтрлер) тазарту класы H11.

Жіңішке тазарту фильтрлері өндіруші зауыт деректеріне сәйкес сепараторлы конструкцияға ие. Фильтрдің сүзгіш материалдары ультра және микро жіңішке шыны талшықтары негізінде жасалған. Фильтр паспортына

сәйкес фильтрді алмастыру бастапқыға қарағанда ауа ағымының кедергісі 2,8 еседен жоғары болғанда жүргізіледі.

Таза бөлмелерде ауа кедергісінің өзгерістері кезінде ауаның тұрақты шығынын ұстап тұру үшін «TROX» ауа шығынын реттейтін регулятор жобаланған. Ауа бөлменің жоғарғы ағынан кіреді, төменгі жағынан шығып кетеді.

Жіктелмеген ғимараттарда ауаның кіруі де шығуы да жоғарғы зонадан жүзеге асырылады. Ауаның көлемін реттеу үшін әрбір бұтағында дроссель – клапан қойылған.

Жылдың суық және жылы кезеңінде жылу тасымалдағыш ретінде есепті параметрі 80/60°C болатын ыстық су қолданылады.

Жылумен қамтамасыз ету жүйесі K-Flex (немесе Қазақстан Республикасында сертификатталған, жылу өткізгіштік коэффициенті ұқсас жылу изоляциялық материалмен) жылу изоляциялық материалымен қапталған, болаттан жасалған су, газ құбырлары жобаланған. Жылдың жылу кезінде ауаны салқындату, техникалық ғимаратта орналасқан ККБ10-ККБ12 компрессорлы – конденсаторлы блок көмегімен жүзеге асырылады. Компрессорлы – конденсаторлы блок R407C және R410A фреонында жұмыс істейді.

Ауаның талап етілген параметрін тәулік бойына жыл бойына қамтамасыз ету үшін жоба бойынша бөлмелерде ПВ3 және ПВ4, ПВ5 және ПВ6 жүйелерімен ауаны резервтеу, және де ПВ7 және ПВ 8 ауа жүру жүйелері арасында бөгет орнату есебінен ауаны резервілеу қарастырылған.

Тұрмыстық ғимараттан, санитарлы бөлмеден және технологиялық қондырғылардан ауаны шығару В13-В25 жергілікті сорғылардың вентиляторлары көмегімен жүзеге асырылады.

Әкімшілік – зертханалық корпусын жылыту, вентиляция және кондиционерлеу бойынша негізгі сағаттық көрсеткіштер 22 кестеде көрсетілген.

Кесте 22 – Әкімшілік-зертханалық корпусы және өндірістік корпусы жылыту, вентиляциялау мен кондиционерлеу жүйелері бойынша негізгі сағатты көрсеткіштері

| Нысанның атауы    | Ауданы м2 | Жыл мерзімі t нар, °C | Жылу шығыны, кВт/ч / ккал/ч |                   |                 |                   | Суық шығыны кВт | Бу шығыны кг/ч |
